

www.keu.kz

№ 3 (66) 2022

ISSN 1998-7862

**ҚЭУ ЖАРШЫСЫ:
ЭКОНОМИКА, ФИЛОСОФИЯ,
ПЕДАГОГИКА, ЮРИСПРУДЕНЦИЯ**

ЖУРНАЛЫ

ЖУРНАЛ

**ВЕСТНИК ҚЭУ:
ЭКОНОМИКА, ФИЛОСОФИЯ,
ПЕДАГОГИКА, ЮРИСПРУДЕНЦИЯ**

JOURNAL

**BULLETIN OF KEU:
ECONOMY, PHILOSOPHY,
PEDAGOGICS, JURISPRUDENCE**

Қарағанды 2022

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Аймагамбетов Е. Б. [Yerkara Aimagambetov], доктор экономических наук, профессор, [экономика], Карагандинский университет Казпотребсоюза (Казахстан), председатель;

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА

Накипова Г. Н. [Gulmira Nakipova], доктор экономических наук, профессор, [экономика], Карагандинский университет Казпотребсоюза (Казахстан);

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Мануэль Фернандез-Грела [Manuel Fernandez-Grela], доктор PhD, [экономика], Университет Сантьяго де Компостела (Испания);

Владимиров Желю [Zhelyu Vladimirov], PhD, [экономика], профессор факультета экономики и бизнес-администрирования Софийского университета им. К. Охридского (Болгария);

Абрамов Р. А. [Ruslan Abramov], доктор экономических наук, профессор, [экономика], заведующий кафедрой государственного и муниципального управления Российского экономического университета им. Г. В. Плеханова (Россия);

Алимбаев А. А. [Abilda Alimbaev], доктор экономических наук, профессор, [экономика], НИИ регионального развития (Казахстан);

Азаров В. А. [Vladimir Azarov], доктор юридических наук, профессор, [юриспруденция], Омское региональное отделение Российской академии юридических наук (Россия);

Бакишев К. А. [Kairat Bakishev], доктор юридических наук, профессор, [юриспруденция], НИИ Экономических и правовых исследований, Карагандинский университет Казпотребсоюза (Казахстан);

Байтенова Н. Ж. [Nagima Baitenova], доктор философских наук, профессор, [философия], Казахский национальный университет им. Аль-Фараби (Казахстан);

Жанакоева Н. Н. [Nazgul Zhanakoeva], кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, [экономика], старший эксперт центра экономических исследований и прогнозирования АО «Институт экономических исследований» (Казахстан);

Игнатюк А. И. [Anzhela Ignatyuk], доктор экономических наук, профессор, [экономика], профессор кафедры экономической теории, макро- и микроэкономики Киевского национального университета им. Тараса Шевченко (Украина);

Мишжанов Н. А. [Nurlan Minzhanov], доктор педагогических наук, профессор, [педагогика], Карагандинский университет Казпотребсоюза (Казахстан);

Муликова С. А. [Saltanat Mulikova], доктор педагогических наук, профессор, [педагогика], Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова (Казахстан);

Панзабекова А. Ж. [Aksana Panzabekova], кандидат экономических наук, доцент, [экономика], главный научный сотрудник Института экономики КН МОН РК (Казахстан);

Сихимбаев М. Р. [Muratbay Sikhimbaev], доктор экономических наук, профессор, [экономика], Карагандинский университет Казпотребсоюза (Казахстан);

Татарян В. Г. [Vladlen Tataryan], доктор юридических наук, профессор, [юриспруденция], Московский университет МВД России им. В. Я. Кикотя (Россия);

Тургель И. Д. [Irina Turgel], профессор, доктор экономических наук, [экономика], директор (начальник) подразделения, Школа экономики и менеджмента, заведующий кафедрой теории, методологии и правового обеспечения государственного и муниципального управления (Россия);

Ханов Т. А. [Talgat Khanov], доктор юридических наук, доцент, [юриспруденция], Карагандинский университет Казпотребсоюза (Казахстан);

ҚЭУ Жаршысы
Ғылыми басылым

Вестник КЭУ
Научное издание

Bulletin of KEU
Scientific publication

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации
и общественного согласия Республики Казахстан.

Свидетельство № 3672-Ж от 11 марта 2003 года.

Подписной индекс: 74106
Учредитель: Карагандинский университет Казпотребсоюза

Год основания журнала — 2003.

Периодичность издания — 4 номера в год.
Языки публикаций: казахский, русский, английский.

Ответственность за аутентичность и точность приводимых в статьях цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение законодательства о защите интеллектуальной собственности несут авторы публикуемых статей.

МАЗМҰНЫ

ЭКОНОМИКА • ECONOMY

- Бақыт Ботпаева, Назар Улаков, Алтынай Аубакирова, Айгүл Қадырова*
АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПкерлік
СУБЪЕКТТЕРІНІҢ КӘСІПкерлік БЕЛСЕНДІЛІГІН ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ..... 10
- Гүлмира Есенова, Жанар Дәулетханова, Мұрат Нұрзабылов, Гүлмира Рахимова*
ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ... 18
- Айдын Кернебаев, Айжан Шохабаева*
ҚАЗАҚСТАНДА ТЕМІР ЖОЛ САЛАСЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫН ДАМУЫ 29
- Азиза Кошекoва, Шынар Оразғалиева*
ЖЕЛІЛІК ТРЕНДТІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП БОЛЖАМДАУ 35
- Анна Легостаева, Балдырған Джазықбаева*
ӘЛЕУМЕТТІК ТИПТЕГІ ҰЙЫМДАРДЫ БАСҚАРУ (ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҮЛГІСІ БОЙЫНША) 39
- Карина Невматулина, Батырхан Жүкенов*
ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ДАМУЫДЫҢ
БАСЫМ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ БИДАЙ ӨНІМІН АРТТЫРУ 46
- Ерлан Тюлюпов, Назар Улаков, Алтынай Аубакирова*
ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДАН ТҮСКЕН КІРІСТЕРДІ ЖЫЛЫСТАУДАҒЫ
ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПТЕРДЕН ҚОРҒАУ 51

ФИЛОСОФИЯ • PHILOSOPHY

- Әсел Никамбекова*
ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ЭКЗИСТЕНЦИАЛДЫ СҰРАҚТАРЫ..... 58

ПЕДАГОГИКА • PEDAGOGY

- Мадина Абдақимова, Наталья Гроссул, Асет Абдақимов*
ОҚЫТУШЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІ
МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША 63
- Рүстем Абдрахманов, Болат Сарсембаев, Манетай Бәделхан*
ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДАҒЫ БАС ӘРІП ЕМЛЕСІ 68
- Баян Алимoва, Азиза Кошекoва, Ләззәтжан Мустафина*
УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕ ЖОҒАРЫ МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫ
ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТТЕРІ..... 72
- Сандуғаш Ахметова*
«ЖОҒАРЫ МАТЕМАТИКА» КУРСЫН ОҚЫТУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР
МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫ..... 75
- Нурлан Минжанов, Гаухар Минжанова*
БОЛАШАҚ ТЕРГЕУШІНІҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ 80
- Гүлчехра Сидикова, Азиза Ержуманова*
TED-КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУ 86
- ### ҚҰҚЫҚТАНУ • ЮРИСПРУДЕНЦИЯ • JURISPRUDENCE
- Гүлмира Әлменбетова, Владилен Татарян*
ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІН ЕСКЕРУМЕН ҚАЗІРГІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ 92
- Дастан Есенов, Талғат Сейдығалиев*
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АДАМ ҚҰҚЫҒЫ
МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТТАР..... 95
- Жазира Исақова, Ардақ Сулейменова*
АДВОКАТТЫҢ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДАН ЖАУАП АЛУ ТАКТИКАСЫ..... 99

<i>Гүлдана Қаржасова, Ержан Абиев, Ерлан Касенов</i> ҒАЛАМДЫҚ ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНДЕГІ АЛАЯҚТЫҚ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ТАРИХЫ	104
<i>Ерғали Түзелбаев, Владилен Татарян</i> ЖАЛА ЖАБУ ҮШІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНДА КӨЗДЕЛГЕН ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ	108
<i>Лаура Шошаева</i> АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ДАУЛАРДЫ ҚАРАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	113
АВТОРЛАРҒА АҚПАРАТ	118

СОДЕРЖАНИЕ

ЭКОНОМИКА • ECONOMY

<i>Бахыт БОТПАЕВА, Назар УЛАКОВ, Алтынай АУБАКИРОВА, Айгуль КАДЫРОВА</i> СПЕЦИАЛЬНЫЕ НАЛОГОВЫЕ РЕЖИМЫ — ЭФФЕКТИВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ СТИМУЛИРОВАНИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ АКТИВНОСТИ СУБЪЕКТОВ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	10
<i>Гульмира Есенова, Жанар Дәулетханова, Мурат Нургабылов, Гульмира Рахимова</i> СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ ОРГАНИЗАЦИЙ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ	18
<i>Айдын Кернебаев, Айжан Шохабаева</i> РАЗВИТИЕ ОРГАНИЗАЦИОННО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ОТРАСЛИ В КАЗАХСТАНЕ	29
<i>Азиза Кошекoва, Шынар Оразгалиева</i> ПРОГНОЗИРОВАНИЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЛИНЕЙНОГО ТРЕНДА	35
<i>Анна Легостаева, Балдырган Джазыкбаева</i> УПРАВЛЕНИЕ ОРГАНИЗАЦИЯМИ СОЦИАЛЬНОГО ТИПА (НА ПРИМЕРЕ СИСТЕМЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ)	39
<i>Карина Невматулина, Батырхан Жукенов</i> ПОВЫШЕНИЕ УРОЖАЙНОСТИ ПШЕНИЦЫ КАК ПРИОРИТЕТНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ РАЗВИТИЯ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА КАЗАХСТАНА	46
<i>Ерлан Тюлюпов, Назар Улаков, Алтынай Аубакирова</i> РИСКИ В ОТМЫВАНИИ ДОХОДОВ ОТ ФИНАНСИРОВАНИЯ ТЕРРОРИЗМА И ЗАЩИТА ОТ ГЛОБАЛЬНЫХ УГРОЗ	51
ФИЛОСОФИЯ • PHILOSOPHY	
<i>Асель Никамбекова</i> ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИУЛЫ	58
ПЕДАГОГИКА • PEDAGOGY	
62	
<i>Мадина Абдакимова, Наталья Гроссул, Асет Абдакимов</i> К ВОПРОСУ О ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЯХ И ПЕДАГОГИЧЕСКОМ МАСТЕРСТВЕ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ	63
<i>Рустем Абдрахманов, Болат Сарсембаев, Манетай Баделхан</i> НАПИСАНИЕ ЗАГЛАВНЫХ БУКВ В ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ	68
<i>Баян Алимова, Азиза Кошекoва, Ләззәтжан Мустафина</i> НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ОПТИМИЗАЦИИ ПРЕПОДАВАНИЯ ВЫСШЕЙ МАТЕМАТИКИ В ВУЗЕ	72
<i>Сандугаши Ахметова</i> ПРЕИМУЩЕСТВА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ И ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ КУРСА «ВЫСШАЯ МАТЕМАТИКА»	75
<i>Нурлан Минжанов, Гаухар Минжанова</i> ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВЛЕННОСТЬ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО СЛЕДОВАТЕЛЯ	80
<i>Гулчехра Сидикова, Азиза Ержуманова</i> ПРЕПОДАВАНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С ПРИМЕНЕНИЕМ МАТЕРИАЛОВ TED-КОНФЕРЕНЦИЙ	86
ҚҰҚЫҚТАНУ • ЮРИСПРУДЕНЦИЯ • JURISPRUDENCE	
91	
<i>Гульмира Алменбетова, Владилен Татарян</i> СОВРЕМЕННАЯ ПОЛИЦЕЙСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СКВОЗЬ ПРИЗМУ КАЗАХСТАНСКОГО ОПЫТА	92
<i>Дастан Есенов, Талгат Сейдығалиев</i> НАЦИОНАЛЬНЫЕ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ИНСТИТУТЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ И СВОБОД ЧЕЛОВЕКА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	95
<i>Жазира Искакова, Ардак Сулейменова</i> АДВОКАТСКАЯ ТАКТИКА ПОЛУЧЕНИЯ ОТВЕТОВ ОТ УЧАСТНИКОВ ПРОЦЕССА	99

<i>Гульдана Каржасова, Ержан Абиев, Ерлан Касенов</i> ИСТОРИЯ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА МОШЕННИЧЕСТВО В ГЛОБАЛЬНОЙ СЕТИ ИНТЕРНЕТ	104
<i>Ергали Тузельбаев, Владилен Татарян</i> АДМИНИСТРАТИВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА КЛЕВЕТУ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	108
<i>Лаура Шошаева</i> НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ РАССМОТРЕНИЯ СПОРОВ В СФЕРЕ АВТОРСКОГО ПРАВА.....	113
ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ	119

CONTENTS

ЭКОНОМИКА • ECONOMY

<i>Bakhyt Botpayeva, Nazar Ulakov, Altynai Aubakirova, Aigul Kadyrova</i> SPECIAL TAX REGIME IS AN EFFECTIVE TOOL TO STIMULATE THE ENTREPRENEURIAL ACTIVITY OF SMALL AND MEDIUM BUSINESSES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	10
<i>Gulmira Yessenova, Zhanar Dauletkanova, Murat Nurgabylov, Gulmira Rakhimova</i> IMPROVING THE FINANCIAL REPORTING OF ORGANIZATIONS IN THE CONTEXT OF THE DEVELOPMENT OF THE DIGITAL ECONOMY	19
<i>Aydin Kernebaev, Aizhan Shohabayeva</i> DEVELOPMENT OF ORGANIZATIONAL AND ECONOMIC CONDITIONS OF THE RAILWAY INDUSTRY IN KAZAKHSTAN	29
<i>Aziza Koshekova, Shynar Orazgaliyeva</i> FORECASTING USING LINEAR TREND	35
<i>Anna Legostayeva, Baldyrgan Jazykbayeva</i> MANAGEMENT OF SOCIAL TYPE ORGANIZATIONS (BY THE EXAMPLE OF THE HEALTH CARE SYSTEM).....	39
<i>Karina Nevmatulina, Batyrkhan Zhukenov</i> INCREASING THE YIELD OF WHEAT AS A PRIORITY DIRECTION FOR THE DEVELOPMENT OF THE AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX OF KAZAKHSTAN	46
<i>Yeran Tyulupov, Nazar Ulakov, Altynai Aubakirova</i> RISKS IN LAUNDERING PROCEEDS FROM TERRORIST FINANCING AND PROTECTION FROM GLOBAL THREATS	51

ФИЛОСОФИЯ • PHILOSOPHY

<i>Asel Nikambekova</i> EXISTENTIAL QUESTIONS OF SHAKARIM KUDAYBERDIULY	58
--	----

ПЕДАГОГИКА • PEDAGOGY

<i>Madina Abdakimova, Natalya Grossul, Aset Abdakimov</i> ON THE ISSUE OF PEDAGOGICAL ABILITIES AND PEDAGOGICAL SKILLS OF A TEACHER	63
<i>Rustem Abdrakhmanov, Bolat Sarsembayev, Manetai Badelkhan</i> WRITING CAPITAL LETTERS IN LATIN GRAPHICS	68
<i>Bayan Alimova, Aziza Koshekova, _Тoc123846530Lezzetzhana Mustafina</i> SOME ASPECTS OF OPTIMIZATION ON TEACHING HIGHER MATHEMATICS IN UNIVERSITIES.....	72
<i>Sandugash Akhmetova</i> ADVANTAGES OF INNOVATIVE PEDAGOGICAL METHODS AND TECHNOLOGIES IN TEACHING THE COURSE OF «HIGHER MATHEMATICS»	75
<i>Nurlan Minzhanov, Gauhar Minzhanova</i> PROFESSIONAL AND PEDAGOGICAL READINESS OF THE PERSONALITY OF THE FUTURE INVESTIGATOR.....	80
<i>Gulchekhra Sidikova, Aziza Yerzhumanova</i> USING TED TALKS IN ENGLISH LANGUAGE TEACHING	86

ҚҰҚЫҚТАНУ • ЮРИСПРУДЕНЦИЯ • JURISPRUDENCE

<i>Gulmira Almenbetova, Vladilen Tataryan</i> MODERN POLICE ACTIVITIES THROUGH THE PRISM OF KAZAKHSTAN EXPERIENCE.....	92
<i>Dastan Esenov, Talgat Seidygaliev</i> NATIONAL STATE INSTITUTIONS FOR THE PROTECTION OF HUMAN RIGHTS AND FREEDOMS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	95
<i>Zhazira Iskakova, Ardak Suleymenova</i> LAWYER'S TACTICS OF OBTAINING ANSWERS FROM PARTICIPANTS OF THE PROCESS.....	99
<i>Guldana Karzhasova, Erzhan Abiyev, Yerlan Kasenov</i> THE HISTORY OF CRIMINAL LIABILITY FOR FRAUD ON THE GLOBAL INTERNET	104

<i>Yergali Tuzelbayev, Vladilen Tataryan</i>	
ADMINISTRATIVE LIABILITY FOR SLANDER ON THE BASIS OF THE LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	109
<i>Laura Shoshaeva</i>	
SOME ISSUES OF CONSIDERATION OF DISPUTES IN THE FIELD OF COPYRIGHT.....	113
INSTRUCTIONS TO AUTHORS	120



ЭКОНОМИКА

ECONOMY

Прогнозы по динамике ключевых отраслей экономики на 2022–2026 годы (апрель, 2022 год), %



Бақыт БОТПАЕВА, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті Түсіндіру жұмысы басқармасының басшысы,
100008, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Чкалов көш., 3, bbotpaeva@taxkrg.mgd.kz

Назар УЛАКОВ, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, nazar-123@mail.ru
Алтынай АУБАКИРОВА, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, aubakirova-altynai@mail.ru
Айгүл ҚАДЫРОВА, экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, aigulkadyrovan@mail.ru
(Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті,
100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш., 9)

АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ КӘСІПКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

Аннотация. Аталған мақалада Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қолдануы мүмкін салық салудың арнайы режимдері қарастырылады. Арнайы салық режимдерін талдау негізінде олардың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Сондай-ақ қазіргі кезеңде шағын және орта кәсіпкерлікке салық салу саласындағы негізгі проблемалар мен мүмкін болатын шешімдер сипатталған.

Негізгі сөздер: салық, салық жеңілдіктері, арнайы салық режимдері, салықтық ынталандыру, патент, e-salyq мобильді қосымшасы, жеңілдетілген декларация.

Бақыт БОТПАЕВА, руководитель управления разъяснительной работы
Департамента государственных доходов по Карагандинской области
Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан,
100008, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Чкалова, 3, bbotpaeva@taxkrg.mgd.kz

Назар УЛАКОВ, кандидат экономических наук, доцент, nazar-123@mail.ru
Алтынай АУБАКИРОВА, кандидат экономических наук, доцент, aubakirova-altynai@mail.ru
Айгүль КАДЫРОВА, магистр экономических наук, старший преподаватель, aigulkadyrovan@mail.ru
(Карагандинский университет Казпотребсоюза,
100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9)

СПЕЦИАЛЬНЫЕ НАЛОГОВЫЕ РЕЖИМЫ — ЭФФЕКТИВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ СТИМУЛИРОВАНИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ АКТИВНОСТИ СУБЪЕКТОВ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В данной статье рассматриваются специальные режимы налогообложения, которые могут применяться субъектами малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан. На основе анализа специальных налоговых режимов выявлены их достоинства и недостатки. Также охарактеризованы основные проблемы и возможные пути решения в сфере налогообложения малого и среднего предпринимательства на современном этапе.

Ключевые слова: налог, налоговые льготы, специальные налоговые режимы, налоговое стимулирование, патент, мобильное приложение e-Salyq, упрощенная декларация.

Bakhyt BOTPAEVA, Head of the Explanatory Work Department of the State Revenue Department
for the Karaganda Region of the State Revenue Committee of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan,
100008, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Chkalova st., 3, bbotpaeva@taxkrg.mgd.kz

Nazar ULAKOV, Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, nazar-123@mail.ru
Altynai AUBAKIROVA, Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, aubakirova-altynai@mail.ru
Aigul KADYROVA, Master of Economic Sciences, Senior lecturer, aigulkadyrovan@mail.ru
(Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Academicheskaya st., 9)

SPECIAL TAX REGIME IS AN EFFECTIVE TOOL TO STIMULATE THE ENTREPRENEURIAL ACTIVITY OF SMALL AND MEDIUM BUSINESSES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. This article discusses the special taxation regimes that can be applied by small and medium-sized businesses in the Republic of Kazakhstan. Based on the analysis of special tax regimes, their advantages and disadvantages are revealed. The main problems and possible solutions in the field of taxation of small and medium-sized businesses at the present stage are also characterized.

Keywords: tax, tax benefits, special tax regimes, tax incentives, patent, e-Salyq mobile application, simplified declaration.

Мәселені анықтау. Шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) экономиканың жылдам дамуына, өндіріс тиімділігін арттыруға, шаруашылық стратегиясы мен тактикасының икемділігіне, басқарушылық шешімдерді қабылдау мен іске асырудың жылдамдығы мен сапасына, өндірістің түпкілікті нәтижелері үшін кәсіпкердің құзыреттілігі мен жауапкершілік деңгейін арттыруға ықпал етеді.

ШОК кәсіпорындары бұл тек сауда және қызмет көрсету саласы ғана емес, бұл экономиканың көптеген салаларына, соның ішінде қаржы, ғылыми және өндірістік салаларға қатысатын кәсіпорындар.

Жаһандық трендтердің әсері, Covid-19 пандемиясының жаңа өршуіне қарсы тұру қарқыны және олардың зардаптарынан қалпына келтіру кәсіпкерлікті дамытудың жағдайы мен ерекшеліктерін, сәйкесінше ШОК дамытудың мемлекеттік саясатының басымдықтарын елеулі түрде айқындады.

Кәсіпкер үшін оның бизнесінің көлеміне қарамастан, басқарудың маңызды мәселесі тиімді салық салуды таңдау болып қала берді. Бұл кәсіпкерлік қызметтің тартымдылығын және оны жоспарлау нәтижелеріне деген сенімділікті анықтайтын салықтардың мөлшері мен тәртібі.

Шағын және орта кәсіпкерлік компанияларын салықтық қолдау олардың оңтайлы жұмыс істеуінің негізі болып саналады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде [1] шағын және орта кәсіпкерлік компаниялары қолдануы мүмкін салық салудың арнайы салық режимдері қарастырылады. Еліміздің салық заңнамасында ШОК субъектілерінің экономикалық белсенділігін ынталандырудың осы құралын пайдалануына шектеу қарастырылса, шетелдік тәжірибеде, керісінше, салық мөлшерлемелерін төмендетуді тиімді пайдалануды және салық жеңілдіктерінің басқа құралдарын пайдалану мүмкіндігін алға тартып, ұсынады.

Арнайы салық режимдері экономикаға ынталандырушы ретінде әсер етуі қажет, өйткені олар салық төлеушінің салық жүктемесін төмендетуді көздейді. Оларды қолданудың арқасында елдің салық жүйесінің фискалдық ғана емес, реттеуші функциясы да жүзеге асырылады.

Сол себепті еліміздің салық заңнамасында ШОК субъектілерінің экономикалық белсенділігін арттыру мақсатында шағын және орта бизнестің өсуіне қолайлы жағдай жасау,

яғни оларды салықтық реттеу мен қолдау қазіргі заманғы экономикадағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Зерттеу мақсаты: Салықтық жеңілдіктер беру арқылы салықтық ынталандыру мәселесі мемлекеттік органдарда, ғылыми ортада және баспасөзде бұрыннан зерттеліп келеді. Алайда салықтық ставкалардың көмегімен салықтық ынталандырудың үйлесімді жүйесін құру Қазақстанда әлі де төмен деңгейде.


Атап айтатын болсақ, шағын және орта бизнеске салық салу мәселелері Қазақстан халқының төмен кәсіпкерлік белсенділігінің негізгі себептерінің бірі болып табылады. Табыс салығының ақылға қонымды салық саясаты халықтың әл-ауқатын арттыруға және кәсіпкерлік белсенділігін дамытуға ықпал етуі керек.

Салықтарды жинау және оларды мемлекеттік бюджеттің қажетті көлемінде толықтыру проблемасын шешпей, мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін толыққанды іске асыруға көшу мүмкін емес болып көрінеді.

Еліміздегі шағын және орта субъектілеріне ұсынылған салық салудың жеңілдетілген режимдерін қарастыра отыра, ондағы проблемаларды шешудің мүмкін жолдарын қарастыру, сондай-ақ ұсынылған ұсыныстарды негіздеу үшін дәлелдер келтіру зерттеуіміздің мақсаты болып табылады.

Соңғы зерттеулер мен жарияланымдарды талдау: 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 1 694 672 бірлікке тең тіркелген шағын және орта бизнес кәсіпорындарының 1 431 647 кәсіпорны жұмыс істеп тұр, бұл тіркелген шағын және орта бизнес кәсіпорындарының жалпы санының 84,5 %-ын құрады. Сонымен қатар 2018 – 2021 жылдар аралығындағы тіркелген ШОК кәсіпорындарының жалпы санындағы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны 1 241 328 бірліктен 1 431 647 бірлікке дейін өскен (1-сурет).

Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің құрылымына келсек, кәсіпкерлер қызметінің негізгі үлесін көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу салалары алады, олардың үлесіне 33,2 % тиесілі. Бұдан кейінгі орындар келесі салаларға тиесілі: ауыл, орман және балық шаруашылығы — 18,9 %, өзге де қызмет түрлерін ұсыну — 13,6 %, Көлік және қоймалау — 6,0 %, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар — 6,0 %, құрылыс — 4,8 %, өнеркәсіп — 3,8 %.




Ескерту — Автормен [2] деректері бойынша жасалды

1-сурет — 2018 – 2021 жылдары ҚР тіркелген және жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны, бірлікпен

Жұмыс істеп тұрған ШОК кәсіпорындарының құрылымында соңғы үш жыл ішінде негізгі үлесті жеке кәсіпкерлер алып келеді, олардың орташа үлесі субъектілердің жалпы санының 64 %-ын құрайды. Көрсетілген кезеңде шағын бизнес кәсіпорындарына жұмыс

істеп тұрған ШОК субъектілерінің жалпы санының 19,5 %-ы орта есеппен келеді. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар құрылымындағы ең аз үлес орта бизнес кәсіпорындарына тиесілі, ол орташа есеппен 0,2 %-ды құрайды (2-сурет).



Ескерту — Автормен [2] деректері бойынша жасалды

2-сурет — 2018 – 2021 жылдардағы ҚР ШОК құрылымы, пайызбен

1-кесте — Қазақстан Республикасында 2014 – 2020 жылдардағы белсенді ШОК субъектілерінің негізгі көрсеткіштері

Жылдар	Белсенді ШОК субъектілерінің саны, бірлік			Жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам			Өнім шығарылымы, млн теңге		
	Шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғасы	Жеке кәсіпкерлер	Фермерлік шаруашылықтар	Шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғасы	Жеке кәсіпкерлер	Фермерлік шаруашылықтар	Шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғасы	Жеке кәсіпкерлер	Фермерлік шаруашылықтар
2014	74 829	694 759	152 697	849	1 136	309	8 007 342	972 670	786 084
2015	175 679	882 849	181 154	1 185	1 360	287	10 200 061	1 518 237	904 543
2016	189 637	736 121	177 884	1 249	1 288	276	13 568 530	1 511 733	1 043 755
2017	208 742	747 107	187 527	1 302	1 241	286	16 488 047	1 554 704	1 152 499

Жылдар	Белсенді ШОК субъектілерінің саны, бірлік			Жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам			Өнім шығарылымы, млн теңге		
	Шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғасы	Жеке кәсіпкерлер	Фермерлік шаруашылықтар	Шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғасы	Жеке кәсіпкерлер	Фермерлік шаруашылықтар	Шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғасы	Жеке кәсіпкерлер	Фермерлік шаруашылықтар
2018	231 325	809 115	198 268	1 352	1 315	281	18 272 335	1 764 985	1 317 352
2019	258 365	855 920	213 457	1 408	1 379	297	2 294 7233	1 902 754	1 607 790
2020	280 200	857 910	216 715	1 462	1 354	301	23 401 108	1 729 842	2 033 585
Өсу қарқыны 2020 / 2014	374,5 %	123,5 %	141,9 %	172,2 %	119,2 %	97,1 %	292,2 %	177,8 %	258,7 %

Ескерту — Автормен [2] деректері бойынша жасалды

1–кестеден байқағанымыздай, Қазақстан Республикасындағы ШОК даму серпіні 2014 – 2020 жылдар кезеңінде оң нәтижелерді келесідей көрсеткіштермен көрсетеді:

- ШОК өнімдерін шығару көлемі 2 еседен астам ұлғайды және номиналды мәнде 27,1 трлн теңгеге жеткен;

- ШОК субъектілерінің жалпы саны 47 %-ға өсіп, 1,35 млн субъектіні құраған, жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 36 %-ға өсіп, 3,1 млн адамға жеткен.

- көрсетілген кезеңде ШОК Қазақстан Республикасының ЖІӨ қосқан үлесі 13 трлн теңгеден 23,2 трлн теңгеге жетті (ЖІӨ ШОК үлесі 32,8 %-ға жетті).

Жалпы мәселенің бұрын шешілмеген бөліктерін бөліп көрсету Біздің ойымызша, ШОБ секторын табысты дамуының маңызды аспектісі фискалдық саясат болып табылады, ол кәсіпкерлікті қолдаудың жанама құралы ретінде пайдаланылады.

Шағын бизнес үшін салық ауыртпалығы олардың санының өсуі үшін және олар өз бизнесін көлеңкелі экономикада емес, заңды түрде жүргізуге ұмтылуы үшін салық жүйесінің

бірегейлігі, тұрақтылығы және табыстың бір бөлігін алудың әділ деңгейі қажет.

Жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде тіркелген кезде, егер қолдану критерийлеріне сәйкес келсе, арнайы салық режимдерінің бірін таңдауға болады.

Арнайы салық режимі — бұл салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін белгіленетін және салықтардың жекелеген түрлерін есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін ұсынудың оңайлатылған тәртібін қолдануды көздейтін бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібі.

Арнайы салық режимдері салық жүктемесінің деңгейін төмендету және салық жүктемесін жеңілдету арқылы шағын және орта бизнестің өсуіне қолайлы жағдай жасауға арналған. Сонымен қатар еліміздің салық заңнамасында ШОК субъектілерінің бұл режимдерді пайдалануына шектеулер қарастырылған.

ҚР шағын және орта бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимдерін қолдану механизмін 2-кестеде қарастырайық.

2-кесте — ҚР шағын және орта бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимдерін қолдану критерийлері

Критерийлер	Патент	01.01.2022 ж. бастап E-SalyqBusiness мобильді қосымшасы	Оңайлатылған декларация	Тіркелген шегерім	01.01.2021 ж. бастап бөлшек салық
Салық кезеңі	Жыл	жыл	жартыжылдық	жыл	тоқсан
Табыс (шек)	3 528 АЕК	3 528 АЕК	24 038 АЕК	144 184 АЕК	3 000 000 АЕК
Қызметкерлер	Жоқ	жоқ	30 адамнан артық емес	50 адамнан артық емес	250 адамнан артық емес
Салық салу объектісі	Салық салынатын кіріс	Салық салынатын кіріс	Салық салынатын кіріс	Тіркелген шегерімді ескере отырып, салық салынатын кіріс	Салық салынатын кіріс

Критерийлер	Патент	01.01.2022 ж. бастап E-SalyqBusiness мобильді қосымшасы	Оңайлатылған декларация	Тіркелген шегерім	01.01.2021 ж. бастап бөлшек салық
Табыс салығы	1 %	1 %	1,5 %	10 – 20 %	3 %, 6 % 01.01.2023 бастап қоғамдық тамақтану саласында
Әлеуметтік салық	Жоқ	Жоқ	1,5 %	9,5 %	Жоқ
Ескерту — Автормен [1] деректері бойынша жасалды					

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, әрбір арнайы салық режимінің басқа салықтарға карағанда өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар екенін көруге және салыстыруға болады. Бірақ неғұрлым тиімді салық жүйесін таңдағанда шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілеріне қызмет түрінің ерекшеліктеріне, ұйымдық-құқықтық нысанына, жұмысшылар санына, жоспарланған кіріске сүйену керек.

Еліміздегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес негізгі өзгерістерді қарастырайық, патентте әлеуметтік салық жойылды, бөлшек сауданы қоспағанда, 1 % мөлшерінде ЖТС мөлшерлемесі анықталды. Оңайлатылған декларация негізінде кірістер мөлшері бойынша — 24 038 АЕК және қызметкерлер саны — 30 адамнан аспайтын бірыңғай (заңды тұлғалар мен ЖК үшін) шектеулер белгіленді.

2018 жылдан бастап тіркелген шегерімді пайдаланатын режим енгізілді. Бұл режим кірістер мен шығыстардың есебін жүргізуді көздей отырып, салық салу объектісі ретінде салық салынатын табысты қарастырады. Осы арнайы салық режимінің ерекшелігі оны пайдалану кезінде растайтын құжаттарсыз (қосымша шығыстарды қоса алғанда, шегерімге жатқызылатын шығыстардың жалпы сомасы жылдық жиынтық табыстың 70 %-ынан аспауға тиіс) жылдық жиынтық табыс сомасының 30 % мөлшерінде қосымша тіркелген шегерім көзделеді, сондай-ақ еңбекақы төлеуге арналған шығыстар бойынша шегерімнен басқа салық салынатын табысты еңбекақы төлеу қорынан 100 %-ға азайту көзделеді.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап кәсіпкерлік субъектілерін, сонымен қатар салық төлеудің арнайы салық режимдерін қолданатын микрокәсіпкерлік немесе шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий күшіне енді [3].

Пандемиядан зардап шеккен секторларда жұмыс істейтін кәсіпкерлер үшін Салық кодексіне бөлшек салықтың арнайы салық режимін енгізу бөлігінде өзгерістер енгізілді. Мәселен, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Салық кодексі «Бөлшек салықтың арнайы салық

режимі» 77-1-тарауымен толықтырылды. Бөлшек салық режимі ШОК субъектілеріне салық жүктемесін азайтуды қамтамасыз ету және салықтар мен бюджетке төлемдерді төлеу тәртібін оңтайландыру үшін дағдарысқа қарсы шара ретінде бірнеше жылға есептелген. Қызмет түрлерінің тізбесі пандемия кезеңінде шектеу карантиндік шаралары қолданылған қызмет түрлері қарастырылған ҚР Үкіметінің қаулысымен белгіленеді.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес қоғамдық тамақтану саласындағы қызмет түрлері үшін бөлшек салық мөлшерлемесін 6 %-ға дейін одан әрі арттыру көзделген, сәйкесінші бөлшек салықты АСР қолдану тәртібіне түзетулер енгізіліп, берілген кәсіпкерлік саласы үшін 2025 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылатын болады.

Сондай-ақ ағымдағы 2022 жылдан бастап ҚҚС төлеушіні тіркеу шегі 30 000 АЕК-тен 20 000 АЕК-ке дейін төмендетілгенін атап өту қажет, бұл кәсіпкерлердің түпкілікті салық жүктемесіне әсер етуі мүмкін. Салық кодексінің 82-бабы 4-тармағындағы өзгерістерге сәйкес бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушінің айналымы ең аз айналымға енгізілмейді. Басқаша айтқанда, мұндай салық төлеушіде айналымның ең төменгі деңгейінен асып кетуіне байланысты ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою бойынша міндеттемелер туындамайды. Ал ҚҚС бойынша есепте тұрған тұлғалар есептен шығарылуы қажет. Айта кететін жайт, бөлшек салықтың АСР қолдану кезінде ҚҚС бойынша есептен шығару үшін осындай АСР қолдану басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей салық кодексінің 85-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық органына өтініш беру қажет.

Мемлекет ҚҚС бойынша есепке қою шегін төмендете отырып, кәсіпкерлер үшін қолма-қол

ақшасыз төлемдермен жұмыс істеу жағдайларын жақсартты. Қолданыстағы заңнамада қолма-қол ақшасыз төлемдермен ҚҚС тіркеу шегі 114 184 АЕК-ке тең, бірақ бұл онлайн-кассадан, POS-терминалдан және тауарларды есепке алудың автоматтандырылған жүйесінен тұратын үш компонентті интеграцияланған жүйе арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жасалған айналымға ғана қолданылады. Шын мәнінде, бұл түзетулермен билік салық базасын арттырып қана қоймай, бизнесті көлеңкеден шығаруға тырысуда.

2017 – 2021 жж. Қазақстан Республикасындағы жергілікті бюджеттің кірістерін талдасақ, барлық көрсеткіштер

бойынша өсу қарқыны 2017 жылғы базалық көрсеткіштен асқанын байқаймыз. Жергілікті бюджеттердің салықтық түсімдері бойынша өсім де 186,8 %-ды құраған. Оның ішінде жеке табыс салығы бойынша өсім 151,2 %-ға тең болған. Әлеуметтік салық түсімдерінің деңгейі тек 103,7 % өсімін көрсетті, себебі осы салық бірқатар арнайы салық режимдерінен босатылуымен байланысты болды. Бұл ретте 2021 жылы жергілікті бюджетті теңгерімдеу үшін жоғары тұрған республикалық бюджеттен трансферттер түсімдерінің 2 539 214 млн теңгеден 4 754 941 млн теңгеге дейін, яғни екі есе өсуі байқалады (3-кесте).

3-кесте — Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктен жергілікті бюджеттерге 2017 – 2021 жж., негізгі салықтардың түсімі, млн. теңгемен

Салықтың аты	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2021 ж. 2017 жылға қатысты өсу қарқыны
I. КІРІСТЕР	4 681 296	4 728 532	6 039 951	7 721 256	8 742 647	186,8 %
Салықтық түсімдер, оның ішінде:	1 962 823	2 195 144	2 380 961	2 985 340	3 666 375	186,8 %
ШОБ-тен КТС	-	-	-	481 567	732 340	-
ЖТС, барлығы	750 212	838 394	876 324	929 588	1 134 136	151,2 %
Төлем көзіндегі ЖТС	676 476	739 645	774 339	848 231	1 081 326	145,9 %
ЖК-тің төлем көзінен емес ЖТС	73 736	98 749	101 984	81 357	52 810	204,1 %
Әлеуметтік салық	576 607	618 505	696 635	727 139	841 279	103,7 %
Акциздер	175 014	216 578	236 911	327 509	357 205	314,4 %
Салықтық емес түсімдер	114 954	74 951	76 172	80 271	119 185	187,3 %
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	64 306	90 175	108 036	124 930	202 146	186,8 %
Трансферттер түсімдері	2 539 214	2 368 262	3 474 782	4 530 714	4 754 941	186,8 %

Ескерту — Автормен [4] деректері бойынша жасалды

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанның жергілікті бюджеттеріне шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығы бойынша түсімдер есептеле бастады. Енді республикалық бюджетке ірі кәсіпкерлік субъектілері төлеген КТС ғана түседі, бұл жергілікті бюджеттер кірістерінің ұлғаюына алып келуі және бизнес үшін қолайлы жағдайлар жасау есебінен жергілікті атқарушы органдарды салық базасын кеңейтуге ынталандыруы тиіс.

Осы реформаның нәтижесінде КТС түскен кірістер жергілікті бюджеттерге түсе бастады, айталық 2019 – 2021 жылдары Қазақстанның жергілікті бюджеттерінің кірістері 28 %-ға, яғни 6 трлн теңгеден 8,7 трлн теңгеге дейін өсті. Дегенмен, КТС бойынша түсімдер аздау — 732 млрд теңгеге ғана тең. Әсіресе, салықтардың басқа түрлерімен салыстырғанда, олар әлеуметтік салық бойынша түсімдерден 1,14 есе (841 млрд теңге) және ЖТС бойынша

түсімдерден 1,5 есе (1 134 млрд теңге) аз. Мұның себебі көптеген бизнес субъектілерінің қызметін тоқтата тұруға және салықтық демалысқа байланысты КТС түсімдері бойынша кейінге қалдыру немесе алып тастау болды.

Жергілікті бюджеттердің әлсіз өзін-өзі қамтамасыз етуінің екі негізгі салдары бар: төмен салықтық түсімдері және республикалық бюджеттен берілетін трансферттерге үлкен тәуелділік. Кіріс өсіп келе жатқан шығындарды жабуға мүмкіндік бермейді, бұл жергілікті бюджет тапшылығының артуына әкеп соғады.

Айта кететін жайт, шағын және орта кәсіпкерліктен (Астана және Алматы қалаларын есептегенде) КТС бойынша жергілікті деңгейге берілген түсімдердің сомасы орта есеппен жергілікті бюджеттің жалпы кірісінің 4 %-дан аз мөлшерін, өз кірістерінде 10 %-дан аз мөлшерін және өңірлердің шығындарында 3 %-дан сәл артық қамтамасыз етеді, бұл мемлекет

Басшысы аймақтардың орталыққа тәуелділігін төмендету бойынша қойған мақсатына қол жеткізуді қиындатады [5].

Осылайша, КТС ШОК жергілікті бюджеттерге беру жөніндегі реформа олардың кірістерін едәуір арттырды. Бірақ республиканың қалалары мен өңірлері қиын жағдайға тап болды: реформаны енгізу коронавирустық пандемиямен, мұнай бағасының құлдырауымен, ШОБ кәсіпорындарының операциялық қызметінің уақытша тоқтатылуымен сәйкес келді, оның аясында мемлекеттік бюджетке салық түсімдері төмендеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері. Реформа жүргізілгеннен кейін екі жыл өткен соң өңірлердің бюджеттік өзін-өзі қамтамасыз етуі әлі де төмен күйінде қалып отыр. Трансферттер түсімдерінің үлесі жергілікті бюджеттер жинайтын салық түсімдерінен асып түседі.

Дегенмен, бүгінгі таңда қол жеткізіп отырған төмен көрсеткіштер аясында да реформаны іске асыру қарқынын сақтап қалу қажет, өйткені ол жергілікті атқарушы органдарды өңірлердегі іскерлік белсенділікті арттыруға және ШОК дамытуға ынталандырады. Бұл үшін жергілікті билік органдары бюджет және қаржы мәселелері бойынша есеп бере отырып, қосымша салық және фискалдық өкілеттіктер алуға тиіс. Ең бастысы, кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларын жергілікті органдар әзірлеуі тиіс. Жүргізілген реформаның аралық және жылдық нәтижелері оларды дамытудың негізі бола алады.

ШОК салық салу саласындағы нақты проблемалар мен мүмкін болатын шешімдерді тікелей қарастыра отырып, мемлекет айтарлықтай назар аударып, оларды дұрыс шешуге тырысатынын атап өткен жөн, бірақ оларды белгілеу артық болмайды:

1. Нақты салық жеңілдіктерін беру және реттеудің пәрменді салық құралдарын қолдану шағын және орта бизнесті қолдаудың бағыты болуға тиіс. Оңтайлы салық саясаты арқылы мемлекет отандық өндірісті дамытуға, нарықты құруға және кейіннен белгілі бір өмір сүру деңгейін қалыптастыруға ықпал ете алады және солай етуге тиіс, бұл мемлекеттік бюджетке түсімдердің ұлғаюына ықпал етеді. Мысалы, экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асыратын шағын кәсіпорындар үшін белгілі бір кезеңге салық ставкаларын төмендету немесе олардан босату, инвестициялық салымдарға немесе «салық несиелеріне» салықтық жеңілдіктерді пайдалану.

2. Бөлшек сауда субъектілері үшін ғана емес, сондай-ақ кәсіпкерліктің басқа да салалары үшін бөлшек салықтың арнайы салық режимінде 3–6 % мөлшерлемесін сақтау қажет. Қазіргі уақытта

кәсіпкерлік белсенділікті қалпына келтіру қажет, ал енгізілген норма, тұтастай алғанда, экономикалық өсуді одан әрі қалпына келтіру шараларына толық сәйкес келмейді. Экономикалық құлдырау жағдайында салық саясаты мемлекеттің фискалдық міндеттерін шешпей, бизнесті экономиканы дамытуға көбірек жұмыс істеуге ынталандыруы тиіс.

3. ҚҚС төлеушіні тіркеу шегін 2022 жылғы 01 қаңтардан бастап 30 000 АЕК-тен 20 000 АЕК-ке дейін азайту шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарына салық жүктемесінің жалпы ұлғаюына әсер етуі мүмкін, сондай-ақ олардың салық салудың жалпы белгіленген тәртібіне көшуіне не көлеңкеге кетуіне ықпал етеді. Жанама салық салуды жетілдірудің мүмкін бағыты белгілі бір бизнес субъектілері үшін ҚҚС орнына сату салығын енгізуді талқылауға оралу болуы мүмкін.

4. Салық режимдерінде бөлшек сауданы пайдалануға тыйым салу патент және E-SalyqBusiness, сондай-ақ жұмысшыларды жалдауды шектеу кәсіпкерлерді оңайлатылған декларация режиміне немесе жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке көшуге мәжбүр етеді, бұл жеке кәсіпкерлерге салық жүктемесін арттырады.

Қорытынды

Атқарылған жұмыстың нәтижелерін талдай отырып, дағдарыстан кейінгі кезеңде шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау отандық экономиканы дамытудың қажетті құралы екенін атап өтуге болады. Алайда шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау институттарын құру көп уақытты қажет ететін және ұзақ процесс. Ол көптеген аспектілермен байланысты: біріншіден, маңызды заңнамалық базаны әзірлеумен; екіншіден, тиімді институционалдық негіздер мен нарықтық институттарды құрумен.

Сол себепті шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне салық салуды жетілдіру мемлекет пен шағын бизнес мүдделерінің оңтайлы үйлесуіне негізделуі керек. Сондықтан салық салудың фискалдық функциясын гипертрофиялық іске асырудан белсенді ынталандырушы функцияға көшу қажет. Бұл жағдайлар шағын кәсіпкерліктің дамуына ықпал етеді, оның әлеуметтік маңыздылығын күшейтеді және инвестициялық белсенділікті ынталандырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ Кодексі [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000120> (өтініш берген күні: 27.12.2022).

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы. Шағын және орта кәсіпкерлік (ШОБ). [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://stat.gov.kz/official/industry/139/statistic/5> (өтініш берген күні: 27.12.2022).

3. Қазақстан Республикасында тексерулер мен профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуге мораторий енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 229 Жарлығы. [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1900000229> (өтініш берген күні: 27.12.2022).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1 сәуірдегі 2022 жылға арналған статистикалық бюллетені. [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/details/302614?lang=ru> (өтініш берген күні: 27.12.2022).

5. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебіне қысқаша қорытынды. [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/167917?lang=ru> (өтініш берген күні: 27.12.2022).

References

1. Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of

Kazakhstan. Small and medium-sized enterprises (SMEs). [Internet source]. — Access mode: <https://stat.gov.kz/official/industry/139/statistic/5> (date of access: 27.12.2022).

2. On taxes and other mandatory payments to the budget (Tax Code) Code of the Republic of Kazakhstan dated December 25, 2017 No. 120-VI SAM. [Internet source]. — Access mode: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000120> (date of access: 27.12.2022).

3. On the introduction of a moratorium on inspections and preventive control and supervision with visits in the Republic of Kazakhstan. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 26, 2019 No. 229. [Internet source]. — Access mode: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1900000229> (date of access: 27.12.2022).

4. Statistical Bulletin of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan for 01.04.2022. [Internet source]. — Access mode: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/details/302614?lang=ru> (date of access: 27.12.2022).

5. The Accounts Committee for Control over the execution of the republican budget. A brief conclusion to the report of the Government of the Republic of Kazakhstan on the execution of the republican budget for 2020. [Internet source]. — Access mode: <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/167917?lang=ru> (date of access: 27.12.2022).

*Гульмира ЕСЕНОВА, кандидат экономических наук, ассоциированный профессор,
Центр педагогического мастерства,*

*Автономная организация образования «Назарбаев Интеллектуальные школы»,
010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Хусейн бен Талал, 21/1,
pavlodarsemey@mail.ru, +77772617594*

*Жанар ДӘУЛЕТХАНОВА, магистр экономики, старший преподаватель,
Евразийский гуманитарный институт,
010009, Республика Казахстан, г. Астана, ул. М. Жумабаева, 4, zhanar021@mail.com, +77059508593*

*Мурат НУРГАБЫЛОВ, кандидат экономических наук, и. о. доцента,
Международный Таразский инновационный институт,
080014, Республика Казахстан, г. Тараз, ул. Желтоқсан, 69 «Б», murat_tdd@bk.ru, 87056314503*

*Гульмира РАХИМОВА, кандидат экономических наук, ассоциированный профессор,
Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина,
010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Ақмешіт, 9/4, ragulmira@mail.ru, +77770402282*

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ ОРГАНИЗАЦИЙ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ

Аннотация. В статье рассмотрено влияние цифровизации экономики на модернизацию финансовой отчетности, способы обработки, показатели финансовой отчетности, процесс анализа и проверки отчетной информации, входную информацию, необходимую для форм финансовой отчетности, выходную информацию, содержащую отчетные формы и оперативную информацию, используемую при работе с финансовой отчетностью.

Рассмотрено влияние цифровизации экономики на формирование финансовой отчетности, представление, обработку и использование выходной информации, содержащейся в финансовой отчетности, трактовку показателей финансовой отчетности. Обоснована взаимосвязь развития цифровой экономики и обеспечения необходимых качественных характеристик финансовой отчетности.

Предложено авторское видение подходов к формированию и представлению финансовой отчетности в Республике Казахстан под влиянием усиления тенденций цифровизации экономики. Обоснована возможность представления финансовых отчетов в модифицированном цифровом формате с использованием меню для обеспечения пользователей отчетности дополнительной информацией о деятельности организации и об используемой нормативной базе, осуществления расчетов показателей на основе альтернативных методик, расчетов коэффициентов экономического анализа, осуществления прогноза в отношении перспектив организации, обеспечения взаимодействия с составителями отчетности в режиме online.

Ключевые слова: цифровая экономика; финансовая отчетность; XBRL отчетность; отчетные формы; качественные характеристики финансовой отчетности

*Гульмира ЕСЕНОВА, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының
Педагогикалық шеберлік орталығы,
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Хусейн бен Талал көш., 21/1,
pavlodarsemey@mail.ru, +77772617594*

*Жанар ДӘУЛЕТХАНОВА, экономика магистрі, аға оқытушы,
Еуразия гуманитарлық институты,
010009, Қазақстан Республикасы, Астана қ., М. Жумабаев көш., 4,
zhanar021@mail.com, +77059508593*

*Мұрат НУРГАБЫЛОВ, экономика ғылымдарының кандидаты, доценттің міндетін атқарушы,
Халықаралық Тараз инновациялық институты,
080014, Қазақстан Республикасы, Тараз қ., Желтоқсан көш., 69 «Б»,
murat_tdd@bk.ru, 87056314503*

*Гульмира РАХИМОВА, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Ақмешіт көш., 9/4,
ragulmira@mail.ru, +77770402282*

ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Аннотация. Мақалада экономиканы цифрландырудың қаржылық есептілікті жаңғыртуға әсері, қаржылық есептілікті өңдеу тәсілдері мен көрсеткіштері, есепті ақпаратты талдау және тексеру процесі, қаржылық

есептілік нысандары үшін қажетті кіріс ақпараты, қаржылық есептілікпен жұмыс істеу кезінде пайдаланылатын есептілік нысандары бар шығыс және жедел ақпарат қарастырылады.

Экономиканы цифрландырудың қаржылық есептілікті қалыптастыруға, қаржылық есептіліктегі шығыс ақпаратын ұсынуға, өңдеуге және пайдалануға, қаржылық есептілік көрсеткіштерін түсіндіруге әсері қарастырылды. Цифрлық экономиканы дамытудың және қаржылық есептіліктің қажетті сапалық сипаттамаларын қамтамасыз етудің өзара байланысы негізделген.

Экономиканы цифрландыру үрдістерінің күшеюінің ықпалымен Қазақстан Республикасында қаржылық есептілікті қалыптастыру және ұсыну тәсілдеріне авторлық көзқарас ұсынылды. Есептілікті пайдаланушыларды ұйымның қызметі және пайдаланылатын нормативтік база туралы қосымша ақпаратпен қамтамасыз ету, баламалы әдістемелер негізінде көрсеткіштерді есептеуді, экономикалық талдау коэффициенттерін есептеуді жүзеге асыру, ұйымның перспективаларына қатысты болжамды жүзеге асыру, online режимінде есептілікті құрастырушылармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін мәзірді пайдалана отырып, өзгертілген цифрлық форматта қаржылық есептерді ұсыну мүмкіндігі негізделген.

Негізгі сөздер: цифрлық экономика, қаржылық есептілік, XBRL есептілік, есеп беру нысандары, қаржылық есептіліктің сапалық сипаттамалары.

*Gulmira YESSENOVA, Candidate of Economic Sciences, Associate Professor,
Center of Excellence of the AEO "Nazarbayev Intellectual Schools",
010000, Republic of Kazakhstan, Astana, Hussein bin Talal st., 21/1,
pavlodarsemey@mail.ru, +77772617594*

*Zhanar DAULETKHANOVA, Master, Senior Lecturer, The Eurasian Humanities Institute,
010009, Republic of Kazakhstan, Astana, M. Zhumabayev prospect.,4,
zhanar021@mail.com, +77059508593*

*Murat NURGABYLOV, Candidate of Economic Sciences, Acting Associate Professor,
International Taraz Innovation Institute,
080014, Republic of Kazakhstan, Taraz, Zheltoksan st., 69,
murat_tdd@bk.ru, 87056314503*

*Gulmira RAKHIMOVA, Candidate of Economic Sciences, Associate Professor,
Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullin,
010000, Republic of Kazakhstan, Astana, Akmeshit st. 9/4,
ragulmira@mail.ru, +77770402282*

IMPROVING THE FINANCIAL REPORTING OF ORGANIZATIONS IN THE CONTEXT OF THE DEVELOPMENT OF THE DIGITAL ECONOMY

Annotation. The article examines the impact of digitalization of the economy on the modernization of financial statements, processing methods, financial reporting indicators, the process of analyzing and verifying reporting information, input information required for financial reporting forms, output information containing reporting forms and operational information used when working with financial statements.

The influence of digitalization of the economy on the formation of financial statements, presentation, processing and use of output information contained in financial statements, interpretation of financial reporting indicators is considered. The interrelation between the development of the digital economy and the provision of the necessary qualitative characteristics of financial statements is substantiated.

The author's vision of approaches to the formation and presentation of financial statements in the Republic of Kazakhstan under the influence of increasing trends in the digitalization of the economy is proposed. The possibility of presenting financial reports in a modified digital format using a menu to provide reporting users with additional information about the organization's activities and the regulatory framework used, performing calculations of indicators based on alternative methods, calculating economic analysis coefficients, making a forecast regarding the prospects of the organization, ensuring interaction with the compilers of reports online.

состоянии сельскохозяйственных земель, водных ресурсах, ирригационных системах и транспортной доступности должны быть объединены на единой цифровой платформе.

В целом, со следующего года агропромышленный комплекс страны должен заработать по новым и стабильным правилам. В рамках этой работы государству уже возвращено около 2,9 миллиона гектаров сельхозземель и до конца года планируется возврат не менее 5 миллионов гектаров. На сегодняшний день, общая площадь неиспользуемых или выданных с нарушением законодательства земель, составляет около 10 миллионов гектаров.

Правительство и акиматы должны принять конкретные решения по ним до конца 2023 г., учитывая, что мораторий на проверки, связанные с земельными вопросами, снят [1].

Исходя из вышеуказанных аспектов, авторами проведено исследование, основанное на анализе производства и урожайности пшеницы как базовой экспортной культуры.

Так, согласно информации, размещенной на сайте eldala.kz, рэнкинг топ 16 стран — производителей пшеницы на 2020 г. выглядит следующим образом (Таблица 1) [2]:

Таблица 1 — Рейтинг топ 16 стран — производителей пшеницы

№ п/п	Наименование страны	Производство пшеницы (млн т)
1	Европейский союз	137
2	Китай	131
3	Индия	100
4	Россия	72
5	США	51
6	Канада	32
7	Пакистан	25
8	Украина	25
9	Аргентина	20
10	Турция	19
11	Австралия	17
12	Иран	15
13	Казахстан	14
14	Египет	8
15	Узбекистан	6
16	Бразилия	5

Примечание — Составлено авторами по данным [2]

Рассмотрим производство пшеницы в ближайших странах — России, Украине, а также Казахстане.

По данным Министерства сельского хозяйства Российской Федерации, по состоянию

на 15 сентября 2022 г. в России собрано 96,4 млн т пшеницы в бункерном весе. Это на 25,6 млн т больше, чем на аналогичную дату 2021 г., когда показатель составлял 70,8 млн т. Общий сбор зерновых и зернобобовых культур

составил 132,3 млн т (99,4 млн т год назад). Агрокультуры обмолочены с 38,6 млн га (37,5 млн га в 2021 г.), средняя урожайность составила 34,3 ц/га против 26,5 ц/га год назад [3].

По данным пресс-службы Министерства агрополитики Украины, на основании проведенных аналитических прогнозов по состоянию на 19 ноября 2021 г. валовый сбор пшеницы с 7 млн га составляет около 32,6 млн т, что значительно превышает прогнозы на текущий 2022 г. Валовый сбор с 2,5 млн га составляет 9,64 млн т, урожайность пшеницы — 46,3 ц/га, а кукурузы — 21 млн т почти с 3-х млн гектаров земли [4]. При средней урожайности 13,0 ц/га намолочено 20,1 млн т зерна. В 2021 г. при средней урожайности 9,8 ц/га было намолочено 14,9 млн т, или на 25,9 % меньше.

В Казахстане, зерновые культуры выращиваются повсеместно, кроме Мангыстауской области, но основным производителем является северный регион (Акмолинская, Костанайская, Северо-Казахстанская и Павлодарская области) [5]. В разрезе культур, в том числе социально-значимых, площади уборки пшеницы составляют 12,9 млн га, из них убрано 12,6 млн га, или 98,1 %, с урожайностью 12,4 ц/га, намолочено 15,5 млн тонн [6].

Основываясь на полученных данных, следует отметить следующие: урожайность пшеницы в России составляет 34,3 ц/га, в Украине — 46,3 ц/га, в Казахстане — 12,4 ц/га. В 2022 г. урожайность в Казахстане по отношению к урожайности в России уступает более чем в 2,7 раза, а по отношению с Украиной она уступает более чем в 3,7 раза. Сравнивая данные за 2021 г., это в 3,7 раза по отношению к России и в 5 раз — к Украине.

Авторами намеренно выбраны данные государства, так как они аналогично Казахстану являются странами постсоветского периода, в которых почти идентичным образом поднимается сельское хозяйство и фермеры находятся в относительно равных условиях.

Соотношение урожайности 2022 г. к 2021 г. в Казахстане свидетельствует о том, что урожайность увеличилась на 25,9 % по отношению к 2021 г. Однако в 2020 г. средняя урожайность составляла 11,9 ц/га и намолочено было 13 млн т зерна, что говорит о негативном влиянии пандемии на сельское хозяйство в 2021 г.

Далее рассмотрим факторы, влияющие на урожайность пшеницы. На нее влияет множество факторов, имеющих характер:

1) природный (плодородие почвы, климатические условия);

2) агротехнологический (обработка почвы, выбор технологии и времени посева, стратегия защиты от сорняков и насекомых, выбор предшественника);

3) биологический (генетика семян, подготовка семян к посеву, протравливание фунгицидами, инсектицидами, стимуляторами роста);

4) агрономический и организационно-экономический (внесение удобрений, микроэлементов).

Для увеличения урожайности пшеницы с гектара необходимо учитывать наличие и содержание питательных веществ и микроэлементов в составе грунта для плодотворного созревания культуры. Для этого нужно знать и понимать, с учетом вашего анализа почвы, какие элементы, в каком количестве и в какое время для зерновых культур требуются. Сегодня анализ почвы процедура первостепенная, она значительно экономит средства на затраты по внесению минеральных и органических удобрений и делает это внесение экономически целесообразным и выгодным.

Как показывает опыт, основным агротехническим приемом, повышающим качество и урожайность пшеницы, является применение удобрений, грамотное и правильное внесение минеральных удобрений может при определенных условиях удвоить урожай. Существует целый ряд рекомендаций по внесению тех или иных минеральных удобрений, микроэлементов на всех этапах созревания зерновых культур, которые значительно увеличат эффективность работы на поле и снизят затраты на посев 1 га пшеницы. Есть такое понятие, как запланированная урожайность, исходя из которого вносится необходимое количество азотных удобрений и других микроэлементов, с учетом агротехнологии и ожидаемых осадков. Самый большой эффект наблюдается при дробном, многократном внесении минеральных удобрений осенью и весной, а также в период колошения культуры. Большую роль играет влагообеспечение и состав почвы.

При выборе нужного сорта пшеницы, необходимо учитывать следующие факторы:

- технология выращивания культуры;
- влагообеспеченность почвы;
- географическое положение поля;
- наличие снежного покрова и среднесуточные показатели температуры за время наблюдения;
- сроки посева;
- ожидаемое количество внесения удобрений.


Таким образом, можно сделать вывод, что в 21 в. урожайность зависит от обеспеченности

агропромышленного комплекса инновационными решениями, подходами и технологиями. А для этого необходимы лаборатории для анализа почвы, селекция культур под казахстанский климат, производство удобрений и многое другое.

Казахстанским ученым А. Б. Тлеубаевым проведен анализ применения минеральных удобрений, по итогам которого установлено, что Казахстаном 2019 г. было использовано 2,9 кг минеральных удобрений на 1 га пахотных земель [7], тогда как в России — 22,3 кг/га, а на Украине — 63,4 кг/га (Рисунок 1).

Исследователь отмечает, что Казахстан и Канада имеют одинаковые климатические

условия производства зерна. При этом Канада использует 105 кг/га минеральных удобрений, а Казахстан всего лишь 2,9 кг/га, урожайность в Канаде составляет 31 ц/га, а в Казахстане — 12 ц/га. Используя методы математического анализа, можно рассчитать, что при посевной площади в 12,9 млн га и с урожайностью 31 ц/га казахстанские производители могли бы получить около 40 млн т пшеницы. При сформировавшейся мировой цене на пшеницу в размере около 300 долларов США за тонну валютная выручка за общий урожай пшеницы Казахстана может быть потенциально оценена в 12 млрд долларов США.



Примечание — Составлено авторами по данным [8]

Рисунок 1 — Использование минеральных удобрений на общую площадь пахотных земель, 2019 г.

Данный анализ носит вероятностный характер, и агропромышленный комплекс Казахстана в один момент не сможет принять 40 млн т пшеницы. Но, исходя из обратного, при урожайности 31 ц/га и урожая в 15 млн т нам понадобится только 4,83 млн га посевных площадей, что в 2,58 раза меньше нынешних показателей. А это повлекло бы за собой сокращение производственных затрат сельскохозяйственных производителей, снижение закупок больших объемов ГСМ, минимизацию аренды дополнительной техники и работников.

При хорошо подобранных минеральных удобрениях не только повышается урожайность зерна и улучшается его качество — на 5 – 6 дней сокращается срок созревания, благодаря чему уборка зерновых начинается раньше и проводится в более благоприятных условиях осени, усиливается засухоустойчивость, снижается коэффициент водопотребления растений, отмечается улучшение развития

корневой системы и повышается сопротивляемость растений внедрению и развитию патогенов.

Крупнейшими предприятиями в Казахстане по производству минеральных удобрений являются заводы «КазАзот» и «КазФосфат». По итогам 2019 г. в Казахстане было произведено 378 тыс. т азотных удобрений, производство фосфорных удобрений составило 393,4 тыс. т. Прогнозируется планомерное увеличение общей мощности отечественных предприятий, выпускающих удобрения, которая в 2022 г. составит 1 млн 156,6 тыс. т [9]. При посевной площади 5 млн га и потребности 105 кг/га минеральных удобрений нам потребуется 525 тыс. т удобрений, а на 12,9 млн га — 1 млн 354,5 тыс. т удобрений, и речь идет только об урожае пшеницы.

Таким образом, в процессе реализации поручений главы государства и в рамках развития агропромышленного комплекса многие вопросы остаются открытыми. Их решение во

многим обусловлено внедрением инновационных процессов, таких как: создание исследовательских лабораторий, обеспечение доступности минеральных удобрений, обучение сельхозпроизводителей, проведение селекционных работ и многое другое.

Список литературы

1. Послание Главы государства К.-Ж. К. Токаева народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество» (г. Нур-Султан, 1 сентября 2022 г.) [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34360969 (дата обращения: 07.09.2022).

2. Рейтинг на 2020 г. топ 16 стран — производителей пшеницы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://eldala.kz/rating/279-top-stran-proizvoditelej-pshenicy> (дата обращения: 11.09.2022).

3. Сбор пшеницы в России выше прошлогоднего почти на 26 млн. тонн. Также увеличилась ее урожайность [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.agroinvestor.ru/markets/news/38867-sbor-pshenitsy-v-rossii-vyshe-proshlogodnego-pochti-na-26-mln-tonn/> (дата обращения: 13.09.2022).

4. Итоги по намолоту зерна в Украине за 2021 г. : дайджест [Электронный ресурс]. — Режим доступа:

<https://simo.com.ua/public/dajdzhest.-itogi-po-namolotuzerna-v-ukraine-za-2021> (дата обращения: 17.09.2022).

5. Аймуханова, Т. О современном состоянии переработки зерна в Республике Казахстан // Вестник КЭУ: экономика, философия, педагогика, юриспруденция. 2017. № 2 (45). С. 9 – 13.

6. Карашукеев, Е. Благополучные условия позволили провести большую часть уборочной компании без простоев [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://primeminister.kz/ru/news/review-s/erbol-karashukeev-proinspektiroval-hod-razvitiya-selskogo-hozyaystva-zhetysuskoj-i-karagandinskoy-oblastey-319445> (дата обращения: 19.09.2022).

7. Тлеубаев, А. Б. Применение минеральных удобрений в основных зреносеющих регионах Казахстана / А. Б. Тлеубаев, Б. Е. Рустембаев, А. М. Рахимов // Проблемы агрорынка. — 2021. — № 4. — С. 104 – 112.

8. Данные Продовольственной и сельскохозяйственной организации Объединенных Наций [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://fao.org> (дата обращения: 23.09.2022).

9. Топ крупнейших поставщиков удобрений в Казахстане [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://eldala.kz/rating/2409-top-60-postavshchikov-udobrenij-v-kazahstane> (дата обращения: 29.09.2022).

Ерлан ТЮЛЮПОВ, Қаржы министрлігі Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Қазынашылық комитетінің басшысы, erlan_kenzhesarin@mail.ru

Назар УЛАКОВ, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, nazar-123@mail.ru

Алтынай АУБАКИРОВА, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, aubakirova-altynai@mail.ru

(Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш., 9)

ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДАН ТҮСКЕН КІРІСТЕРДІ ЖЫЛЫСТАУДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚАУШТЕРДЕН ҚОРҒАУ

Аннотация. Аталған мақалада әлемдік қоғам терроризм мен экстремизм тарапынан қатыгез қауіп-қатерге тап болатын әлемдік экономиканың жаһандану процесінің бағыттары қарастырылады, қазіргі уақытта бұл әлі де шешілмеген мәселе болып табылады. Сондықтан әлемдік қоғамдастық осындай сын-қатерлерге ден қойып, алдын алу шараларын жасайды, кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күреспен айналысатын топтар мен ұйымдар, конвенциялар құрылады, тиісінше осы мәселелерді зерделеу өзінің өзектілігін дәлелдейді.

Негізгі сөздер: кірістерді жылыстау, терроризмді қаржыландыру, экстремизм, тәуекелдер, ФАТФ, АЖ/ТҚҚ, юрисдикция.

Ерлан ТЮЛЮПОВ, руководитель Департамента казначейства по Карагандинской области, Комитета казначейства Министерства финансов Республики Казахстан, erlan_kenzhesarin@mail.ru

Назар УЛАКОВ, кандидат экономических наук, доцент, nazar-123@mail.ru

Алтынай АУБАКИРОВА, кандидат экономических наук, доцент, aubakirova-altynai@mail.ru

(Карагандинский университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9)

РИСКИ В ОТМЫВАНИИ ДОХОДОВ ОТ ФИНАНСИРОВАНИЯ ТЕРРОРИЗМА И ЗАЩИТА ОТ ГЛОБАЛЬНЫХ УГРОЗ

Аннотация. В данной статье рассматриваются направления процесса глобализации мирового хозяйства, где мировое общество сталкивается с жесткой угрозой со стороны терроризма и экстремизма, и в настоящее время, к сожалению, это являются до сих пор не решенными проблемами. Поэтому мировое сообщество реагирует на такие вызовы и предпринимает превентивные меры, создаются группы и организации, конвенции, занимающиеся борьбой с отмыванием доходов и финансированием терроризма, соответственно изучение этих вопросов доказывает свою актуальность.

Ключевые слова: отмывание доходов, финансирование терроризма, экстремизм, риски, ФАТФ, ПОД/ФТ, юрисдикция.

Yeran TYULUPOV, Head of the Treasury Department for the Karaganda Region, Committee of Treasury of the Ministry of Finance, erlan_kenzhesarin@mail.ru

Nazar ULAKOV, Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, nazar-123@mail.ru

Altynai AUBAKIROVA, Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, aubakirova-altynai@mail.ru

(Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Academicheskaya st., 9)

RISKS IN LAUNDERING PROCEEDS FROM TERRORIST FINANCING AND PROTECTION FROM GLOBAL THREATS

Abstract. This article examines the directions of the process of globalization of the world economy, where the world society is facing a severe threat from terrorism and extremism, and currently, unfortunately, these are still unresolved problems. Therefore, the world community responds to such challenges and creates preventive measures,

groups and organizations, conventions dealing with the fight against money laundering and the financing of terrorism are being created, respectively, the study of these issues proves its relevance.

Keywords: money laundering, terrorist financing, extremism, risks, FATF, AML/CFT, jurisdiction.

Мәселені анықтау. Қазіргі даму кезеңінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстау және терроризмді қаржыландыру ХХІ ғасырдың өзекті шешілмеген мәселелерінің бірі болып табылады. Сондықтан «көлеңкелі» экономиканың жұмыс істеуіне, ұйымдасқан қылмыстың дамуына, террористік әрекетке қарсы іс-қимыл мақсатында әлемнің көптеген елдерінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға немесе басқаша айтқанда «қаржылық мониторинг жүйелеріне» қарсы іс-қимыл жүйелері құрылды.

Зерттеудің мақсаты: ақшаны жылыстау және терроризмді қаржыландыру процестеріне тәуекелдер мониторингі туралы түсініктерді кеңейтетін және тереңдететін теориялық және әдістемелік аспектілерді қарастыру және осы тәуекелдер мониторингі бойынша талдамалық деректерді ұсыну қажет.

Қазіргі әлем алдында тұрған әртүрлі сын-қатерлерге байланысты елдер соңғы жылдары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы тұруға көбірек көңіл бөлуде.

Осыған байланысты 2009 жылғы 28 тамызда «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды (кейінірек «заңсыз» термині «қылмыстық» терминімен ауыстырылды), оның шеңберінде бірқатар ұйымдар (банктер, биржалар, сақтандыру ұйымдары мен брокерлер, кәсіби бағалы қағаздар нарығына қатысушылар және т. б.) қаржы мониторингі субъектілеріне жатқызылды, олар осы заңның нормаларына сәйкес өз клиенттерін тиісті түрде тексеру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға тиіс, олардың өкілдері мен бенефициарлық меншік иелері, оның ішінде кірістерді жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға (бұдан әрі ТК/ТҚ) тиіс [1].

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға бағытталған негізгі шаралар: клиенттерді және олардың пайда алушыларын сәйкестендіру, клиенттердің қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстау және терроризмді қаржыландыру тәуекелін бағалау, міндетті бақылауға жататын және әдеттен тыс операцияларға мониторинг

жүргізу, уәкілетті мемлекеттік органға хабарламалар жіберу, терроризмді және экстремистік қызметті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, міндетті және факультативті мониторингке жататын операциялар туралы ақпаратты құжаттау және сақтау, кадрларды даярлау және оқыту және т. б. [2]

Соңғы зерттеулер мен жарияланымдарды талдау: қаржылық қауіпсіздікке төнген қауіптердің өзектілігін сақтау, ең алдымен, олардың қалыптасуының шарттары мен көздері экономикалық шындықтың өзгеруіне сәтті бейімделіп, технологиялық инновацияларды ескеріп, цифрлық трансформация трендтерін қабылдауымен байланысты. Өздеріңіз білетіндей, террористік қауіп елдің экономикалық дамуына да айтарлықтай әсер етеді. Террористік қауіп деңгейі неғұрлым жоғары болса, халықаралық және ішкі инвесторлар үшін инвестициялық тартымдылық соғұрлым төмен болады, тиісінше экономика тиімсіз болып табылады.

Жаһандану процестері әлемдегі террористік қауіптердің дамуына айтарлықтай әсер етті. Жаһанданудың салдары әлемдік экономикалық жүйенің дамуындағы теңгерімсіздік болып табылады, оның аясында кедей елдердің экономикасы мен әлемдік саясатындағы бәсекелестік позициялар төмендейді және байлардың рөлі артады. Соңғы онжылдықта жаһандану әлемнің жекелеген макроөңірлерін локализациялау үрдісімен ұштастырыла бастағанына қарамастан (бұл «жаһандану» деп аталады), әлем елдері арасындағы экономикалық теңсіздіктің, сондай-ақ елдер ішіндегі әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің өсуі әлемдік экономикалық жүйенің дамуындағы елеулі теңгерімсіздіктердің бірі болып қала береді. Осыған байланысты теңсіздікті азайтуды Біріккен Ұлттар Ұйымы 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарына енгізді [3].

Сондықтан соңғы жылдары террористік қатерлерді және елдің қаржылық қауіпсіздігін зерттеу мәселелері ресейлік және шетелдік ғалымдар ретінде АЖ/ТҚҚ проблематикасын зерттеудің бірқатар бағыттарына үлкен қызығушылық танытты, олар В. И. Авдиский, Л. Х. Боташева, А. Г. Братко, И. Болотов, Ф. Ваколбингер, Р. Викс-Браун, Р. Джонстон, Р. В. Жұбрин, В. А. Зубкова, С. К. Осипова.

Қазіргі кезеңде террористік қауіптердің экономикалық тәуекелдерінің бағыттарының бірі күштік кәсіпкерлік, яғни қаржы-экономикалық

операцияларды ұйымдастырумен тікелей байланысты террористік қызметті жүргізу нысаны болып табылады. Өз кезегінде, күштік кәсіпкерлікті ақша ағындарына немесе тікелей ақша қаражаттарына айырбастау үшін күш қолдану мүмкіндігін бопсалауға байланысты террористік ұйымның мінез-құлық стратегиясы ретінде анықтауға болады. Бұл кепілге алынған кезде, сондай-ақ мемлекеттік бюджет немесе жаһандық әлемдік қаржылық операциялар аясында қарапайым шантаж деңгейінде болуы мүмкін.

Соңғы жылдары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру РwC мамандары соңғы 2 жылда алаяқтардың құрбаны болған әлемнің 99 елінен келген 5 000-нан астам респонденттердің сауалнамасы бойынша бөлетін 14 қылмыстың таралу дәрежесі бойынша 10-орында болды. Сонымен қатар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, РwC мамандарының пікірінше, монополияға қарсы заңнаманы бұзумен, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланумен, салықтық алаяқтықпен, парақорлықпен және сыбайлас жемқорлықпен қатар ең көп зиян келтіретін экономикалық қылмыстардың 5 түріне кіреді [4].

Осылайша, террористік қауіп пен ақшаны жылыстау нәтижесінде пайда болатын экономикалық тәуекелдер макроэкономикалық деңгейде де, жеке ұйымдар мен кәсіпорындар деңгейінде де бар. Бұл тұрғыда несиелік ұйымдар ерекше назар аударуды талап етеді, олардың ерекшеліктері оларды (қаржылық емес ұйымдармен салыстырғанда) терроризмді қаржыландыру және ақшаны жылыстау нәтижесінде туындайтын тәуекелдерге ұшыратады. Базель Банктік қадағалау комитеті құжатты жариялағаннан кейін несиелік ұйымдарды қылмыстық кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыру процестеріне тарту тәуекелдері және сәйкесінше оларды талдау, бағалау және бақылауды қоса алғанда осы тәуекелдерге қарсы тұру қажеттілігі жалпыға бірдей танылды [5].

Жалпы мәселенің бұрын шешілмеген бөліктерін бөліп көрсету. Халықаралық ФАТФ ұйымы ақшаны жылыстау және терроризмді қаржыландыру тәуекелін оның үш құрамдас бөлігі арқылы анықтау тәсілін қолданады: «қауіптер — осалдықтар — салдарлар» бұл тәсіл ақшаны жылыстау және терроризмді қаржыландырудың ұлттық тәуекелін бағалау үшін орынды, өйткені бұл деңгейде тәуекелдің статистикалық тұжырымдамасы әртүрлі себептерге байланысты (сапалы деректердің үлкен көлемі) шығындардың ықтималдығы ретінде әлсіз қолданылады, жанама сандық

сипаттамалардың болуы, тәуекелдік оқиғалардың стандарттылығы және басқалар). Алайда қолма-қол ақшамен операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар деңгейінде бастапқы деректердің көп болуына байланысты ақшаны жылыстау тәуекеліне және терроризмді қауіптер, осалдықтар, салдарлар кешені ретінде қаржыландыруға көзқарастың үйлесуі тәуекелдің статистикалық тұжырымдамасын жоғалту ықтималдығы ретінде қарастырады [6].

Тәуекелді бағалауға негізделген тәсіл шеңберінде қадағалау органдары өз күш-жігерін, ең алдымен, құқықтық реттеудің ең төменгі талаптарын қанағаттандыру, тиісінше әрекет ету және тәуекелдерді тиімді төмендету қабілеті тұрғысынан тәуекелдерді басқару бағдарламасын және кредиттік-қаржы мекемесі қолданатын АЖ/ТҚҚ талаптарына сәйкестігін бағалауға шоғырландыруы тиіс. Қадағалау органдарының міндеті жоғары тәуекелді қызметті жүзеге асыруға тыйым салу емес, керісінше, несиелік және қаржылық институттардың тәуекелдерді азайтудың тиісті және тиімді стратегияларын қолданатынына толық сенімді болу.


Мысалы, ФАТФ 29-ұсынымына сәйкес қадағалау органдары ақшаны жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша заңнамалық талаптар мен құқықтық реттеу нормаларына сәйкес келмегені үшін тиісті санкциялар қолдануы тиіс; КЖ/ТҚҚ саласындағы тиімді қадағалау «қадағалау органдарының қызметкерінің өз иелігінде қолдануға жататын қадағалау механизмдерінің жеткілікті кең ауқымы болуы тиіс, егер қадағалау органдары қызметкерінің пікірінше, банк заңнаманы, құқықтық реттеу нормаларын бұзса немесе қадағалау органдарының шешімін орындамаса. мұндай механизмдерге банктің кемшіліктерді дереу жоюды және санкцияларды қолдануды талап ету құқығы да жатады. Іс жүзінде қолданылатын механизмдердің ауқымы жағдайдың қаншалықты ауыр екеніне байланысты».

Айыппұлдар мен өндіріп алулар КЖ/ТҚҚ қатысты кемшіліктерді жоюға бағытталған тиісті құқықтық реттеу шаралары болып табылмайды. Алайда қадағалау органдарына құқық берілуге тиіс және елеулі кемшіліктер анықталған жағдайларда айыппұлдар және/немесе жазалар қолдануға дайын болуға тиіс. Санкциялар әдеттегі қадағалау тәртібімен жүргізілетін кемшіліктерді жою жөніндегі шаралар бағдарламасы нысанында қолданылғаны жөн.

«Базель комитетінің негізгі принциптерінің әдіснамасы» (2006 жылғы қазандағы түзетулермен) қадағалау органдарының дәйекті шараларының бірқатар негізгі аспектілерін

келтіреді. Ақшаны жылыстатуға қарсы тұруға тікелей қатысы жоқ болса да, бұл принциптер

тәуекелдерді басқаруды қадағалау процесіне іс жүзінде пайдалы сипаттама береді (1-сурет).



Ескерту — Автормен [6] деректері бойынша жасалды

1-сурет — Тәуекелдерді басқарудың негізгі бағыттары

Жоғарыда келтірілген деректерді қарау нәтижесінде өзара байланысты реттеу екі орталық нүктеге негізделуі керек: а) құқықтық реттеудің ашықтығы, б) қадағалау органдары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін оқыту.

Осылайша, елдер ақшаны жылыстау және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін айқындап, бағалауы, барлық қажетті қадамдарды, оның ішінде барлық тәуекелдерді бағалау жөніндегі шараларды үйлестіру жөніндегі органды немесе механизмді айқындай отырып, сондай-ақ осы тәуекелдерді тиімді төмендету мақсатында және тұтастай алғанда мемлекет үшін ресурстарды бөлуі тиіс [7].

Ұлттық деңгейде тәуекелдерді бағалаудың маңыздылығы мен нәтижелілігін түсінгеніміздей, бағалау ауқымына қарамастан, қаржы институттары мен белгілі бір қаржылық емес кәсіпорындар мен кәсіптерге (ОНФПП) өз тәуекелдерін бағалауды жүргізу үшін барлық пайдалы ақпаратты бере алады. Тиісінше, кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін тиісінше айқындап, түсінгеннен кейін мемлекеттік органдар, елдер осындай тәуекелдерге пропорционалды КЖ/ТҚҚ шараларын қолдана алады, яғни, тәуекелге бағытталған тәсілді қолдану (тәуекелді бағалауға негізделген тәсіл) FATF стандарттарының негізгі бөлігі.

2021 жылғы ақпанда қаржылық дағдарыстың күшеюімен және көптеген елдерді жаулап алған жаһандық пандемиямен ақшаны жылыстатуға

қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) КЖ/ТҚҚ саласындағы стратегиялық кемшіліктері бар кейбір мемлекеттер атынан өзінің юрисдикциялар тізімін жаңартты.

Халықаралық қаржы жүйесін ТҚ/ТҚ тәуекелдерінен қорғау және ұлттық режимдердің АЖ/ТҚҚ халықаралық стандарттарына неғұрлым толық сәйкестігіне жәрдемдесу мақсатында ФАТФ АЖ/ТҚҚ жүйелерінде әртүрлі стратегиялық кемшіліктері бар юрисдикциялар тізбесін айқындады, сондықтан олармен халықаралық қаржы жүйесіне қауіп төндіретін осы кемшіліктерді жою бойынша жұмыс жүргізеді [8].

Тиісінше, бұл юрисдикциялар ФАТФ екі ресми құжатында орналастырылған:

1. ФАТФ мүше мемлекеттер мен басқа да юрисдикцияларды халықаралық қаржы жүйесін осы юрисдикциялардан шығатын ақшаны жылыстаудың және терроризмді қаржыландырудың (АЖ/ТҚ) сақталып отырған елеулі тәуекелдерінен қорғау мақсатында қарсы шаралар қолдануға шақыратын юрисдикцияларды қамтитын іс-әрекетке шақыруды талап ететін тәуекелі жоғары юрисдикциялар (қара тізім);

2. Кірістерді жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында стратегиялық кемшіліктері бар юрисдикцияларды қамтитын күшейтілген мониторинг пен юрисдикциялар (сұр тізім), олар бойынша ФАТФ іс-қимыл жоспары әзірленді.

Мысалы, тәуекел деңгейі жоғары юрисдикция бойынша ФАТФ КХДР ақшаны жылыстауға қарсы күрестегі және терроризмді (АЖ/ТҚҚ) қаржыландыруға қарсы күрестегі елеулі кемшіліктерді және халықаралық қаржы жүйесінің тұтастығына қауіп төндіретін елеулі қатерді жою бойынша орындамауына әлі де алаңдаулы. ФАТФ КХДР КЖ / ТҚҚ саласындағы кемшіліктерін дереу жоюға шақырады. ФАТФ өз кезегінде жаппай қырып-жою қаруын (ЖҚҚ) таратуға және оны қаржыландыруға байланысты КХДР заңсыз қызметінен туындайтын қауіп туралы алаңдаушылық білдіреді.

Сондай-ақ, тиісінше, ФАТФ өзінің мүше мемлекеттерін және басқа юрисдикцияларды тәуекелдерге пропорционалды тексеру үшін күшейтілген шараларды қолдануға шақыратын юрисдикцияларға Иран да жатады.

Өздеріңіз білетіндей, 2016 жылдың маусымында ФАТФ Иранның АЖ/ТҚҚ стратегиялық кемшіліктерін жою жөніндегі саяси міндеттемесін және оның іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру үшін техникалық көмекке жүгіну туралы шешімін құптады. 2017 жылдың қараша айынан бастап Иран қолма-қол ақшаны декларациялау режимін белгілеп, өзінің АЖ/ТҚҚ туралы заңдарына түзетулер жобаларын ұсынды. Сонымен бірге 2018 жылдың тамызында және 2019 жылдың қаңтарында Иран терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы заңына түзетулер енгізді. Сондықтан ФАТФ осы заңнамалық күш-жігердің барысын мойындайды. Терроризмді қаржыландыру туралы Палермо конвенциясын ратификациялау туралы заң жобаларын Парламент қабылдады, бірақ әлі күшіне енген жоқ. Кез келген елдегідей, ФАТФ тек толық қабылданған заңдарды қарастыра алады. Қалған заңнама толық күшіне енгеннен кейін ФАТФ Иранның ФАТФ стандарттарына сәйкес іс-қимыл жоспарына сәйкес келетін-келмейтінін анықтау үшін оны қабылданған заңнамамен бірге қарастырады.

Тиісінше, Иранның іс-қимыл жоспары 2018 жылдың қаңтарында аяқталғаны атап өтілді. 2019 жылдың маусымында ФАТФ әлі аяқталмаған тармақтар бар екенін және Иран толығымен шешуі керек екенін атап өтті [8].

Айта кету керек, Иран жақында ФАТФ әлі қарастырмаған ПОД-ФТ жарғысын қабылдады, ФАТФ іс-қимыл жоспары орындалмай қалғанына наразылығын білдіреді. Тиісінше, ФАТФ Иранның барлық қалған мәселелерді АЖ/ТҚҚ саласындағы қажетті реформаларды аяқтау және жүзеге асыру арқылы шешуді қамтамасыз ету үшін реформалар арқылы жүргізілуін күтуде.

Осыған орай, 2021 жылдан бастап күшейтілген мониторинг жүргізіліп жатқан елдер

ФАТФ ақшаны жылыстауға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өз режимдеріндегі стратегиялық кемшіліктерді жою үшін белсенді жұмыс істеп келе жатқанын атап өткен жөн. ФАТФ күшейтілген мониторингке юрисдикцияға ие болған кезде бұл елдің анықталған стратегиялық кемшіліктерді келісілген мерзімде тез жоюға міндеттеме алғанын және күшейтілген мониторингке жататынын білдіреді. Бұл тізім көбінесе «сұр тізім» деп аталады.

Қазіргі уақытта ФАТФ стиліндегі аймақтық органдар төмендегі юрисдикциялармен жұмыс істеуді жалғастыруда, олардың стратегиялық кемшіліктерін жоюда қол жеткізілген прогресс туралы хабарлайды. ФАТФ бұл юрисдикцияларды өздерінің іс-қимыл жоспарларын қысқа мерзімде және келісілген мерзімде орындауға шақырады. ФАТФ олардың міндеттемелерін құптайды және олардың ілгерілеуін мұқият қадағалайды. ФАТФ осы юрисдикцияларға тиісті тексерудің күшейтілген шараларын қолдануға шақырмайды, бірақ өз мүшелеріне тәуекелдерді талдауда төменде келтірілген ақпаратты ескеруді ұсынады.

Тиісінше, ФАТФ ақшаны жылыстауға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл режимдерінде стратегиялық кемшіліктері бар қосымша юрисдикцияларды тұрақты негізде анықтайды. Бірқатар юрисдикциялар ФАТФ стиліндегі аймақтық органдардың тексеруінен әлі өткен жоқ.

Мысалы, 2020 жылдың соңында ФАТФ АЖ/ТҚҚ саласындағы стратегиялық кемшіліктері бар жаңа елдерді анықтау жөніндегі өз жұмысын қайта бастауға және мерзімі өткен немесе мерзімі біткен аталған елдерді шолуға басымдық беруге шешім қабылдады. Басқа аталған юрисдикцияларға есеп беру мүмкіндігі берілді. Келесі елдер өздерінің жетістіктерін бағалады. ФАТФ қазан айынан бастап: Албания, Ботсвана, Камбоджа, Гана, Маврикий, Мьянма, Никарагуа, Пәкістан, Панама, Уганда, Зимбабве. Барбадос пен Ямайка пандемияға байланысты есеп беруді кейінге қалдыруды жөн көрді. Осылайша, осы юрисдикциялар үшін 2020 жылдың ақпанында шығарылған мәлімдемелер төменде келтірілген, бірақ олар міндетті түрде берілген юрисдикциядағы АЖ/ТҚҚ режимнің соңғы күйін көрсете алмайды. ФАТФ тексерілгеннен кейін тізімге келесі елдер енгізілді: Буркина-Фасо, Кайман аралдары, Марокко және Сенегал.

ФАТФ бұл елдердің COVID-19 пандемиясына қатысты мәселелерге қарамастан,

ақшаны жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күресте қол жеткізген жетістіктерін құптайды.

Сонымен қатар соңғы мәліметтер бойынша стратегиялық кемшіліктері бар юрисдикцияға келесі елдер жатады: Албания, Барбадос, Ботсвана, Буркина-Фасо, Камбоджа, Кайман аралдары, Гана, Ямайка, Маврикий, Марокко, Мьянма, Никарагуа, Пәкістан, Панама, Сенегал, Сирия, Уганда, Йемен, Зимбабве.

Өздеріңіз білетіндей, 2021 жылдан бастап ФАТФ делегаттары қылмыстық әрекеттерден түскен кірістерді заңдастырудың жолын кесуге және жоюға бағытталған жұмысты жалғастыруда. Дағдарысты қалпына келтіруге күш салуда, ФАТФ стандарттарын толық және тиімді жүзеге асыру және ақшаны жылыстау және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін азайту үшін тәуекелге бағытталған тәсілді қолдану бұрынғыдан да маңызды.

Ұйымның осы бағыттағы жұмысы елдерге қадағалау қызметіне тиімді тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдануға жәрдемдесу үшін басшылық әзірледі, терроризмді қаржыландырғаны және заңсыз қару саудасы мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі жұмыс үшін тергеу жүргізу және қудалауды жүзеге асыру жөніндегі басшылықты дайындауды қамтиды.

Өз кезегінде ФАТФ ақшаны жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға (АЖ/ТҚК) қарсы іс-қимыл жөніндегі күш-жігердің тиімділігін арттыруы мүмкін цифрландыру процесі мәселелері бойынша жұмысты жалғастыруда. Атап айтқанда, ФАТФ жедел органдар үшін АЖ/ТҚК саласындағы цифрлық трансформацияға қатысты жұмыстың жаңа бағытын бастауға келісігі.

Жоғарыда келтірілген факторларды қарастыру нәтижесінде өзара байланысты реттеу екі орталық нүктеге негізделуі керек: а) құқықтық реттеудің ашықтығы, б) қадағалау органдары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін оқыту.

Қорытынды

Демек, ФАТФ жүргізетін өзара бағалау, сондай-ақ коммерциялық құрылымдарды заңсыз пайдаланудың резонанстық жағдайлары қылмыскерлердің заңсыз алынған активтерін жасырын немесе күрделі заңды құрылымдардың артында жасыруға мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Сондай-ақ ашықтықты арттыру және бенефициарлық иелер туралы өзекті ақпараттың тиісті мемлекеттік органдар үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету жолдары бойынша сұрақтар көтеріледі. Сондай-ақ, ФАТФ жұмысының қылмыстық активтерді тиімді

қайтарумен байланысты проблемаларды еңсеруге, экологиялық қылмыстардан түскен кірістерді жылыстатуға қарсы күреске және этникалық және нәсілдік уәжді терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға бағытталған іс-әрекеттері қаралады.

Осылайша, бекітілген икемді процедураларға сәйкес ФАТФ тұрақсыздық пен экономикалық дағдарысты бақылау бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы: Қазақстан Республикасының 2009 ж. 28 тамыздағы № 191-IV Заңы (ҚР 10.06.2014 ж. № 206-V Заңына сәйкес өзгерістер) [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000191_ (өтініш берген күні: 14.06.2020).

2. Морозов, Е. С. Заңсыз кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл бойынша қаржылық мониторингті жетілдіру [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: sartraccs.ru/Disser/morozov3.rar (өтініш берген күні: 14.06.2020).

3. Тұрақты даму саласындағы мақсаттар. — Мәтін: электрондық // Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми сайты [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/sustainable-developmentgoals/> (өтініш берген күні: 14.06.2020).

4. Prevention of Criminal Use of the Banking System for the Purpose of Money-Laundering. Guidelines = ақшаны жылыстату мақсатында банк жүйесін қылмыстық пайдаланудың алдын алу. Нұсқаулық. — Мәтін: Базель Банктік қадағалау комитетінің [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <http://www.bis.org/publ/bcbasc137.pdf> (өтініш берген күні: 10.04.2020).

5. Галали, Р., Дж. А. Банктерді қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға тарту тәуекелдері: талдау және бағалау тәсілдері // Қаржылық зерттеулер. — 2020. — № 2 (67). — С. 86 – 97 [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: https://finis.rsue.ru/2020_N2/2020-2.pdf (өтініш берген күні: 19.07.2021).

6. Корнейчук, В. И. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелін басқару // Қаржылық талдау: мәселелер мен шешімдер. — 2014. — № 3. — 29-б.

7. ФАТФ ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткіліксіз орындайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесі [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: [https://afmrk.gov.kz/ru/to-help-sps/a-list-of-states-\(territories\)-that-do-not-perfor/](https://afmrk.gov.kz/ru/to-help-sps/a-list-of-states-(territories)-that-do-not-perfor/) (өтініш берген күні: 19.07.2021).

8. 2021 жылғы 24-25 ақпандағы ФАТФ жалпы отырысының қорытындысы [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://eurasiangroup.org/ru/outcomes-fatf-plenary-22-24-and-25-february-2021> (өтініш берген күні: 19.07.2021).



ФИЛОСОФИЯ

PHILOSOPHY



*Әсел НИКАМБЕКОВА, қоғамдық-саяси пәндер
және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының аға оқытушысы,
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті,
100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш., 9, aselinanb@gmail.com*

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ЭКЗИСТЕНЦИАЛДЫ СҰРАҚТАРЫ

Аннотация: Шәкәрім философиясы бүгінгі қоғам өмірінде де өзекті болып отыр. Гуманистік идеялардың озық үлгісі ретінде қазақ ойшылдарының еңбектерін насихаттаудың маңызы зор. Мақалада қазақ философиясындағы дүние мен өмір, адам мен адамгершілік жайлы ой толғамдарға жауап іздеген данышпан бабамыздың еңбектеріне талдау жасауға тырыстық.

Негізгі сөздер: әділетті қоғам, ар ілімі, мейірім, адамзат, жан, тән.

*Асель НИКАМБЕКОВА, старший преподаватель
кафедры социально-политических дисциплин и Ассамблеи Народа Казахстана
Карагандинского университета Казпотребсоюза,
100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9, aselinanb@gmail.com*

ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИУЛЫ

Аннотация: В современном обществе философия Шакарима как никогда актуальна. Важно популяризировать творчество казахских мыслителей как передовой образец гуманистических идей. В статье мы попытались проанализировать творчество нашего мудреца, который был в поисках ответов о смысле жизни, о бытие человечества и нравственности в казахской философии.

Ключевые слова: справедливое общество, совесть, доброта, человечность, душа, тело.

*Asel NIKAMBEKOVA, Senior Lecturer of the Department of Social
and Political Disciplines and the Assembly of the People of Kazakhstan,
Karaganda University of Kazpotreboyz,
100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya st., 9, aselinanb@gmail.com*

EXISTENTIAL QUESTIONS OF SHAKARIM KUDAYBERDIULY

Abstract: In modern society, Shakarim's philosophy is more relevant than ever. It is important to popularize the work of Kazakh thinkers as an advanced example of humanistic ideas. In the article, we tried to analyze the work of our sage, who was in search of answers about the meaning of life, about the existence of humanity and morality in Kazakh philosophy.

Keywords: fair society, conscience, kindness, humanity, soul, body.

Мәселені анықтау және зерттеу мақсаты

Өскенбай би ұрпақтарының ішінен шыққан текті перзент Абайдан соң Шәкәрім еді. Адалдықты ар еткен Ш. Құдайбердіұлы Абай мектебінің көрнекті өкілі. «Адал бол, Шәкәрім! Сенің екі нағашың да адал болған. Сенің адал болатын жөнің бар.» деген Құнанбай атасының өсиетін естіп, Абайдың тәрбиесін көріп өскен Шәкәрім замандастарына адалдықтың үлгісі бола білді. Ойшыл жайлы айтқанда ұстазы Абайды айтпай кету мүмкін емес. Көрнекті әдебиеттанушы ғалым Қайым Мұхамедханұлы Шәкәрім туралы: «Абай шәкірттерінің ішінде көп жазғаны да, көп жасағаны да Шақәрім: Ол әрі лирик, әрі ақын және прозаик, композитор және музыкант, орыс және шығыс классиктерімен қазақ оқушыларын таныстырған

шебер аудармашы, ол терең ойшыл, әрі бармағынан бал тамған «сегіз қырлы өнерпаз, үлкен мәдениет қайраткері» — дейді. Шәкәрім — Абайдың рухани жолын жалғастырушы ғалым.

Ш. Құдайбердіұлының шығармашылығы өте терең. Ол еңбекке, оқу-білімге шақыратын өлеңдерінен басқа күрделі діни-философиялық тақырыпта шығармалар жазды. «Мұсылмандық шарты», «Үш анық», «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» ойшыл шығармашылығының биік шыңы. Шәкәрім «Қош, жұртым» өлеңінде: «Тастандар күндес, мақтанын, // Көрген соң таңның атқанын, // Жөн емес жай жатқанын! // Нұр құйып елдің ойына, // Баста адал жолға елді! // Еңбек жанатын заман мынау, // Ерлерім келді». — деп елді бірлікке шақырды [1, 169-б.].

Тәуелсіз Қазақстанның жолында жай жататын заман емес, еңбек жанатын заман туды. Абай сынаған кертартпа мінезден арылатын уақыт жетті. Қазақ елі өркениетті елдер көшіне ілесуіне мүмкіндіктер мол. Көкірегі ояу жастары бар мемлекет алға басады, қиянатшылдығы көп ел артта қалады. Бүгінгі қоғамдағы кеселдің бірі күндестік пен бақталастық. Шәкәрім «Шын бақ қайсы? Күншіл кім?» өлеңінде күншілдерді күннің нұрын жек көретін жарқанатқа теңеген. «Қазақ» деген өлеңінде болса ойшыл «жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа, қазақ жүр құмарланып құр шатаққа» деп күйінеді.

Өркениетті елдерде ғылыми-техникалық прогресс көз ілеспес жылдамдықпен дамуда. Ғарышты игеру, медицинадағы жаңалықтар, нанотехнологиялар дамыған елдердің жетістігі. Адамзат пайда болғалы бері өз қабілетін табиғатты игеру арқылы анықтап келеді. Ескі құндылықтардың орнын мүлде жаңа құндылықтар алмастырады. Алайда «елу жылда ел жаңа» болғанмен, адамшылықтың өлшемі өзгермес аксиома. Бүгін де заман емес адам өзгерді. Адамның пейілі тарылды. Хакім Абайдың шәкірті Ш. Құдайбердиевтің «ар ілімінде» қай заманда болмасын маңызын жоймайды. «Ақ жүрек», «Таза ақыл», «Қиянатсыз адам» — Шәкәрім философиясының негізгі категориялары.

Зерттеу әдістері мен әдістемесі

Адам — Жаратушы Иенің ерік пен ақыл берген сүйген құлы. Біздің жануарлардан ерекшелігіміз жақсы-жаманды айырып, іс-әрекетімізге есеп бере алуымызда. Бұл туралы ойшыл өз ойын «Адамнан артық жандық жаралмаған» өлеңінде былайша білдіреді: «Адамның айуаннан айланы мол, // Қит етсе қиянатқа қояды қол. // Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек — // Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол» [1, 86-б.].

1990 ж қазақ зиялыларын ақтау жөніндегі комиссияны басқарған академик ғалым Жабайхан Әбділдин «Алаш азаматтарының ақталуы мақаласында» Шәкәрім туралы: «Өзімнің айналысып жүрген Кант, Гегель, Фихте, Шеллинг, Платон, Аристотель сынды идеалистермен салыстырып қарасам, Шәкәрім тіпті әулие екен», — дейді [2, 9-б.]. Ж. Әбділдиннің осыдан 28 жыл бұрын айтқан сөздері бүгінгі күні шындыққа айналды. Қазақ топырағында туған философтарды оқыту біздің қоғамға әлдеқайда тиімді екеніне көзіміз жетті. Әрине, батыс философиясы әлемдегі ең үздік те классикалық философия болып қала бермек. Әйткенмен қазақ жерінде туып өскен Яссауи, Бұқар жырау, Абай, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім тәрізді ғұламалар философиясы өскелең ұрпаққа

көбірек пайда беретін ақиқат жол. Еуропа философиясындағы абстрактілі дүниеге көзқарастан гөрі, шығыстық төрт жол өлеңде айтылған өнеге болмысымызға жақынырақ.

Шәкәрім «адамның ең асылы қиянатсыз ақ бейіл» деген ұстанымды ту етіп, халықты адал еңбекке шақырды, көңіл тазалығына үндеді. Адам дүниеге келгеннен соң оның болмысында үнемі екі күш күресумен болады. Бірі — нәпсі тән азығы болса, екіншісі — рух жан азығы. Белгілі Шәкәрімтанушы ғалым Б. Қ. Рақымжанов «Шәкәрім жан мен рухты айырып қарады. Шәкәрімге дейінгі қазақ мәдениетінде рух ол жан емес, ол адамның ақыл ойымен байланысты қасиет деп білді» — дейді [3, 72-б.]. Нәпсі деген сөз арабтың «нафс — жан деген сөзінен шыққан. Нәпсі адамның болмысы, одан мүлде ажырай алмаймыз. Бұл дүниеге келген соң нәпсімен күресу адамзатқа артылған ауыр жаза. Нәпсіні тек тәрбиелеуге болады. Абай отыз жетінші қара сөзінде: «Мен егер қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», — деп адам жаратылысында нәпсіні жеңерлік ақыл барын айтады [4, 135-б.]. Нәпсіні жеңген адам жаман әдеттен арылады, ал әдет мінезге айналады.

Ш. Құдайбердіұлы дүниетанымындағы нәпсі көбіне құмарлық сөзімен байланысты аталады. Адам баласы нәпсіні ешқашан толық жеңе алмайды. Шәкәрім болса пенденің күнәдан қашып құтыла алмасың біліп отыр. Күнәнің өтеуін ойшыл ғылым ізде, не кәсіп үйрен, әр сағатты қапы өткізбе босқа жүрме дейді. Күнәні бірнеше түрге бөлуге болады. Мысалы ауыр күнә, білместікпен жасалған күнәлар т. т. Ақын шығармашылығындағы «күнә» ұғымы аморальді (жалқаулық, өтірік айту, ызақорлық т. б.) іс-әрекетпен байланысты болып келеді. Батыстық философтар ойшыл айтқан «таза ақылды» таным, зерде, саналы, бейсаналы, пайым, түйсік деген сияқты сан болжам жасап күрделендіріп жіберді. Олардың «көп томдық» еңбектерінен қарапайым адам адасып, шешімін таппай қарама-қайшылыққа ұрынуы мүмкін. Тіпті өздері қайшылыққа ұрынып алдыңғы еңбекте айтылған пікірге кейінгі еңбегінде күмәнмен қарағандығын аңғаруға болады. Алайда әлем XIX – XX ғасыр философиясы десе, Кант, Гегель, Ницше, Фрейд сияқты ойшылдарды мойындайды. Неліктен неміс философиясы классикалық философияға айналды? Оның негізгі себебі біреу — мемлекеттік идеология. Германия жұрты философияны идеологияға айналдырды. Қоғамда дау туғызған мәселелер шықса, халық Абайға жүгінетіндігін аңғарып жүрміз. Бұл Абай дүниетанымы ұлттық тірекке айналғанның көрінісі.

Адам болмысында жаратылған сезімдер туралы ойшыл жіктеп жазған. Ш. Құдайбердіұлы ақылдың сан қырлы қасиетін ашып береді. Шәкәрім дүниетанымындағы таза ақыл, сау ақыл, еркін ақыл, бұл біз ойлағандай пайымдағыш, ойлағыш ақыл емес. Ойшылдың меңзегені Жаратушымен байланыстағы ақыл, Алланың адамды жаратқандағы мақсаттағы берілген ғарыштық ақыл. Яғни Жер деп аталатын ғаламшардағы жалған фани дүниеде нәпсіні тойдыруға қажет болатын емес, мәңгілік мекенге апаратын ақыл туралы айтып отыр. Құдай қазақ дүниетанымында абсолютті шындық. Олай болса, діни-философиялық тенденциялар санаға әбден бекіген. Қазақтың «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген бірауыз сөзіне қаншама гуманитарлық ілімдер сыйып кетеді. Шәкәрім бір өлеңінде ақылға мынандай сипат берген: «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр, // Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр. // Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен // Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр» [1, 88-б.].

Ш. Құдайбердіұлы қолданған «таза ақыл», «сау ақыл» ұғымдарына қарама-қарсы «ластанған ақыл» «кеселді ақыл» десек ақылды деп жүрген алпауыт елдердің жарыса жасап жүрген зұлымдықтарына сескене қарар едік. Ойшыл ақылдың қасиетін жаратушыдан келген нұр деп бағалап отыр. Сол нұрды қалай жұмсайтынын адамның өзі таңдайды. Адам бұл дүниеге тасталған еркін тұлға. Адамда ерік бар. Ойшыл «Керексіз жаралған бір тозаңы жоқ» дейді. Ғарыштық өлшеммен қарасақ адам — тозаң. Үнемі қозғалыс күшіне ие шектеулі еркі бар, шектеулі ақылы бар тозаң. Жаралыстың сырын білуге деген құмарлық адаммен бірге жаратылған сезім. Ал түйсік осы құмарлықты басып, ғаламның шексіздігін сезінеміз. Адам кеңістік пен уақыттың барын түйсікпен қабылдайды. Себебі адам шексіз уақыт пен кеңістіктің бір мезеті ғана. Адам тәнін тастағаннан кейін жаны шексіздіктің басқа уақыты мен кеңістігіне көшеді.

Зерттеу нәтижелері

Ш. Құдайбердіұлы 1912 жылы «Айқап» журналының 5 нөміріне «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» деп хат жазған. Бес сауалдың бәрі философияның өзекті мәселесін аша түседі, адам жанын толғандырып, бір сәт әлемді оймен шарлатады. Бұл сұрақтар бір қарағанда кез келген деңгей мен жастағы адамға жеңіл болып көрінуі мүмкін. Ойшыл қысқа да нақты қойылған сауалымен үлкен философиялық ойларға жетелейді. Осы сұрақтардың төңірегінде ойланып көрген адамға еріксіз дүниеге адамның қонақ екендігі, әр пендеге жазылған тағдыр бар екені еске түседі. Философтың сұрағына 110 жыл

болған екен. Шәкәрім сауалына жауап іздеген бүгінгі ғалымдардан академик Ғ. Есімді, тарихшы-ғалым Ж. Артықбаевты, дінтанушы М. Бұлұтайды білеміз. Адам жайлы философиялық мәселелерді көтерген осы сауалдарға Шәкәрімнің өлеңдерінен жауап іздеп көруге тырысып көрсек. Негізгі мақсат Шәкәрімнің «бес сауалына» назар аударту.

1. Сұрақ: Алланың адамды жаратқандағы мақсаты не?

Жауап: «Ей жастар, қалай дейсің бұл дүние? // Мұны бүйтіп жаратқан қандай нәрсе? // Білімсіз мақсұтсыздан шыққан болса, // Мақсұт білім ой шықты мұнан неге? // Керексіз жаралған бір тозаңы жоқ // Тәртіпті таңғаларлық зор мәшине» «Ей жастар, қалай дейсің бұл дүние?» [1, 114-б.].

2. Сұрақ: Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?

Жауап: «Өміріңді сарп қыл өлгенінше. // Жоба тап, жол көрсет, // Келешек қамы үшін. // Қайтадан қайрылып, // Қауымға келмейсің, // Барынды, нәріңді // Тірлікте бергейсің. // Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң, // Шын бақыт, осыны ұқ, // Мәңгілік өлмейсің!» «Адамдық борышың» [1, 167-б.].

3. Сұрақ: Адамға өлген соң мейлі не жөнмен болсын рахат бейнет (сауап азап) бар ма?

Жауап: «Жоқ, шырағым! Жанымыз жоғалмайды, // Екі өмірдің азығы осы ұждан! // Әйтпесе, оған бұл өмір төлеу емес, // Төлеуі: түпсіз рахат, тозбас заман. // Ар, ынсаптың пайдасын жан сезеді, // Өлген соң пайда аларын біліп тұрған». «Ұждандыны мақтайды тамам адам» [1, 116-б.].

4. Сұрақ: Ең жақсы адам не қылған кісі?

Жауап: «Адамның ең асылы — // Қиянатсыз ақ пейіл, // Ең зиянкес жасығы — // Тайғақ мінез, екі тіл». «Ғылымсыз адам айуан» [1, 154-б.].

5. Сұрақ: Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп барама, бұзылып бара жатыр ма?

Қай түрлі жауап берсеңіз де дәлеліңіз не?

Жауап: «Мен кетемін, келеді тағы өмірге мендей, // Олар мінді көреді, қисық жерін жөндей. // Бара-бара айқындалып ақтық істің анығы, // Адаққанмен хақиқатқа қоймақ емес сенбей». «Мен кетемін, келеді тағы өмірге мендей» [1, 169-б.].

Шәкәрімге осындай сұрақтарды қойғызған қандай күш? Ол күш — Абайдан алған тағылым, кіршіксіз таза жүрек пен иман. Ирланд философы Толанд Джон «Адамзат барлық уақытта бірдей» деп айтқандай, Шәкәрім сауалдары қай заманда болмасын адамзатты ойлантпай қоймас. Ойшыл осы сауалды қойған хатында «Екеуінің қайсысымен жазылса да қол

қойылған болып, адресі көрсетілуі тиіс, себебі құдай жеткізсе, бұл туралы жиналған сөздердің бәрін жинап кітап қылып бастырмақ талабым бар» деп жоспарлайтынын айтқан [2, 142-б.]. Ойшыл бес сауалға түрлі жауап күткендей, пікір алмасып, талдауды көздеген болуы керек. Ш. Құдайбердіұлының диалектикалық сауалдары діни-философияда сан алуан гипотезалар тудыруы мүмкін. Өзімізге қарсы сұрақ қою философияда заңдылық. «Ойшыл өзі қандай жауап жазар еді?» деген сұрақ көкейге бірден келеді. Ш. Құдайбердіұлы «не жазсаңызда дәлеліңіз не» деп априорлы тұжырымдарға ескерту жасап отыр. «Шәкәрімнің бес сауалы» атты философиялық кітабының баспа бетінде жарық көретініне сенеміз. Рухани жаңғыру мемлекеттік бағдарламасының өзі дала данышпанының еңбектеріне қажеттілік барын көрсетіп отыр.

Философияның тарихи, саяси, діни, өмір, адам философиясы деген түрлері бар. Қазақстанда кең таралғаны қай түрі? Әрине дін философиясы. Мысалы қазақтың әйгілі Абайын қай жағынан алсақ та, саяси немесе діннен де, тарихылықтан да табамыз. Данышпандықтың критерийі жан-жақтылық, идеялардың әмбебап болуы. Мысалы, тарих философиясы десек, К. Ясперс А. Тойнби, саяси десе Платон, Н. Макиавелли, дін десе Фома Аквинский ойға келеді. Бұл қазақ философиясының теориясы түгелімен батыстық ілімге тәуелді етіп қойғандығымыз. Әрине еуропа философиясының тереңдігін мойындаймыз, олай болмаса, О. Шпенглер өз шиқанын өзі жарып «Еуропаның күйреуі» атты еңбек жазар ма еді? Қазақ философиясында дін адам философиясымен байланысып жатыр. Ал тарих және саяси философия өте төмен деңгейде. Бұл қазақ философия ғылымының әлі де бір жолға түсе алмауы. Бұның бір себебі жоғарыда айтып өткен батыс философиясының ықпалы болуы мүмкін. Түркі елдерінің ортақ философиясына негізделген синтезделген қазақ философиясының өзегін тауып алу керек. Әсіресе қазіргі қоғамда белең алған не діни фанатизмге, не еуропалық рационалистік психосоматикаға құлдық ұрған тренингтердің дәурені болып тұр. Бұның бәрі өтпелі кезең. Қазақ философиясы өз жүйесін тапқанда оның бәрі кешегі марксизм идеясындай өздігінен жоғалады.

Философияның бір саласы өмір философиясы. «Адам баласы дүниеге жылап туады, кейіп өледі», — дейді Абай. Шәкәрім болса екі өмірге керек ұждан дейді.

«Шаранамен туып едің, // Бөз оранып өтесің.
// Бір сағымды қуып едің, // Қай уақытта жетесің?
// Қанша дәулет жиып едің, // Бәрі қалды,
нетесің? // Мал үшін жан қиып едің, // Қайтіп
алып кетесің?!»

Абай нұсқаған ақиқат жолымен жүрген Шәкәрім адамшылық, ар ілімі, ұждан сияқты категорияларды қарапайым әрі терең ғылыми-философиялық ұғымда енгізген философ. Жоғары оқу орындарының бағдарламасына Шәкәрімнің ар ілімні пән ретінде енгізілсе, дұрыс болар еді. Мемлекеттің ең басты құндылығы — адам. Қазақстандағы әр адам өз ісіне ақын айтқан адал еңбекпен қараса елде міндетті түрде өрлеу болады. Дәрігер адал емдесе, сот әділ үкім шығарса, саудагер өсім алмаса, адал еңбек елдің ырысын арттырады. Адалдықтан аттаған адамды нәпсі жеңбек. Абай айтқандай «адам бөк көтерген бөктың қабы», қарынды толтыру үшін адамзат небір сұмдыққа барады. Өз құлқынын жеңген нағыз адам. Ш. Құдайбердіұлы «Серігім жалғыз Әуіш қасымдағы» өлеңінде былайша толғанады: «Тату тұрса, адамға дүние кең, // Еңбек ет, жер жеткілік береді кен, // Адамның адал ұлы болам десең, // Алдыменен өзіннің нәпсінді жең» [1, 105-б.].

Жас буынға Абайдан, Шәкәрімнен тамшыдай білім берудің нәтижесі келер ұрпақтан жемісін көреміз. Батыстық дүниетанымды оқыту бізге пайда әкелмейді, себебі Абайша жүрекке жетпейді. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп күйініп өткен Абайдың ұлтына жанашырлықпен, ет жүрегіне салмақ салып айтқан қара сөздері, Шәкәрімнің философиялық шығармалары ұрпақты адамдыққа тәрбиелейді. Таза ақылмен оқып білген білімді ақ жүрекпен көңілге бекітетін тек туған елдің данышпандары, ақын-жыраулары, хакімдері қалдырған мұралар. Шәкәрімнің ар ілімімен рухани иммунитетті күшейтсек елдің экономикасы да жетістікке жетеді, елде жемқорлық жойылады, Әлихандай «ұлтыма қызмет етпей қоймаймын» деген ұрпақ келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. *Шәкәрім*. Қазақ айнасы. — Алматы : Атамұра баспасы, 2003. — 296-б.
2. Құрастырған : Т. Шаңбай. Шәкәрімтану мәселелері : Сериялық ғылыми жинақ. 2 т. — Семей — Новосибирск : Таллер-Пресс, 2006. — 360-б.
3. *Б. Қ. Рақымжанов*. Шәкәрімнің үш анығы немесе таным таразысындағы ақиқат : ғылыми мақала // Шәкәрім ғылыми-педагогикалық журналы. — 2006. — № 3 (03).
4. *Абай*. Екі томдық шығармалар жинағы. — Алматы : Жазушы, 1986. — 200-б.



ПЕДАГОГИКА

PEDAGOGY



*Мадина АБДАКИМОВА, кандидат педагогических наук, доцент,
madina-7373@mail.ru, +77059111073*

*Наталья ГРОССУЛ, магистр социальных наук, преподаватель,
iskanataly@gmail.com, +77476682650*

*(Карагандинский университет Казпотребсоюза,
100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9)*

*Асет АБДАКИМОВ, магистрант,
abdakimov_1@mail.ru, +77004506860*

*(Университет КАЗГЮУ им. М. С. Нарикбаева,
010000, Республика Казахстан, г. Астана, Коргалжинское шоссе, 8)*

К ВОПРОСУ О ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЯХ И ПЕДАГОГИЧЕСКОМ МАСТЕРСТВЕ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ

Аннотация. Данная статья поднимает вопросы необходимых для современного преподавателя качеств, которые так или иначе влияют на образовательный процесс. Авторами предложена авторская модель преподавателя, которая содержит в себе набор личностных и профессиональных качеств, способностей и умений, а также отсылает к особенностям педагогического мышления.

Ключевые слова: педагогические способности, педагогическое мастерство, модель преподавателя.

*Мадина АБДАКИМОВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
madina-7373@mail.ru, +77059111073*

*Наталья ГРОССУЛ, әлеуметтік ғылымдар магистрі, оқытушы,
iskanataly@gmail.com, +77476682650*

*(Қазтұтынуодағы Қараганлы экономикалық университеті,
100009, Қазақстан Республикасы, Қараганды қ., Академическая көш., 9)*

*Асет АБДАКИМОВ, магистрант,
abdakimov_1@mail.ru, +77004506860*

*(М. С. Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті,
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қоргалжын тас жолы, 8)*

ОҚЫТУШЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Аннотация. Аталған мақала қазіргі заманғы оқытушыға қажетті білім беру процесіне қандай да бір түрде әсер ететін қасиеттер туралы мәселелер қарастырылады. Авторлар оқытушының авторлық моделін ұсынады, онда жеке және кәсіби қасиеттер, қабілеттер мен дағдылар жиынтығы бар, сонымен қатар педагогикалық ойлаудың ерекшеліктеріне сілтеме жасайды.

Негізгі сөздер: педагогикалық қабілеттер, педагогикалық шеберлік, оқытушы моделі.

*Madina ABDAKIMOVA, Candidate of Pedagogic Sciences, Associate Professor,
madina-7373@mail.ru, +77059111073*

*Natalya GROSSUL, Master of Social Sciences, teacher,
iskanataly@gmail.com, +77476682650*

*(Karaganda University of Kazpotrebsoyuz,
100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9)*

*Aset ABDAKIMOV, master student,
abdakimov_1@mail.ru, +77004506860*

(M. Narikbayev KAZGUU University, 010000, Kazakhstan, Astana, Korgalzhyn highway, 8)

ON THE ISSUE OF PEDAGOGICAL ABILITIES AND PEDAGOGICAL SKILLS OF A TEACHER

Abstract. This article raises questions about the qualities necessary for a modern teacher, which somehow affect the educational process. The authors propose an author's model of a teacher, which contains a set of personal and professional qualities, abilities and skills, and also refers to the peculiarities of pedagogical thinking.

Keywords: pedagogical abilities, pedagogical skills, teacher model.

Современные реалии в мире, внешние и внутренние вызовы и угрозы поставили на повестку дня жизнеспособность нации и конкурентоспособность экономики в зависимости от уровня человеческого капитала. Человеческий капитал — это знания, навыки и здоровье, в которые люди вкладывают средства и которые они аккумулируют в течение своей жизни, что позволяет им реализовывать свой потенциал в качестве полезных членов общества [1, с. 4]. Теория человеческого капитала имеет ярко выраженный педагогический смысл, так как человеческий капитал, состоящий из знаний, навыков и здоровья, рассматривается как критерий оценки качества образования. А целью образовательной деятельности преподавателя высшей школы выступает формирование и развитие человеческого капитала. Следовательно, на преподавателя возложена почетная миссия и ответственность за будущее нации, так как развитие человеческого капитала выступает ключевым условием для построения сильного социально сплоченного общества.

Осознание и «принятие» данного положения привело к активному обсуждению в Казахстане статуса педагога в обществе, требований к уровню его компетентности, роли педагога в социальных преобразованиях. Принятие закона о статусе педагога [2] стало логическим звеном единого процесса повышения имиджа педагога и придания ему особого положения в обществе.

Раз общество заслуженно возводит на пьедестал Педагога, то и предъявляет ему высокие требования, что выражается в ужесточении процедуры отбора претендентов на педагогические специальности, совершенствование их качественной подготовки и определение уровня профессиональной компетентности педагога посредством процедуры национального квалификационного тестирования. Это ставит вопрос и подхода к обучению педагогов, где, конечно, лидирует компетентностный подход — наиболее актуальный, учитывающий текущую реальность и новые требования, которых не было в предыдущих программах обучения [3, с. 180].

Будучи абсолютно солидарными со всеми мыслителями прошлого и современности, что педагогическая деятельность один из важнейших видов человеческой активности, а педагог — сила, влияющая на умы молодого поколения, убеждены в том, что современные преподаватели высшей школы должны соответствовать современным вызовам дня. Например, формирование социального государства как глобальная цель, реализация инклюзивной политики и инклюзивного образования как

стратегия, требует от преподавателя высшей школы готовности работать в постоянно изменяющихся социальных условиях. Формирование инклюзивного общества, как задача преподавателя высшей школы — это процесс, позволяющий всем людям в обществе чувствовать себя ценными и включенными во все сферы жизни. Каждый обучающийся, согласно теории экологических систем американского психолога У.Бронфенбреннера, — это часть экосистемы. В педагогическом процессе без учета влияния социальных факторов экологической среды, состоящей из четырех подсистем — микросистемы, мезосистемы, экосистемы и макросистемы, влияющих на обучающегося, просто невозможно [4, с. 8].

Согласно теории экологических систем обучающиеся являются как продуктами, так и создателями окружающей среды. По Бронфенбреннеру, ситуации в жизни могут быть как навязанными отдельно человеку, так и оказываться результатом активности самой личности. Экосистемный подход в образовании дополнит индивидуальный и личностно-ориентированный подходы, так как согласно теории экологических систем обучающегося можно и нужно рассматривать и как продуктами окружающей среды, то есть педагогического процесса, так и создателями окружающей среды и субъектами образования. Тем самым преподаватели будут следовать таким мега тенденциям развития современного высшего образования, как гуманизация и демократизация образования. Понимание «личности в среде» важно для определения барьеров и возможностей изменения, реализации принципов и ценностей инклюзивного общества, состоящих в следующем:

- ценность человека не зависит от его способностей и достижений;
- каждый человек способен обучаться, думать и чувствовать;
- качественное образование может осуществляться только в контексте индивидуальных способностей и потребностей;
- для обучающихся достижение прогресса (результат обучения) сравнивается только по отношению к ним самим и скорее в том, что они умеют делать, чем в том, что не могут.

Для этого необходимо преподавателю развивать педагогические способности, выражающиеся не только в скорости, глубине, легкости и силе процесса овладения знаниями, умениями и навыками, а главное — в личностном самосовершенствовании. Ведь педагогическое мастерство, являющееся важной предпосылкой успешного овладения

педагогической деятельностью, представляет собой качество личности, которое выражается в склонностях к работе со студентами, любви к ним, получении удовольствия от общения с ними.

Действительно, не каждому дано быть Педагогом. Не зря долгие годы был спор: педагогика – это искусство или наука? Предрасположенность (склонность), личностная готовность к участию в образовательной деятельности предполагает ориентацию личности на профессию типа «Человек – Человек», которую российский автор Л. М. Митина называет образовательной ориентацией. Педагогическая ориентация включает в себя: ориентацию на студента; ориентацию на самого себя; ориентацию на тематическую сторону педагогической профессии.

Основополагающая способность преподавателя — постоянное стремление к саморазвитию, обеспечивает достаточно высокий уровень формирования общих навыков, таких как: гностические; проектировочные; конструктивные; коммуникативные; организаторские. Развитие технологий и сокращение жизненного цикла профессий привели к устареванию классической модели образования «школа-вуз». Ей на смену пришла концепция непрерывного образования. Непрерывное образование, обучение на протяжении всей жизни, состоящее из формального, неформального и информального образования – актуальный тренд для педагога 21 века. Смысл парадигмы «непрерывное образование через всю жизнь» заставляет каждого преподавателя задуматься о собственной востребованности в обществе, о развитии, самообразовании.

Современный преподаватель должен развивать способность быть рядом с обучающимся в процессе расширения его возможностей, независимости, актуализации умения принимать решения и предпринимать действия (например, научить ловить рыбу, а не давать саму рыбу). Это станет возможным только в условиях формирования преподавателем собственной культурной компетентности, означающей уважительное взаимодействие с людьми всех культур, языков, классов, рас, этнических основ, религий, духовных традиций и других факторов разнообразия, таким образом, чтобы признавать, подтверждать и дорожить ценностью отдельных лиц, а также защищать и сохранять достоинство каждого из них. Это согласуется с общими принципами инклюзивного общества:

- уважение достоинства, индивидуальной автономии, включая свободу делать собственный выбор, и независимость людей;

- недискриминация;

- полное и эффективное участие и включение в общество;

- уважение к различиям и принятие людей с особенностями как часть человеческого разнообразия;

- равенство возможностей;

- уважение права на сохранение своей идентичности [5, с. 295].

Следовательно, современному преподавателю нельзя допускать стигматизации в педагогической деятельности и демонстрировать дискриминационную практику. Ведь и сейчас возникают конфликтные ситуации в учебном процессе, когда преподаватель может позволить навесить «ярлык» на студента («неперспективный», «необучаемый»...), что ставит блок, барьер, вследствие чего студенты не могут сотрудничать с преподавателем, у них возникает страх быть непонятым, оказаться неправым, тем самым они лишаются возможности «видеть» свои сильные стороны и качества. Таким образом, дискриминация или стигматизация обучающегося может стать барьером, по-другому, фактором в окружении человека, который может ограничивать его образование.

Исходя из этого, следующее качество, которое необходимо выделить у преподавателя — это наличие эмпатии, умения слушать другого человека, эмпатически реагировать, владеть навыками поощрения и позитивных утверждений (например, техника аффирмации). Здесь важно отметить, что, преподавателю необязательно обладать любовью к студентам, однако обязательно иметь эмпатию и уметь слушать. Студенты бывают абсолютно разными, каждый из них обладает своей уникальностью, своими достоинствами и недостатками, а роль педагога заключается не в любви к ним, а в необходимости дать им знания, научить их. И здесь важно разграничивать понятие любви к студенту и умение сопереживать ему, сочувствовать, вставать на его место, осознавать причины и мотивы тех или иных его поступков, то, как он взаимодействует с педагогом и коллективом. Принять их такими, какие они есть, и помочь им найти способ развития и увидеть лучшие их качества, показать им путь к совершенствованию, дать им в руки средства для того, чтобы расти и развиваться — вот необходимые качества преподавателя. Иначе говоря — относиться к каждому студенту как к

личности, проявляя сочувствие и понимание того, что может происходить в их жизни.

Коммуникативные навыки имеют решающее значение, потому что студент может научиться чему-то, решая проблемную ситуацию и задачу самостоятельно. Коммуникативные навыки необходимы педагогу для того, чтобы побудить каждого студента включиться в деятельность, самим преодолеть трудности в ней.

Эффективная коммуникация, как правило, — это основанная на фактах, честная, своевременная, точная, краткая, ориентированная на достижение цели, легко понимаемая получателем, интегративная, конгруэнтная, увлекательная, достоверная, надежная, быстро реагирующая коммуникация. Говоря о коммуникативных навыках, как важной составляющей педагогического мастерства педагога, хочется поставить задачу — делать коммуникацию конгруэнтной, чтобы не было диссонанса в вербальной и невербальной передаче одной и той же информации. Это, опять-таки об искренности, о честности, о включенности преподавателя в коммуникационный процесс.

Коммуникативные навыки способствуют оптимальному процессу интеракции и приводят к созданию педагогически целесообразных отношений между участниками взаимодействия: способность к опосредованному воздействию, способность создавать уверенность в обучающихся и участия в совместной деятельности. В связи с этим преподавателю будет очень полезно знать о 12 препятствиях общения по Т. Гордону, которые помогут грамотно структурировать вербальное общение со студентами и соблюдать педагогический такт. Например, такое препятствие, как суждение, критика, несогласие, обвинение: вместо часто практикуемого некоторыми преподавателями выпада в адрес студента «Вы настолько ленивы и безответственны» нужно перефразировать «Я удивлен некоторыми действиями, которые вы совершили или не совершили». Это придаст общению дружелюбный тон и обеспечит взаимодействие между субъектами педагогического процесса с эмпатией и уважением [6, с. 42].

Знание и любовь к предмету не исключает необходимость владения ораторскими навыками и умением объяснять материал. Часто существуют преподаватели, которые вдохновлены своим предметом, однако совершенно не могут объяснить его другим, не владеют поставленной речью, не умеют доносить информацию и не могут понять, как просто объяснять сложное и как адаптировать

информацию для разных групп студентов. Вместе с тем, занятие не должно превращаться в «шоу для одного человека», а должно обеспечить получение прочных знаний студентами.

Еще одно качество, которое необходимо преподавателю для успешной преподавательской деятельности — это умение грамотно распределять свое время, владеть тайм-менеджментом.

Работа в сфере образования означает, что вы никогда не работаете в одиночку. Преподаватель подвержен профессиональной деформации и эмоциональному выгоранию. Выгорание и деформация характеризуются снижением интереса, мотивации, усталостью, отстраненностью, безразличием и другими симптомами, которые могут затруднять преподавательскую деятельность. Умение грамотно распределять рабочее время и отдых, отделять себя от работы, не погружаться в монотонию, вовремя отмечать симптомы начинающегося выгорания или деформации для того, чтобы своевременно обратиться к специалисту — это важные навыки, без которых невозможно добиться успеха в педагогической деятельности. Следовательно, преподаватели с большим педагогическим стажем, выполняющие роль наставников, должны владеть навыками супервизии, означающей психолого-педагогическое сопровождение, поддержку, оказание помощи своим коллегам справляться со стрессами и напряжением на работе. Ведь еще одна важная деталь — командная работа педагогов, микроклимат в педагогической среде — выступает залогом успешной образовательной и учебно-познавательной деятельности.

Критическое мышление у студентов могут развить только педагоги, сами обладающие им, креативно и творчески выстраивающие педагогический процесс. Феномен критического мышления как тренда образования и ключевого навыка 21 века ставит перед преподавателями необходимость развития критического мышления как навыка самоменеджмента и управленческого труда. В этом ключе уместно применять модель обучения через опыт — цикл Колба. Цикл Колба, относящийся к модели опытно-ориентированного обучения, основан на принципе поэтапного формирования умственных действий обучаемого. Принципиальное отличие этой модели заключается в том, что она разработана именно для обучения взрослых людей, которые уже имеют личный опыт в изучении объектов и при этом обладают более устойчивой и выраженной мотивацией к обучению [7].

Естественно, необходимо учитывать и индивидуальный стиль педагогической деятельности, который зависит не только от саморазвития педагогических качеств, которые были отмечены ранее, но и от индивидуальных особенностей самого педагога, особенностей педагогической деятельности и особенностей студентов [8, с. 108]. Все это приводит нас к тому, что становление педагога — тяжелый труд, который обуславливается не только стремлением личности, но и другими факторами, которые чрезвычайно тяжело изменить, а потому преподаватель — это, прежде всего, сильная личность, способная изменять как себя, так и мир вокруг.

Резюмируя вышесказанное, наша авторская модель преподавателя — мастера состоит из следующих компонентов:

- личностные качества: высокая духовная культура, образованность, открытость сознания, культурная компетентность;

- профессиональные качества: профессиональный долг и ответственность, педагогический такт, доброжелательность, принятие личности учащегося как наивысшей ценности, готовность к инновационной деятельности;

- профессиональные способности и умения: компетентное владение содержанием образования, применение инновационных форм и методов обучения, способность к самоанализу;

- педагогическое мышление: гибкость мышления, умение анализировать и

моделировать обучающие и воспитывающие ситуации, корректировать учебную деятельность.

Список литературы

1. *Корицкий, А. В.* Истоки и основные положения теории человеческого капитала // Креативная экономика. — 2007. — № 5. — С. 3 – 10.

2. Закон Республики Казахстан «О статусе педагога» от 27 декабря 2019 г. № 293-VI ЗРК [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293> (дата обращения: 01.09.2022).

3. *Лапина, И. В.* Компетентностный подход в обучении студентов экономических специальностей // Вест. КЭУ: экономика, философия, педагогика, юриспруденция. 2017. № 4 (47). С. 179 – 182.

4. *Bronfenbrenner, U.* The ecology of human development. — Cambridge, MA : Harvard University Press, 1996. — 352 p.

5. *Виневская, А. В., Кубышкина, М. Д., Хачатрян, С. К., Мисливец, Н. И., Свищева, Е. А.* Основы инклюзивного образования. Его значение в современном обществе // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. — 2014. — № 11 (1). — С. 294 – 297.

6. *Роллик, С., Миллер, У. Р.* Мотивационное консультирование. Как помочь людям измениться / пер. с англ. Ю. М. Сусоева, Д. М. Вершинина. — М. : Эксмо, 2021. — 544 с.

7. *McLeod, S. A.* Kolb's Learning Styles and Experiential Learning Cycle. — 2013 [Internet source]. — Access mode: <https://www.simplypsychology.org/learning-kolb.html> (date of access: 03.09.2022).

8. *Николаева, В. В., Темирханова, Г.* Особенности индивидуального стиля деятельности педагога // Вестник КЭУ: экономика, философия, педагогика, юриспруденция. 2007. № 2 (53). С. 103 – 108.

*Рустем АБДРАХМАНОВ, педагогика ғылымдарының магистрі,
«Bolashaq» академиясы, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Ерубәев көш., 16, a.rustem1971@gmail.com*

*Болат САРСЕМБАЕВ, химия ғылымдарының кандидаты,
Экономикалық және құқықтық ФЗИ аға ғылыми қызметкері, bolat_s@mail.ru*

*Манетай БӘДЕЛХАН, аға оқытушы, mur.manten@mail.ru
(Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті,
100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш., 9)*

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДАҒЫ БАС ӘРІП ЕМЛЕСІ

Аннотация. Қазақ жазуының қазіргі жағдайы мен болашағы үшін атқарылып жатқан шаралардың мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырудағы рөлі айрықша. Жаңа жазуды меңгеру барысында әрбір адамның алдында, ең алдымен, барынша жылдам әрі сауатты жазу және қарқынды оқу дағдысын қалыптастыру қажеттілігі туындайтыны белгілі. Сол себепті әліпбидің қазақ жазуын жаңғырту, реформалаудағы маңызы, емле ережелердің танымдық сипаты, жазуымыздың фонологиялық негіздері, орфоэпия, транскрипция мәселелері, шет тілдік терминдердің жаңа жазуымыздағы тұрпаты жөнінде тұжырымдар жасалған.

Негізгі сөздер: кирилнегізді жазу, латыннегізді әліпби, жазу теориясы, емле, орфография, орфоэпия, ауызша, ұсыныс, мемлекеттік, заманауи, сұраныс, талап, принцип, нұсқа, әріп.

*Рустем АБДРАХМАНОВ, магистр педагогических наук,
доцент кафедры казахского языка и литературы Академии Болашақ,
Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Ерубәева, 16, a.rustem1971@gmail.com*

*Болат САРСЕМБАЕВ, кандидат химических наук,
старший научный сотрудник НИИ экономических и правовых исследований, bolat_s@mail.ru*

*Манетай БАДЕЛХАН, старший преподаватель, mur.manten@mail.ru
(Карагандинский университет Казпотребсоюза,
100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9)*

НАПИСАНИЕ ЗАГЛАВНЫХ БУКВ В ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ

Аннотация. Роль мер, предпринимаемых для настоящего и будущего казахской письменности, в повышении статуса государственного языка исключительна. Известно, что в процессе освоения нового письма перед каждым человеком, прежде всего, возникает необходимость формирования навыков быстрого и грамотного письма и интенсивного чтения. Поэтому сделаны выводы о значении алфавита в модернизации, реформировании казахской письменности, познавательном характере орфографических правил, фонологических основах нашего письма, вопросах орфоэпии, транскрипции, новом типе иноязычных терминов

Ключевые слова: кириллица, латиница, алфавит, теория письма, правописание, орфография, орфоэпия, устное, предложение, состояние, современность, спрос, требование, принцип, вариант, буква.

*Rustem ABDRAKHMANOV, Master of Pedagogical Sciences,
Associate Professor of the Kazakh Language and Literature Department of the «Bolashak» Academy,
Republic of Kazakhstan, Karaganda, Yerubaev st., 16, a.rustem1971@gmail.com*

*Bolat SARSEMBAYEV, Candidate of Chemical Science,
Senior Researcher at the Research Institute of Economics and Legal Studies, bolat_s@mail.ru*

*Manetai BADELKHAN, Senior Lecturer, Karaganda, mur.manten@mail.ru
(Karaganda University of Kazpotrebsoyuz,
100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya st., 9)*

WRITING CAPITAL LETTERS IN LATIN GRAPHICS

Abstract. The role of the measures taken for the present and future of the Kazakh script in raising the status of the state language is particularly important. As you know, in the process of mastering new writing, everyone has the need, first of all, to form the skills of writing as quickly and competently as possible and intensive reading. Therefore, the conclusions were drawn about the importance of the alphabet in the modernization and reform of the Kazakh script, the

cognitive nature of spelling rules, the phonological basis of our writing, the problems of orthoepia, transcription, and the type of foreign language terms in our new script.

Keywords: Cyrillic writing, Latin alphabet, writing theory, spelling, orthoepy, verbal, sentence, State, modern, demand, demand, principle, variant, letter.

Мәселені анықтау. Қазақ тілтанымын бірден жоғары белеске шығарған ғалым Ахмет Байтұрсынұлының араб әріптерін жаңғырту арқылы әзірлеген жаңа ұлттық әліпбиінің терең де ғылыми дәйекті тұжырымдары мен ұстанымдары ХХ ғасырдағы барлық әліпби реформаларында басшылыққа алынып отырды. Академик І. Кеңесбаев, профессор М. Балақаев, Н. Сауранбаев, С. Аманжоловтардан бастап, академик Р. Сыздық, профессор Н. Уәли, А. Алдашева, доцент Қ. Күдерінова, Н. Әміржанова сынды ғалымдардың сөз мәдениеті, жазу мәдениеті, жазу теориясы, жазу ортологиясына қатысты ізденістері арқылы жинақталған ғылыми тәжірибе латыннегізді әліпби реформасында ұтымды пайдаланылуға әбден лайық.

Ғылыми ізденістер бойынша жаңа емле ережелерінің тұжырымдамасының жобасы да әзірленді. Бұл жоба бойынша латынграфикалы жаңа әліпби негізіндегі қазақ жазуы бұған дейінгі графикалардағы өзінің басты ұстанымын (принципін), яғни фонематикалық ұстанымды сақтайды.

Демек латын әріптерімен жазғанда да, ең алдымен, негізгі дыбыстарды таңбалауға жүретін графемалар қолданылады. Осы принципті басқаша морфологиялық принцип деп те атайды, яғни бұл — сөздің морфемаларының құрамындағы мағына ажыратушы дыбыстарды немесе әлді позициядағы (айналасындағы дыбыстардың әсеріне неғұрлым тәуелсіз қоршаудағы) дыбыстың таңбасына жүретін әріптермен жазу. Мысалы, [шәй] емес, /шай/; [мәйсөк] емес, /майсөк/, [ұуақ] емес /уак/, [уөрүк] емес /өрік/ (мұндағы [] жақшасы фонетикалық транскрипция белгісі болса // жақшасы графемалық құрам белгісі).

Соңғы зерттеулер мен жарияланымдарды талдау.

Бұл принцип қазақ жазуы үшін барлық графикалық кесінділерде (араб, латын, кирил) басым болған. Жалпы, дыбыс-әріптік жазу жүйелерінің көбінде осы принципке басымдық беріледі. Жазуы дыбыс-әріптік әліпбиге сүйенген тіл-тілде фонетикалық деп аталып жүрген принциптің атауының өзі шартты түрде екені анықталды. Себебі фонетикалық жазу, сайып келгенде дыбыстарды табиғи түрде таңбалау дегенді білдіреді, яғни, басқаша айтқанда, фонетикалық жазу мен фонетикалық транскрипция тең дегенге саяды. Ал

фонетикалық принциппен жазылады деген қазақ орфограммалары, тексеріп қарағанда, фонетикалық транскрипциямен бара-бар емес болып шықты.

Мәселен, отандық жазу теориясының маманы Қ.Күдерінова 1) төл түбірлер мен туынды сөздердің бірыңғай жуан не жіңішке, 2) оларға жалғанатын қосымшаларының үндестігі, 3) қосымшалардың түбірдің соңғы дыбысымен үйлесуі, 4) біріккен сөздер жігінде қ, к, п дыбыстарының ұяңдануы, 5) қысаң езуліктердің естілуінше түсіріліп таңбалануы, б) шылаулардың негізгі сөзге үндесіп, үйлесіп жазылуы қазақ жазуының фонетикалық принципке сүйенгенін көрсетеді.

Дегенмен қазақ жазуы теориясының ғылыми негіздерін зерттеген белгілі ғалым, профессор Н. Уәли бұл принцип қалай айтылса солай жазылады деген ультрафонетикалық принципті меңземейді, фонетикалық принциппен жазады деген тұстар фонеманың позициялық түрленімі емес, негізгі реңкі таңбаланады деген фонематикалық принципке сай келеді дегенді айтады.

Шынымен де, тілтанушылар «фонетикалық» деп атап жүрген принциппен жазылған сөздер ауызша тілдегі айтылуына дәлме-дәл дөп келмейді, жазба тілдегі немесе жазба кодтағы таңбалар — графемалар осы принциппен жазылады деп жүрген сөздердің ауызша кодының барлық біліктерін дәлме-дәл сол күйі қайталамайды. Тек кейбір ғана дыбыстарын негізгі реңкімен/инвариантымен емес, қосалқы реңкінде/вариантында таңбалайды. Мысалы, алагеуім сөзі фонетикалық принциппен жазылады деп айтамыз, алайда бұл принцип сөзде ішінара сақталып тұр, егер толық сақталған болса, алагеуүм болып жазылуы тиіс еді, сол сияқты көгөніс емес көгөнүс, добы емес, добұ т. с. с. болуы тиіс еді.

Демек фонетикалық деген атаумен берілген принциптің де шартты екенін ұмытпау керек. Профессор А. Алдашева шетел сөздері деп жазу жүйемізде орыс тілінің орфографиялық нормасы бойынша жазылатындарды (мысалы, конституция, республика, университет, т. б.), ал кірме сөздер деп ауызша сөздегі «сындырылған» түрінде таңбаланатындарды (мәйкі, стансы, кепкі, режім, т. б.) айтады.

Жалпы проблеманың бұрын шешілмеген бөліктерін бөліп көрсету.

Ал латыннегізді жаңа әліпбиге көшкенде шартты түрде фонетикалық деп аталып жүрген принципке сәйкес қандай сөздер жазылады деген сұраққа жауап беретін болсақ, ең алдымен кирилнегізді әліпбидегі дәстүр сақталатынын алға тартпақпыз, демек жоғарыда осы принциппен жазылатын санамалап көрсетілген төл сөздердің және олардың туынды түрлерінің сол күйі латында да фонетикалық принциппен берілетіні белгілі. Бұған қоса, біздің оймызша, емледе шетел сөздерін игеру, кірме сөздерді жаңаша таңбалау үдерісі, сөз жоқ, осы принципке негізделеді. Егер кирилнегізді әліпбиде орыс тілінен енген шетел сөздері дәстүрлі принциппен жазылса, олардың ауқымды бөлігі латыннегізді әліпбиде фонетикалық принципке сүйеніп жазылады. Қазақ тілі ғылыми курсына «Орфография» мен «Орфоэпия» өз алдына жеке-жеке бірдей жоғары деңгейде арнайы тарауда оқытылуы тиіс. «Қазақ орфоэпиясы» бүгінгі қазақ тілінің ғылыми курсына да білімдер жүйесінен тыс қалып қойғаны, арнайы оқытылмауы салдарынан ауызша сөз мәдениетінің төмендеуін көрсететін жоғарыда келтіргендей мысалдар көбейіп кетті.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Сонымен ғалымдардың және көпшіліктің ұсыныстары негізінде төмендегідей қорытынды жасалды.

1. Жаңа әліпбиде дауысты дыбыстардың жіңішке сыңарын белгілеуші диакритикалық таңба ретінде умлаут алынды, себебі умлауттың таңбасында «жіңішкелікті білдіру» деген концепті ғана бар және ол латын әліпбиін білетін кез келген тіл иелменіне бірдей ортақ таныс. Сонымен бірге умлаутпен жіңішке дауысты дыбыс әріптерін таңбалған латынәліпбилі тілдердің қатары көп: немістер, шведтер, венгрлер, түріктер, эзербайжандар, түрікмендер, т. б.

2. Ф әрпіне латын графикасында арнайы таңба алу қажет, себебі Ф дыбысымен келетін сөздер тек орыс тілі арқылы енген жоқ (федерация, фабрика, футбол, фото), қазақ әдеби тіліне Ф дыбысымен айтылатын сөздер араб, парсы тілдерінен еніп кең қолданыс тапқан: Фатиха, Фатима, Фараб т. б. 14 000-нан астам шет тілдік сөздің 2000-ының құрамында Ф әрпі бар. Бұлардың барлығын қазақ тілінің фонетикалық игеру заңдылығына салса, П немесе Б дыбысы арқылы игеруге болады. Putbol немесе Butbol деп өзгерту жасанды болады. Демек оған арнайы таңба Ff-ны алған дұрыс.

3. В әрпіне латын графикасында арнайы таңба алынды, себебі В дыбысы бар орыс сөздері

және орыс тілі арқылы енген шет тілдік сөздер қазіргі ғылым мен техника, білім салаларының барлығында дерлік кездесетін жиілігі жоғары термин сөздердің қорын құрап тұр: инверсия, вагон, эволюция, вокзал, вирус, вакуум т. б. 14 000-нан астам шет тілдік сөздің 1575-інің құрамында В әрпі бар. Бұлардың барлығын қазақ тілінің фонетикалық игеру заңдылығына салса, Б дыбысы арқылы игеруге болады. Inbersia, bagon, ebolusia, birus деп өзгерту бұл сөздердің мәтін ішіндегі көзшалымға танылуын қиындатады. Демек латын графикалы әліпбиде В дыбысына барабар V таңбасын алынғаны дұрыс.

4. Жаңа әліпбиде кирилдегі Й мен И әріптеріне ортақ бір таңба алынды, себебі бұл дыбыстардың сөздегі позициясы қай кезде дауысты, қай кезде дауыссыз екенінен белгі береді. Мысалы, ай, тай, лай, лайк, фейк деген сөздерде дауысты дыбыстың таңбасынан кейін тұрғандықтан, бұл дауыссыз дыбыс әрпі екені анық, ал керісінше И-дің таңбасы сөздің басында немесе дауыссыз дыбыс таңбасынан кейін тұрса, мысалы, ине <ій-не>, киім <кі-йім>, қиын <қы-йын>, жиын <жы-йын>, институт <ійн-стй-түүт>, кино <кй-но> бұл Ы+Й және І+Й дауысты мен дауыссыз дыбыстың тіркесін таңбалайтын әріп екені анық.

5. І мен Й, И дыбыстарын беретін таңбаларды өзара алмастыру және и-дің бас әрпін нүкте арқылы /І/ түрінде таңбалау ұсынылды: Institut, jinalys, universiada, Irimşik, izgılık, bilim. Негіздемесі мынадай:

- емлелік негіздеме: И дыбысын І таңбасымен беруде термин сөздер халықаралық тұрпатына ұқсас болады әрі көзшалымға қолайлы, мысалы, piramida, respublika;

- статистикалық негіздеме: І [i] дыбысы абсолюттік кездесу жиілігі 5 орында болатын қазақ тіліндегі өнімді дауысты дыбыс. Егер оның үстіне ноқат қойылмаса, яғни /І/ әрпімен жазылса, қазақ мәтнінде жолүсті таңбаларын көбейтпейді.

6. дыбысының таңбасына Ū макрон диакритикасы алынды: Ūsynys, jūrmaq, maġlūmat. Мұның негіздемесі мынадай:

- графикалық негіздеме: Дыбыстары бойынша өзара ұқсас әріптерді әліпбиде қатар орналастырған дұрыс. Сонда /U/, /Ū/, /Ü/ таңбаларын тану, қабылдау барысы әліпбидің көзшалымға қолайлылығын, қолдағдыға икемділігін арттырады;

- статистикалық негіздеме: Ұ әрпінің У әрпіне қарағанда жиілігі төмен. Сондықтан оның диакритикасы /Ū/ көзшалымға қиындық тудырмайды;

- педагогикалық негіздеме: «кирил жазуындағы Ұ әрпінің ортасындағы сызық

латында осы дыбысты таңбалайтын әріптің үстінен қойылады» деп ассоциация арқылы үйрету /Ū/ графемасын тез танып, жазуға септігін тигізеді.

7. Ң дыбысы халықаралық фонетикалық әліпбиде бар Ɲ таңбасымен берілді. Мысалы: аңсу, жаңбыр, көлеңке. Негіздемесі мынадай:

- фонетикалық негіздеме: Ɲ таңбасы мұрын жолды, үнді дауыссыз дыбысты (н) белгілейді;

- әдістемелік негіздеме: Ɲ қолды үзбей жазуға ыңғайлы әрі жолүсті таңбаларын көбейтпейді. Сондай-ақ кирилнегізді қазақ әліпбиіндегі Ң графикасына ұқсас болғандықтан, тез дағдыландырады.

8. Ш дыбысы седиль таңбасымен (§) берілді: Шауғау, қауғау, алаш. Мұның негіздемесі:

- емлелік негіздеме: /sh/ қосар әрпі екі түрлі оқылып, шатасу тудырады, мысалы, shema (шема/схема), sholast (шоласт/схолост), ashana (ашана/асхана), Eshil (Эсхил, Эшил), Ashat (Ашат/Асхат). Сонымен бірге қазақ тіліндегі «бір дыбыс – бір таңба» принципін сақтауға да мүмкіндік туады;

- статистикалық негіздеме: ш дыбысының мәтін ішіндегі жиілігі жоғары, оны екі таңбамен беру мәтінді жасанды ұзартады.

9. Чh (Ч) таңбасын әліпбиден алып тастау ұсынылады. Мұның негіздемесі мынадай:

- фонетикалық негіздеме: Ч дыбысы қазақ тілінің төл сөздерінде кездеспейді.

- статистикалық негіздеме: Ч дыбысымен келетін шет тілдік сөздердің саны өте аз және олардың қолданыс жиілігі төмен.

10. Әліпбиде Ц әрпі жоқ, себебі Ц дыбысы қазақ тіліне тән емес, әрі онымен келетін сөздерде Ц-ның орнына С-ны жазуға әбден болады, өйткені Ц құранды дыбыс, ол Т+С дыбыстарының жымдасуынан жасалған. Сондықтан оны өз құрамында бар С дыбысының таңбасымен, яғни S әріппен беру, сөздердің графикалық кескінін де, дыбысталуын да айтарлықтай өзгертпейді, сөйтіп оларды оқырман мен жазарман жеңіл ажыратады. Әрі кирилдегі Ц-ның орнына S жазылған сөздер түпнұсқа тілдегі тұрпатына да ұқсайды. Жазуда да бірден танылады, айтылуда да тыңдарман үшін түсінікті: polisia, sirk, sirkül, astekter т. б.

11. Бекітілген әліпбидегі Ы дыбысын Ү әрпімен беру жетілдірілген нұсқада да сақталды, себебі жуан, қысаң езулік дауысты Ы дыбысын осылай таңбалау халықаралық транскрипциялық жүйеден әбден белгілі: Almaty, Kuzylorda, Fazyl, т. б. сияқты қазақтың жер-су аттары, кісі есімдері осылай транскрипцияланады. Сондықтан латындағы бұл Ү таңбасының дыбыстық

мазмұны Ы дыбысы деген түсінік жаппай орныққан. Ал кейбір ұсыныстарға сүйеніп Ы-ны І і таңбасымен беретін болсақ, онда осы таңба белгілеп тұрған жіңішке [i] дыбысына ноқатты Іі таңбасын алуға тура келеді, олай болса, И/Й-ді Үү таңбасымен жазу керек болады. Ал бұл сөздердің жазба мәтіндегі танымалдығын төмендетеді, қолайсыз: unstytut (институт), une (ине), mynustr (министр), ауу (аю), yt (ит), оқуға (оқиға), taryhu (тарихи), ғылым (ғылыми). Сондықтан Ы дыбысын Ү таңбасымен, соған сәйкес И/Й-ді Іі таңбасымен беру сөздердің графикалық кескінін қазақ оқырманына бірден танымал жасайды: udys, угуs, bassy, qajy; inelik, igeru, мәдени, universitet, respublika

12. Әліпбиде Ю, Я әрпі мен Ъ, Ы белгісіне арнайы таңба алынған жоқ, себебі алғашқы екеуі көп қызметті орыс әріптері, олар қазақ сөзінде бірнеше дыбыстың тіркесін білдіреді,

Ең бастысы, латын әліпбиін енгізу арқылы қазақ тілін «отарланған тіл» аумағынан алып шықсақ, әлдеқайда оңды іс болмақ. Тіліміздің «отарланғаны» қазір бізге аударма ісінде де қатты білініп жатыр. Мысалы, ағылшын тіліндегі institutional, emotional, functional сөздерін институттық, эмоциялық, функциялық деп қазақ тілінің табиғатына сай алсақ, ғалымдар мейлінше қарсылық танытады. Олар орыс тілінің ыңғайындағы институциональный, эмоциональный, функциональный сөздерімен үндес етіп, қазақ тілінде де институционалды, эмоционалды, функционалды деп қолдануды жөн көреді. Демек, бұл мәселеде де бізді көп шаруа күтіп тұр.

Әдебиеттер тізімі

1. Латын әліпбиіне көшу: ғылыми-тәжірибелік негіздер, даму процесі және басты мәселелер. — Астана: «Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, 2018.

2. А. Сейітбекова. Жаңа қазақ әліпбиінің графикасы мен құрамы: Жаңа емле: оқу-әдістемелік құрал. — Нұр-Сұлтан, 2019 — 14 – 15-б.

3. Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы: ұжымдық монография // жалпы ред. басқарған А. Фазылжанова. — Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016.

4. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. — Алматы: Арыс, 2007.

5. Сыздық, Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). — Астана: Елорда, 2000.

6. Әміржанова, Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы (1929 – 1940 жж.): филол. ғ. к. ... дисс. — Алматы, 2010.

7. Байтұрсынұлы, А. Дыбыстарды жіктеу туралы // Тіл тағылымы. — Алматы: Ана тілі, 1992.

*Баян АЛИМОВА, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
alimovabayan20@gmail.com, +77212441578*

*Азиза КОШЕКОВА, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы,
kosheковаaziza@gmail.com, +77475963196*

*(Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті,
100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш., 9)*

*Ләззәтжан МУСТАФИНА, физика-математика ғылымдарының кандидаты,
Қарағанды техникалық университетінің доценті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Н. Назарбаев даңғылы, 56,
muhamed_l29m1956@mail.ru, +77212565932*

УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕ ЖОҒАРЫ МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация. Аталған мақалада қазіргі кездегі жоғары математиканы оқытудың кейбір мәселелері қарастырылады. Заманауи компьютерлік технологияларды оңтайландыру мен қолдану жолдарына ерекше назар аударылып, білім беруді ізгілендіру мен тәжірибеге бағыттауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: ақпараттық технологиялар, оқыту процесін оңтайландыру, математикалық құзыреттілік, практикаға бағдарлану.

*Баян АЛИМОВА, магистр естественных наук, старший преподаватель,
alimovabayan20@gmail.com, +77212441578*

*Азиза КОШЕКОВА, магистр педагогических наук, преподаватель,
kosheковаaziza@gmail.com, +77475963196*

*(Қарағандық университет Қазпотребсоюзы,
100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9)*

*Ләззәтжан МУСТАФИНА, кандидат физико-математических наук, доцент,
Қарағандық техникалық университет,
Республика Казахстан, г. Караганда, проспект Н. Назарбаева, 56,
muhamed_l29m1956@mail.ru, +77212565932*

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ОПТИМИЗАЦИИ ПРЕПОДАВАНИЯ ВЫСШЕЙ МАТЕМАТИКИ В ВУЗЕ

Аннотация. Данная статья рассматривает некоторые проблемы преподавания высшей математики на современном этапе. Особое внимание уделяется путям оптимизации и использованию современных компьютерных технологий, что позволяет реализовать гуманизацию и практико-ориентированность образования.

Ключевые слова: информационные технологии, оптимизация процесса обучения, математическая компетентность, практико-ориентированность.

*Bayan ALIMOVA, Master of Natural Sciences, Senior Lecturer,
alimovabayan20@gmail.com, +77212441578*

*Aziza KOSHEKOVA, Master of Pedagogical Sciences, Teacher,
kosheковаaziza@gmail.com, +77475963196*

*(Karaganda University of Kazpotrebsoyuz,
100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Academicheskaya st., 9)*

*Lezzetzhан MUSTAFINA, Candidate of Physico-mathematical Sciences, Associate Professor,
Karaganda Technical University,
100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, N. Nazarbayev Avenue, 56,
muhamed_l29m1956@mail.ru, +77212565932*

SOME ASPECTS OF OPTIMIZATION ON TEACHING HIGHER MATHEMATICS IN UNIVERSITIES

Abstract. This article considers some problems of higher mathematics teaching at the present stage. Special attention is paid to the ways of optimization and the use of modern computer technologies, which makes it possible to realize the humanization and practice-oriented education.

Keywords: information technologies, optimization of the learning process, mathematical competence, practice orientation.

Мәселені анықтау. Материалдық өндіріс және жалпы қоғам жоғары оқу орнында әлемдік стандарттар деңгейінде мамандық бойынша жұмыс істеуге қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа дайын жоғары білікті мамандарды даярлауға әлеуметтік тапсырыс қалыптастырады. Кәсіптік білім берудің негізгі мақсаты — еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, жауапты, өз кәсібін еркін меңгерген және сабақтас салаларда бағдарланған, мамандығы бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде тиімді жұмыс істеуге қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге, әлеуметтік және кәсіптік ұтқырлыққа дайын тиісті деңгейдегі және бейіндегі білікті жұмыскерді даярлау.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің студенттеріне жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде алынған негізгі принциптік нәтиже олардың өздеріне анықтама беру негізінде құрылған [1]. Жоғары математика университетте оқытылатын ерекше білім беру пәні болып табылады, ол басқа жалпы білім беру, жалпы инженерлік және арнайы пәндерді оқуға негіз болады. Ол студенттердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мен дамытуда, олардың ақыл-ойын тәрбиелеуде, ақыл-ой қабілеттерін жетілдіруде ерекше рөл атқарады. Жоғары математика курсына оқытудың тиімді әдістерін іздеу ЖОО оқытушылары жұмысының маңызды бағыттарының бірі.

Соңғы зерттеулер мен жарияланымдарды талдау. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар қазіргі қоғамның әртүрлі салаларында, соның ішінде білім беруде кеңінен қолданылады. Дәл осы жерде бүкіл қоғамды ақпараттандырудың әлеуметтік, психологиялық, жалпы мәдени, кәсіби алғышарттары қалыптаса бастайды. Демек, білім беру саласын ақпараттандыру қазіргі қоғамдағы ақпараттандыру процесінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Жоғары оқу орындарындағы білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде гуманитаризация мен жалпы мәдени компонентке көп көңіл бөлінген кезде іргелі пәндер, оның ішінде математика үшін оқу жоспарларында қарастырылған оқу уақыты қысқарады. Сондықтан оқу процесін оңтайландыру жолдарын табу қажет.

Жалпы проблеманың бұрын шешілмеген бөліктерін бөліп көрсету. Оңтайландыру бір мезгілде екі критерий бойынша жүргізілуі тиіс: оқыту процесінің тиімділігі мен сапасы және оқыту процесінде педагогтер мен студенттердің уақытын жұмсау өлшемі. Жоғары математиканы оқыту процесін оңтайландыру құралы жоғары оқу орындарында жоғары математика курсына оқытуға заманауи ақпараттық технологияларды,

оның ішінде компьютерлік математикалық жүйелерді (Maple, MatLab, Matncad, Mathematica) жүйелі енгізу бола алады [2]. Жоғары математиканы жоғары оқу орындарында оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану мазмұнды байытуға және оқу материалын игерудің формалары мен әдістерін әртараптандыруға мүмкіндік береді; сабақтарда студенттердің оқу және шығармашылық іс-әрекетінің мотивациясын арттырады; әр оқушының жеке позициясын белсендіреді; студенттерге алдағы сабаққа өз бетінше дайындалуға және оларды кейіннен практикалық жұмыста қолдану үшін түбегейлі жаңа білім алуға мүмкіндік береді және т. б.

Зерттеу мақсаты. Осы саладағы соңғы зерттеулер көрсеткендей, компьютерлік жүйелер инварианттылықпен және модульділікпен сипатталатын кең спектрге ие, бұл кез келген мұғалімге осы компьютерлік математикалық жүйелердің жұмыс принциптерімен хабардар болған жағдайда олардың жеке мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, оқыту стратегиясы мен тактикасын құруға мүмкіндік береді. Компьютерлік жүйелердің ерекшелігі — олардың көп функционалдылығы. Жаңа ақпараттық технологиялар құралы ретінде олардың бірнеше функциялары бар: анықтамалық-ақпараттық, есептеу, бағдарламалау тілдерінің функциялары, коммуникативті (интерактивтілікті, байланыс формалары мен әдістерін, бейімделуді қамтамасыз ету) және конструктивті-комбинаторлық. Электрондық оқулықтардың қалыптасқан принциптері негізінде көпфункционалды педагогикалық бағдарламалық өнімдер ретінде жасалған, олар аудиториялық сабақтарда да, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда да, қашықтықтан оқытуда да қолданыла алады.

А. Н. Крылов университеттің негізгі міндеті «оқу қабілетін үйрету» деп мәлімдеді, ал ешқандай мектеп дайын маманды босата алмайды: кәсіпқой өзінің қызметін қалыптастырады. Мақсаты — «оқу қабілеті» студенттердің өзіндік жұмыстары кезінде толық дамиды. Оқу процесіне жоғары математикадан дәріс мәтіндері мен практикалық сабақтардан тұратын оқу-әдістемелік кешендер енгізілді, олардың негізінде өздігінен шешуге арналған көптеген тапсырмалар және өздігінен білім алуға және өзін-өзі бақылауға арналған түрлі материалдар, шығармашылық тапсырмалар ұсынылады. Бұл оқу кешендеріне өздігінен оқуға арналған арнайы жұмыс дәптерлері кіруі мүмкін, олар электронды және файл түрінде таратылуы мүмкін. Сонымен қатар мұндай оқу құралдарын жасауға тікелей қатысатын студенттер де болуы

мүмкін. Осындай әдістемелік кешендердің арқасында дәріс оқытушының студенттермен белсенді диалогіне айналуы мүмкін, сізге өз бетінше жұмысты дұрыс бағытта бағыттауға мүмкіндік береді [3].

Студенттердің мотивациясы математикалық білімнің теориялық және практикалық маңыздылығын түсіну болып табылады. Экономикалық университет студенттерінің математикалық құзыреттілігінің эмоционалдық-еріктік компоненті олардың жеке қасиеттері мен жауапкершілік, бастамашылық, ұқыптылық, мақсаттылық, тәуелсіздік, табандылық сияқты ерекшеліктерімен сипатталады, бұл оқу және болашақ кәсіби қызметтің тиімділігіне байланысты. Алайда басты мәселе қалады, яғни кәсіби бағытталған сипаттағы есептерді шешуде математикалық білімді қолдана алмайтын студенттердің пайызы әлі де жоғары.

Зерттеудің негізгі нәтижелері.

Математикалық құзыреттілікті қалыптастыру математикалық дайындықтан басталады. Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деңгейі негізінен осы дайындықтың сапасына байланысты. Математикалық құзыреттілікті пайдалану кезінде студенттер өндіріс кезінде стандартты емес есептерді шешуге дайындығын, есептердің жылдам және оңтайлы шешімдерін таба білуін қалыптастырады. Математика экономикалық пәндерді оқытуда маңызды пән болып табылады, сондықтан математикалық есептерді шеше білу экономикалық бейіндегі мамандар үшін үлкен

мүмкіндіктер береді. Қазіргі уақытта экономиканы, өнеркәсіпті және техникалық білім беруді дамыту процестері қазіргі заманғы құралдарды, оның ішінде қазіргі заманғы математикалық әдістерді меңгерген жоғары тиімді технологияларды әзірлеушілердің жаңа буын мамандарына деген қажеттіліктің артуымен сипатталады. Қазіргі уақытта жоғары математика оқу пәні ретінде техникалық, экономикалық және гуманитарлық мамандықтардың оқу жоспарларында өз ұстанымын мықтап бекітті. Алайда математикалық постулаттар мен заңдар жылдар бойы өзгеріссіз қалса да, оны оқытудағы проблемалар жойылмайды.

Әдебиеттер тізімі

1. *Баширов, А., Ханов, Т.* Использование статистических данных для подтверждения результатов исследований в части ориентированности студентов к научно-исследовательской работе // Вестник КЭУ. Сер. Педагогика. 2021. № 2 (61). С. 69 – 75.

2. *Lezzetzhana Mustafina, Bayan Alimova, Dana Kapzhapparova, Bakhytzhana Mustafina.* The problems of teaching high mathematics with the use of distance learning technologies // Section: Methodology in Education. Ninth International Conference «Modern Trends in Science», 15 – 19.09.2021, Blagoevgrad, BULGARIA [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <http://www.fmns.swu.by> (өтініш берген күні: 11.09.2022).

3. *Aizhan Muhamediya, Aziza Kosheikova.* Using practical content in math learning // Murager. — 2022. — Nur-Sultan.

*Сандугаш АХМЕТОВА, техника ғылымдарының кандидаты,
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті,
100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш., 9, ada.baks@mail.ru*

«ЖОҒАРЫ МАТЕМАТИКА» КУРСЫН ОҚЫТУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫ

Аннотация. Аталған мақалада «Жоғары математика» пәнін оқыту барысында арнайы педагогикалық инновациялық әдістер мен тәсілдерді жүйелі түрде пайдаланып, студенттердің шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту жолдары қарастырылған.

Негізгі сөздер: жоғары математика, инновация, технология, ғылыми көзқарас, шығармашылық ойлау, білім сапасы

*Сандугаш АХМЕТОВА, кандидат технических наук,
Қарағандинский университет Казпотребсоюза,
100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9, ada.baks@mail.ru*

ПРЕИМУЩЕСТВА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ И ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ КУРСА «ВЫСШАЯ МАТЕМАТИКА»

Аннотация. В данной статье рассматриваются пути развития творческого мышления, научного мироощущения и активности студентов, развития навыков самостоятельного обучения с использованием специальных педагогических инновационных методов и приемов в преподавании предмета «Высшая математика».

Ключевые слова: высшая математика, инновация, технология, научный подход, творческое мышление, качество образования

*Sandugash AKHMETOVA, Candidate of Technical Sciences,
Karaganda University of Kazpotreboyzuz,
100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya st., 9, ada.baks@mail.ru*

ADVANTAGES OF INNOVATIVE PEDAGOGICAL METHODS AND TECHNOLOGIES IN TEACHING THE COURSE OF «HIGHER MATHEMATICS»

Abstract. This article discusses the ways of developing creative thinking, scientific attitude and increasing students' involvement, as well as the development of independent learning skills using special innovative pedagogical methods and techniques in teaching the subject OF «Higher Mathematics».

Keywords: higher mathematics, innovation, technology, scientific approach, creative thinking, quality of education

Қазіргі тәуелсіз елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім кеңістігіне бағытталған қайта құру қалыптасуда. Білім беру жүйесі жоғары оқу орындарында білім мазмұнын ұйымдастыруды, қарым-қатынасын және құрылымын түбегейлі өзгертуді, жаңартуды талап етуде. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ, ал жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім берілуін қарастырады. Жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы

интернеттегі білім беру үшін қолданылатын дәстүрлі статикалық вебсайттарды интерактивті интеллектуалды порталдарға ауыстырады, бұл тек дәстүрлі оқыту әдістерін қолдана отырып, қол жеткізуге болмайтын жаңа, терең білім алуға қосымша мүмкіндіктер береді [1].

Сондықтан жоғары оқу орындарында білім беретін мұғалімдердің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында

пайдалана отырып, сабақтың сапалы, әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Инновация — қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, көнені өңдеу, бар нәрсені одан әрі жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені тапқырлау, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол [2].

Әрбір педагог жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. Сондықтан жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, нәтижелі пайдалана білу әрбір педагогтің негізгі міндеті болып табылады. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіне қажет жаңару оқытушының ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек [3].

Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі — оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп көрсетілген [4].

«Қазіргі заманғы жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет», — деп Елбасы атап көрсеткендей, технологияларды жоғары оқу орындарына енгізу және оны мұғалімнің өз пәндеріне тиімді пайдалана білуі қазіргі заманда білім сапасын арттырудың маңызды жолы деп ойлаймын. Оқу үрдісіне жаңа технологияны қолданудың мақсаты — студенттің жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру. Ал біз, мұғалімдер, студенттің жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушымыз.

Тәуелсіз еліміздің өркендеуі мен болашағы жас ұрпақтың іскерлігіне тікелей байланысты. Ендеше саналы да салауатты ұрпақ тәрбиелеу ұстазға сеніп тапсырылған. Қазіргі заманғы білім беруге қойылатын басты талап оның сапасын арттыру. Ол үшін технологиялардың үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын тұлға қалыптастыру қажет. Ал оларды даярлау үшін жаңа идеяларды және білім беру технологияларын пайдалану керек [5].

Білім беру жүйесінде жоғары математика пәнін оқытудағы мәселелерді шешу үшін әрбір мұғалім есептерді шығару тәсілдерін меңгеруге болатын интерактивті тапсырмалар арқылы оқытуды ұйымдастыра алу қазіргі заманның математика пәні мұғалімдерінің міндеті.

Жалпы математика пәні мұғалімі заман ағымынан қалмай ілесіп отыруы үшін өз білімін үздіксіз жетілдіріп отыруы, яғни өз уақытында талапқа сай білім жетілдіру курстарынан өтіп тұруы керек.

Математика пәнін оқытуда инновациялық әдістер мен технологияларды қолданудың басты мақсаты — арнайы педагогикалық әдістерді мақсатты, жүйелі түрде пайдаланып, студенттердің шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту [6]. Студенттердің өз бетімен шығармашылық жұмыс істеуін қалыптастыру оның пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Математика сабағында студенттердің шығармашылығын қалыптастыру үшін сабақта заманауи технологияларын қолдану қажет. Қазіргі заман технологиялары сабақтың сапасын көтеруге, студенттердің білімге деген қызығушылығын арттыруға, қазіргі заман талабына сай білім алуына көп әсерін тигізеді.

Инновациялық білім беру оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Жаңа инновациялық технологияларды қолдану оқытушы үшін де тиімді, себебі сабақты тиімді ұйымдастыра алады, сондықтан студенттің пәнге деген қызығушылығы артады. Сонымен қатар студентке де тиімді, себебі оның тақырып бойынша танымы, түсінігі кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түседі [7].

Оқу процесінің тиімділігі, ең алдымен, студенттердің белсенділігі мен танымдық ізденісіне байланысты. Сондықтан сабақ жүргізуде сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасын негізге алып, саралап оқыту тәсілдерін қолданған дұрыс. Дәстүрлі сабақ пен қазіргі сабақты салыстырмалы талдауды зерделей отырып, сабақты жанаша құруды үйреніп, дәріс алушыларға оқу тапсырмасын дайындап, олардың танымдық қызметін белсендіруді, білім сапасын арттыруды ойлау керек. Ол үшін сабақ өткізуде инновациялық технологияларды сабақта қолданған жөн.

Сыни тұрғыдан ойлау мұғалімнің бағыттауымен студенттің өз бетімен білімді игеруге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауы. Бағдарлама көптеген стратегиялардан тұрады. Сабақтың құрылымына қарай қолданған жағдайда дәріс алушылар белсенділігі артып, бір-біріне деген сенімі, өзінің түсінігі мен түйсінуі арқылы жаңа білім құрастыруға дағдыланады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы олардың топ болып жұмыс жасауына, талдау жүргізуіне және қорытындылауға үйрете отырып білім беру өте тиімді. Оқушыларды топқа бөлгенде топтың құрамында әртүрлі деңгейде оқитын студенттердің болғанын ескеру керек. Жоғарғы деңгейде оқитын студенттер сабақтың барысында үлгерімі төмен студенттерге көмек көрсетеді. Жаңа сабақты өткенде жақсы оқитын студент өзі ғана біліп қоймай, тобының жаңа сабақты меңгеруіне де ықпал жасайды. Математикалық терминдерді, ережелерді, анықтамалар мен теоремаларды толық айтып жеткізу үшін сабақта математикалық сауатты сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлген жөн [8].

Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасымен оқыту нәтижесінде студенттердің өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттері артады. Инновациялық технологияны қолдануда студенттерге еркін ойлауға мүмкіндік береді, ақыл-ойын дамытады, шығармашылық белсенділігі артады, ұжымды іс-әрекетке тәрбиелейді, тіл байлығы жетіледі, жан-жақты ізденеді, өз ойын жеткізіп үйренеді. Студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдіс-тәсілдері білім алушыларға құбылыстардың себептерін толық ұғынуға, ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға жетелейді. Сонымен қатар тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады.

Педагогикалық инновация — бұл дәріс алушының ойлау қабілетін дамытуға, тәрбиелеу мен оқытуға бағытталған өзгеріс.

Студенттерге сауалнама жүргізген кездегі көбісінің берген жауаптары келесідей болды: «Мен өз бетімше сараптап талдау жасап, қорытынды шығара алмаймын, есеп шығарғанда шешімдерін өз нұсқаларымда ұсынуға қабілетсізбін. Тек қана оқулықтағы мәтінді сол қалпында айтып бере аламын және есепті тек дайын формула бойынша ғана шығара аламын, өз бетімше ойлау қабілетім жоқ». Егер студенттердің тек жадын ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау қабілетін дамытса, онда

олардың терең және саналы түрде білім алуға қабілетті екенін дәлелдейді. Балаларға берілген проблеманы шешудің жолдарын іздестіруді үйрету керек. Ол үшін аудиторияға проблеманы ұсынып, содан кейін оны шешу үшін олардың өз пікірлерін сұрау керек. Проблеманы ұсыну — бұл проблемалық оқытудың тек бастамасы. Бұдан кейін студенттер бірнеше кезеңнен өтуі тиіс:

- проблемаға талдау жасау;
- оқу-танымдық проблеманы нақты тұжырымдау;
- сауатты болжам жасау;
- проблеманы шешу үшін білімнің жеткілікті екенін тексеру.

Математика сабағындағы проблемалық диалог технологиясы келесі мәселелерді шеше алады:

- Реттеуші — мәселелерді шеше білу.
- Коммуникативтік — диалог жүргізу.
- Танымдық — мәтіннен ақпарат алу, логикалық қорытындылар жасау.

Мұғалімнің мақсаты — жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып, оқушыларды оқуға үйрету. Ал тәжірибе көрсеткендей, білім берудің жаңа технологиялары қолданыста болғанда ғана игерілуі мүмкін. Өз сабақтарымда бірінші кезекте пәнге деген танымдық қызығушылықты дамытуға тырысамын, студенттің белсенді ойлау әрекетіне барынша көңіл бөлемін. Проблемалық жағдайдың шешімін белсене іздеу, ойлап табу, өзі ұғынып түсіну танымдық қызығушылықты оятудың басты шешімі болып табылады. Проблемалық жағдай, әдетте, ойлау үдерісінің бастапқы кезеңі.

Проблема немесе сұрақ туындағанда, түсініксіз жағдайға тап болғанда ойлау үдерісі туындайды. Осылай болу үшін проблемалық жағдайларды пайдаланамын және оларды шешуге көмектесемін.

Мысалы, «Жоғары математика» сабағында «Кездейсоқ оқиғалар», «Қайталама тәуелсіз сынақтар» тақырыптарын зерделеу кезінде есептерді шеше отырып, көрнекті құралдар: тиын мен ойын сүйегін қолдана отырып есептер құрастыруды талап етемін. Мысалы, ойын сүйегін пайдаланып: а) ақиқат; ә) мүмкін емес; б) кездейсоқ оқиғаларды құрастыру. Проблемалық жағдай туғызу мұғалімнен арнайы әдістемелік тәсілдерді меңгеруді талап етеді. Проблемалық жағдайларды келесі үш топқа бөлуге болады: танымдық (теориялық ойлау), бағалау (сыни тұрғыдан ойлау), ұйымдастырушылық (практикалық ойлау). Танымдық проблемалар салыстыру, гипотезаларды ұсыну және ұсыныстар арқылы

шешіледі. Нәтижесінде жаңа тұжырымдар мен жаңа ұғымдар пайда болады.

Әр сабақта студенттерді түсініктердің анықтамасын өз бетінше табуға дағдылауға болады. Құбылыстардың елеулі ерекшеліктерін студенттер бақылауды, сипаттамаларды негізге алып береді. Мысалы, студенттер «Кездейсоқ оқиғалар» ұғымын меңгеріп, «Кездейсоқ шамалар» ұғымын зерделеуге ауысады, яғни «Кездейсоқ шамалар» ұғымын анықтау қажет. Бірнеше рет қайталағаннан кейін студенттің санасында бұл ұғымды анықтау әдістемесі қалыптасады. Бағалау проблемалық жағдайды ұйымдастырудың негізгі мақсаты — студенттің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Заттар мен құбылыстарды бағалау өмірдің барлық саласында кездеседі. Студенттің сабақта қате пайымдауларын түзетіп, түзету барысында бақылаушылық танытып және салыстыру арқылы қатесін табу керек. Егер мұғалім студенттерге үнемі қатесі жөнделген тапсырмаларды ұсынса, онда нәтижесінде оларда нұсқауларға және тапсырмаларға толық сенімділік туындайды. Мұндайды болдырмау үшін студенттердің талдай білу, қателерді табу және негіздей білу қабілетін дамыту керек. Осы дағдыларды студенттерге біртіндеп сіңіру қажет. Алдымен қатесі бар пікірлерді анықтауға үйрету, содан кейін қателерді теріске шығаратын дәлелдерді таңдау, соңында, дәйекті түрде тұжырымдарды теріске шығаруға үйрету керек. Пікірді жоққа шығару, келтірілген дәлел логикалық заңдар мен ережелерге дәлме-дәл сәйкес келуі тиіс. Мұғалім қателерді іздеу үшін әртүрлі тәсілдерді: өзара тексеру және пікірталас сияқты амалдарды пайдалана алады.

Ал оқу-ұйымдастырушылық жағдай студенттердің практикалық ойлау қабілеттерін дамытады, сонымен қатар мүмкін болатын қиын жағдайлардан шығудың жолын табуға үйретеді. Студенттерді практикалық сабақ кезінде туындайтын мәселелерді шешуге даярлау керек. Сонда студенттердің білімдері тереңірек болады және жаңа деректермен толығады.

Мәселені шешуде ең бастысы — студенттің сабаққа деген қызығушылығын тудыра білу. Мысалы, «Жоғары математика» сабағында «Анықтауыштар» тақырыбын өткенде ауызша есептеу сандарды көбейту, қосу және азайтуды қамтиды, сонымен бірге есептерде сандардың орнына тригонометриялық функциялар да кездеседі. Сонда «Тригонометриялық функцияларды ауызша қалай ықшамдаймын» деген сұрақ туындап, проблема пайда болады. Егер студенттің проблеманы шешуге қажетті білімі болса, мектеп қабырғасынан математика пәні бойынша алған білімі жетік болса, онда

проблеманы шешу сәтті болады. Мысалы, студенттер «Анықталмаған интеграл» тақырыбын өткенде «Функцияның туындысы» түсінігімен таныс, сондықтан өздері анықталмаған интеграл анықтамасын тұжырымдай алады.

Студенттердің логикалық ойлауын дамыту стандартты емес есептерді шешуге ықпал етеді, осындай есептер олардың қызығушылығын тудырады, өз бетінше шешім іздеу іс-әрекетін қалыптастырады. Әрбір мәтін есептерді, белгілі бір оқыту әдістемесін қолданып, шығармашылық етіп жасауға болады. Кейде студенттің өзіне шешудің басқа жолдарын табуды ұсыну керек. Есептерді шешудің түрлі тәсілдерін іздестіру кезінде студенттердің бойында танымдық қызығушылық қалыптасады, шығармашылық қабілеттері дамиды, ғылыми-зерттеу дағдылары пайда болады. Мұғалімге есептердің дайын шешімін ұсыну емес, оларды шешудің әртүрлі тәсілдерін іздеудегі ынталандыру өте маңызды.

Барлық студенттерге бірдей математиканы игеру оңай емес, сондықтан шыдамдылық танытып математиканы нашар меңгерген студенттермен жұмыс жүргізу маңызды. Топ-топпен өз орындарында, сонымен қатар тақта алдындағы жұмыстар жақсы нәтижелер береді. Сабақта есеп шығаруда әртүрлі шешу тәсілдерін пайдалануға, қателесуден және дұрыс жауап алмаудан қорықпауға дағдыландыру қажет. Сабақтың соңында тақырып бойынша қандай сұрақтарды қайталаған дұрыс, қандай тапсырма орындау қажеттігін ұмытпау керек. Жоспарлау кезінде сабақты бірсарынды болдырмау керек, сондықтан сабақта іс-әрекет түрлерін өзгертудің маңызы зор.

Сонымен, «Жоғары математика» курсы оқытуда педагогикалық инновациялық әдістер мен педагогикалық технологияларды пайдаланудың пайдасы зор, себебі барлық жағынан ойластырылған оқу және педагогикалық іс-шаралардың жобаланған моделі, оқу үрдісін ұйымдастыру және жүргізуде студент пен мұғалімге барлық ыңғайлы жағдай туғызады және педагогикалық технология оқу процесін толық меңгеру идеясын іске асыруды болжайды.

Қорытынды

Еліміздің жарқын болашағы, оқу орнындағы бүгінгі жас ұрпақтың терең білім, үлгілі тәрбие алуына байланысты. Заман талабына сай оқу үрдісіндегі өзгерістерді қабылдай отырып, өз пәндерімізге тиімді заманауи педагогикалық технологияларын пайдалануымыз керек.

Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар студенттің оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы бұл қандай да

болсын істегі, шеберліктегі амалдардың жиынтығы.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алуын және дамуын мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Инновациялық технологияның студенттердің сапалы білім алуларына тигізер пайдасы өте зор, атап айтқанда: түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан-жақты жетілдіреді, дамытады; тақырыптан қалып кеткен немесе дұрыс түсінбеген тақырыпты қосымша қайталауға мүмкіндік беріледі; пәнге қызығушылығы, үздіксіз ізденісі артады; ойлау, есте сақтау, пікірталасқа түсу қабілеті дамиды.

Инновациялық технологияның мүмкіндіктерін атай келе, осы технологияны меңгерудегі мұғалімнің кәсіби шеберлігі, ақпараттық технологияны дұрыс және ұтымды қолдана алуы басты мәселе. Әрбір мұғалімнің мақсаты — оқытудың барлық компоненттерін пайдалана отырып, студентке терең білім беру, әрбір студентті жан-жақты етіп тәрбиелеу.

Математика — ғылым патшасы, ал математика пәнінің мұғалімі баланың бойындағы ақыл, білім, парасат, сабырлық, шығармашылық қасиеттерін бойынан аша білетін тұлға. Қазіргі уақытта математиканы оқытудың мазмұнын ашуды жүзеге асыру үшін жаңа инновациялық технология құралдары ауадай қажет. Қазіргі инновациялық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы танымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып, студенттердің құзыреттілігін дамытуға болады.

Оқыту үрдісінде оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, оқу материалын игерудің тиімді жолдары мені жаңа материалды баяндауда барлық жаңа инновациялық технологиялар, әдістер және жаңа жолдар әрқашан қызықтырады, қазіргі инновациялық технологиялар мұғалімге оқытуды жоғары

деңгейге жетуіне мүмкіндік береді. Мен өзімнің сабақтарымда оқытудың ұйымдастыру формаларының жеке, топтық, ұжымдық жұмыс жасау түрлерін пайдаланамын. Сабақта, сабақтан тыс кезде оқушылардың шығармашылықпен айналысуына, өз бетінше жаттығулар орындауына мүмкіндік жасауымыз керек.

Математика сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолданған жақсы нәтиже береді.

Жаңа инновациялық технологияларды қолдану студенттерді іздемпаздық дағдыларын, шығармашылық жобаларын іске асыруға үйретеді. Алған білімдерін іс жүзінде қалай қолдануын тереңірек түсіндіреді, белсенділік, өз бетімен жұмыс жасау сияқты өмірге қажетті қасиеттерді қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Карымсакова, А., Ахаева, Ж., Касымова, А.* Информационно-образовательные порталы как дополнительный ресурс обучения информатике в общеобразовательной школе // Вестник КЭУ. Сер. Педагогика. 2021. № 4 (63). С. 52 – 59.

2. *Велько, О. А., Кепчик, Н. В.* Эвристическое занятие «Графы как инструмент моделирования процессов природы и общества» // Матэматыка. — 2020. — № 6. — С. 12 – 20.

3. *Кепчик, Н. В., Рабцевич, Т. И., Яблонская, Н. Б.* Опыт реализации технологии эвристического обучения при изучении дисциплины «Высшая математика» // Матэматыка. — 2020. — № 1. — С. 3 – 10.

4. Білім туралы // Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. — Алматы : Литера, 2000. — 96-б.

5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2004. — 28-б.

6. *Әбілқасымов, А. Е., Көбесов, А. К., Рахымбек, Д., Кенеш, Ә. С.* Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. — Алматы : Білім, 1998. — 208-б.

7. *Раджерс, Э.* Инновация туралы түсінік // Қазақстан мектебі, «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру». — 2011. — № 4.

8. *Көшімбетова, С.* Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. — Алматы : Білім, 2008.

*Нурлан МИНЖАНОВ, доктор педагогических наук,
профессор, minganovnl@mail.ru*

*Гаухар МИНЖАНОВА, кандидат педагогических наук,
заведующая кафедрой иностранного языка, gao_@mail.ru*

*(Карагандинский университет Казпотребсоюза,
100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9)*

ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВЛЕННОСТЬ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО СЛЕДОВАТЕЛЯ

Аннотация. Изменения, происходящие в профессиональной и педагогической деятельности профессорско-преподавательского состава учебных заведений Республики Казахстан по обучению и воспитанию будущих следователей, объективно обуславливают необходимость в разработке основных положений теории профессионально-педагогической подготовки. Целью являлось обоснование условий формирования профессионально-педагогической подготовленности личности будущего следователя в учебных заведениях Республики Казахстан.

Ключевые слова: Профессионально-педагогическая подготовка студентов, педагогический эксперимент, результаты, компоненты, критерии, показатели, модель, структурные элементы, уровни подготовленности.

*Нурлан МИНЖАНОВ, педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, minganovnl@mail.ru*

*Гаухар МИНЖАНОВА, педагогика ғылымдарының кандидаты,
жетел тілі кафедрасының меңгерушісі, gao_@mail.ru*

*(Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті,
100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш., 9)*

БОЛАШАҚ ТЕРГЕУШІНІҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

Аннотация. Қазақстан Республикасы оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамының болашақ тергеушілерді оқыту және тәрбиелеу жөніндегі кәсіби және педагогикалық қызметінде болып жатқан өзгерістер кәсіби-педагогикалық даярлық теориясының негізгі ережелерін әзірлеу қажеттілігін объективті түрде негіздейді. Мақсаты Қазақстан Республикасының оқу орындарында болашақ тергеушінің жеке басының кәсіби-педагогикалық дайындығын қалыптастыру шарттарын негіздеу болды.

Негізгі сөздер: Студенттерді кәсіби-педагогикалық даярлау, педагогикалық эксперимент, нәтижелер, компоненттер, критерийлер, көрсеткіштер, модель, құрылымдық элементтер, дайындық деңгейлері.

*Nurlan MINZHANOV, Doctor of Pedagogical Sciences,
Professor, minganovnl@mail.ru*

*Gauhar MINZHANOVA, Candidate of Pedagogical Science,
Head of the Department of Foreign Languages, gao_@mail.ru*

*(Karaganda University of Kazpotrebsoyuz,
100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya st., 9)*

PROFESSIONAL AND PEDAGOGICAL READINESS OF THE PERSONALITY OF THE FUTURE INVESTIGATOR

Annotation. The changes taking place in the professional and pedagogical activities of the teaching staff of educational institutions of the Republic of Kazakhstan for the training and education of future investigators objectively determine the need to develop the basic provisions of the theory of professional and pedagogical training. The purpose was to substantiate the conditions for the formation of professional and pedagogical readiness of the personality of the future investigator in educational institutions of the Republic of Kazakhstan.

Keywords. Professional and pedagogical training of students, pedagogical experiment, results, components, criteria, indicators, model, structural elements, levels of preparedness.

Введение

Глубокие изменения, происходящие в настоящее время в профессиональной и педагогической деятельности преподавателей, специалистов воспитательных структур учебных заведений РК по обучению и воспитанию студентов, объективно обуславливают необходимость в разработке основных положений теории профессионально-педагогической подготовки как систематизированной, логически связанной совокупности педагогических научных знаний, содержащих целостное описание, объяснение и предсказание функционирования данного вида подготовки в интересах более эффективного решения правоохранительных задач. **Целью** являлось обоснование условий по формированию профессионально-педагогической подготовленности личности будущего следователя в Карагандинском университете Казпотребсоюза.

Теоретические предпосылки

Анализ истории становления и развития профессионально-педагогической подготовки будущих следователей показывает, что она осуществлялась в основном на базе накопленного практического опыта, отдельных теоретических взглядов и представлений.

Проблема профессионально-педагогической подготовки ранее изучалась и освещена в научных работах И. В. Горлинского [1], А. Ф. Дунаева [2], А. С. Батышева [3], Ю. В. Наумкина [4], А. М. Столяренко [5],

Ф. М. Зезюлина [6], В. Я. Кикоть [7], Г. А. Мухиной [8], С. Ф. Сердюк [9], А. Ф. Тарасова [10], А. И. Числова [11], А. В. Буданова [12], А. И. Латковой [13] и др.

В них отмечается, что деятельность следователей органически, объективно включает в себя педагогическое наполнение в виде особых задач, форм, методов, приемов, условий, влияний, результатов и так далее. Поэтому ее эффективность зависит от качества их профессионально-педагогической подготовленности.

Поскольку педагогическая подготовленность студентов учебных заведений РК — составная часть их профессиональной подготовленности, то их педагогическая подготовка выступает как вид профессиональной подготовки.

Материалы и методы

Для проведения опытно-экспериментальной проверки программы формирования и развития профессионально-педагогической подготовленности в контрольной и экспериментальной группе (в количестве 20 человек в каждой) нами были избраны студенты 3 курса Карагандинского университета Казпотребсоюза. Группы являлись сопоставимыми, то есть большинство студентов 3 курса пришли учиться сразу после общеобразовательной школы и не имели профессионального образования и опыта работы, следовательно, у них не могли быть развиты профессионально важные качества (табл. 1).

Таблица 1 — Сформированность профессионально-педагогической подготовленности студентов экспериментальной и контрольной групп (1-й «срез»), %

Показатели	Экспериментальная группа	Контрольная группа
Высокий уровень	10,6	11,7
Средний уровень	18,3	17,5
Низкий уровень	71,1	70,8

Проведение формирующего эксперимента осуществлялось путем последовательного прохождения нескольких этапов:

- пилотажного исследования;
- подготовительного, состоящего, в свою очередь, еще из нескольких этапов;
- основного, в ходе которого непосредственно проводился эксперимент;
- заключительного, в ходе которого подведены итоги эксперимента.

Результаты и обсуждения

Результатом завершающего этапа формирования профессионально-педагогической подготовленности личности будущего следователя является схема возникновения

согласованности между всеми компонентами профессионально-педагогической подготовленности, что выражается в появлении чувства удовлетворения от проявлений понимания, соперничества, содействия в отношении окружающих людей, а также в умении противодействовать негативным явлениям окружающей действительности.

Намеченная схема может служить, на наш взгляд, примерным ориентиром для формирования профессионально-педагогической подготовленности студентов в условиях учебных заведений Республики Казахстан. Причем, примерный характер этой схемы отражает тот факт, что временные границы подвижны и

качественные черты каждого последующего этапа закладываются в ходе предшествующего.

Этап формирования ознаменовался необходимостью изучения спецкурса «Профессионально-педагогическая подготовка будущего следователя», призванного более содержательно и целенаправленно подготовить студентов. При разработке содержания спецкурса мы исходили из того, что данный курс должен быть тесно связан с изучением психолого-педагогических дисциплин и является их логическим продолжением. Изучение спецкурса предполагает наличие таких мероприятий, как прослушивание лекционного материала, выполнение практических заданий, самостоятельная работа с психолого-педагогической литературой по теоретическому осмыслению вопросов и дальнейшему практическому применению.

При этом в контрольной группе обучение осуществлялось на основе нормативных программ.

Установление целесообразности вносимых в учебно-воспитательный процесс изменений выступило основной задачей опытно-экспериментальной работы. О результативности программы формирования и развития профессионально-педагогической подготовленности будущих следователей свидетельствовали данные основных «срезов» (до начала и по окончании эксперимента) и промежуточных, указывающих на эффективность развивающей деятельности в рамках каждого из этапов. Анализ результатов «срезов» позволил выявить позитивные изменения в формировании и развитии студентов экспериментальной группы.

Данные основных «срезов» показали положительную динамику развития компонентов и основных элементов профессионально-педагогической подготовленности студентов учебных заведений РК (таблицы 2, 3).

Таблица 2 — Оценка развития компонентов профессионально-педагогической подготовленности студентов

Компоненты	Экспериментальная группа		Контрольная группа	
	Экспертная оценка	Самооценка	Экспертная оценка	Самооценка
	Средний балл			
Мотивационно-целевой	4,6	4,8	3,38	4,07
Содержательный	4,21	4,5	3,71	4,13
Результативный	4,29	4,34	3,46	4,04

Повышение показателя оценки развития компонентов профессионально-психологической подготовленности студентов в экспериментальной группе составило 0,8-1,03 балла, в контрольной — 0,2-0,6 балла.

По окончании опытно-экспериментальной работы в экспериментальной группе было выявлено, что доля студентов с низким уровнем развития профессионально-педагогической подготовленности составила 16,2 %, в отличие от

контрольной — 57,3 %. В качестве критериев оценки уровня развития профессионально-педагогической подготовленности выступили педагогическая образованность, педагогическая убежденность, педагогическая активность и педагогические умения, необходимые следователю в служебной деятельности.

Установлена эффективность формирующей деятельности на отдельных ее этапах, проявившаяся в:

Таблица 3 — Сформированность профессионально-педагогической подготовленности студентов экспериментальной и контрольной групп (2-й «срез»), %

Показатели	Экспериментальная группа		Контрольная группа	
Высокий уровень	10,6	24,9	11,7	12,9
Средний уровень	18,3	27,6	17,5	17,9
Низкий уровень	71,1	47,5	70,8	69,2

- высокой мотивированности на развитие профессионально-педагогической подготовленности большего числа студентов экспериментальной группы (3,8 балла по 5-балльной шкале);

- наличии системы знаний о профессии, характеризующихся совокупностью необходимых качеств (82,2 % положительных отметок по итогам дифференцированного зачета);

- возрастании числа студентов с позитивным отношением к занятиям и процессу формирования и развития компонентов в профессионально-педагогической подготовленности (от 57,2 % до 91,8 %);

- осознании ее значимости для профессии следователя (60,8 % указали на высокую значимость) и так далее.

Таким образом, результаты начального, промежуточного и последнего среза позволяют

судить об эффективности проделанной работы. Действенность предлагаемой нами системы воспитательных средств определялась с помощью целого комплекса диагностических процедур, в том числе путем сравнения сдвигов в уровне сформулированности профессионально-педагогической подготовленности личности у студентов экспериментальных и контрольных учебных групп. За многолетний период своей исследовательской работы мы попытались осуществить такое сравнение на обширном материале самых разных по местным условиям учебных групп в учебных заведениях. В итоге были получены данные, убедительно подтвердившие высокую эффективность экспериментальной системы воспитания профессионально-педагогической подготовленности студентов по сравнению с традиционной, применявшейся подавляющим большинством педагогов заведений РК.

Реализация этой системы неизменно привела к тому, что студенты с первым и вторым уровнем профессионально-педагогической подготовленности (наиболее значимый показатель) оказывалось в экспериментальных группах в 2 раза больше, чем в контрольных учебных группах (с аналогичной исходной профессионально-педагогической подготовленностью). В контрольных группах численность студентов с первым уровнем профессионально-педагогической подготовленности если и сокращалась, то незначительно.

В связи с чем эффективность раскрытия содержания спецкурса определяется наличием следующих условий:

а) до начала изучения спецкурса должны быть пройдены все основные педагогические дисциплины;

б) спецкурс должен быть прочитан до учебной практики.

Однако спецкурс обеспечивает освоение лишь содержательной стороны исследуемой нами подготовленности. Содержательная сторона предлагается быть формулируемой в ходе учебной практики. В соответствии с этим определены практические задания для выполнения в процессе стажировки, которые составляют третий блок формирующих действий.

После прохождения учебной стажировки обсуждаются результаты проделанной работы, просмотр дневников и собранного материала, выставляются оценки.

Приведенные данные результатов изменения критериев психолого-педагогической подготовленности студентов свидетельствуют о необходимости специального формирования исследуемой подготовленности (таблицы 4, 5), что подтверждают наглядные данные изменения уровня подготовки студентов.

Система профессионально-педагогической подготовки студентов вузов РК выступает важным элементом в общей профессиональной подготовке специалистов и должна носить пролонгированный, гибкий и дифференцированный характер.

Таблица 4 — Сформированность профессионально-педагогической подготовленности студентов экспериментальной и контрольной групп (3-й «срез»), %

Показатели	Экспериментальная группа			Контрольная группа		
Высокий уровень	10,6	24,9	48,4	11,7	12,9	13,3
Средний уровень	18,3	27,6	35,4	17,5	17,9	29,4
Низкий уровень	71,1	47,5	16,2	70,8	69,2	57,3

Изучение практики профессионально-педагогической подготовки студентов в Карагандинском университете Казпотребсоюза, целенаправленное и длительное наблюдение за педагогической подготовкой, анализ теоретических источников по данной проблеме, показало, что по своей сущности, профессионально-педагогическая подготовка студентов является общественно обусловленным социальным явлением, обеспечивающим подготовку специалистов высшей квалификации для с четко обозначенными структурными элементами.

Таким образом, проведенное исследование показало, что максимальное использование потенциала педагогического процесса в

совершенствовании профессионально-педагогической подготовки студентов вузов РК предполагает [14, 15, 16, 17]:

- четкую постановку учебно-воспитательных целей профессионально-педагогической подготовки;

- качественный отбор и логическое построение содержания профессионально-педагогической подготовки;

- реализацию данного содержания через наиболее эффективные технологии обучения и воспитания;

- комплексное использование различных педагогических приемов, методов и средств для эффективности профессионально-педагогической подготовки студентов вузов РК;

- наличие высокого уровня квалификации руководящего, профессорско-преподавательского

состава, всех административных работников вузов РК.

Таблица 5 — Динамика роста уровней компонентов профессионально-педагогической подготовленности студентов на различных этапах опытно-педагогической работы

Компоненты профессионально-педагогической подготовленности	Уровни профессионально-педагогической подготовленности					
	Контрольная группа			Экспериментальная группа		
	высокий	средний	низкий	высокий	средний	низкий
Мотивационно-целевой	16,3	49,1	34,6	39,7	54,1	6,2
Содержательный	16,8	47,3	35,9	48,4	43,3	8,3
Результативный	17,0	46,1	36,9	41,1	55,8	3,1

Выводы

Анализ результатов опытно-экспериментальной работы позволил выделить и обосновать основные педагогические условия, обеспечивающие успешное формирование профессионально-педагогической подготовленности личности студентов в процессе его подготовки:

- программно-целевая и профессиональная направленность учебно-воспитательного процесса;

- опора на личностно-деятельностный и культурологический подход;

- учет структурного взаимодействия всех компонентов профессионально-педагогической подготовленности будущего следователя (мотивационно-целевого, содержательного и результативного);

- комплексное воздействие преподавателей на интеллектуальную, эмоционально-волевою и деятельностьную сферу личности студента;

- единство формирования всех элементов профессионально-педагогической подготовленности (педагогическая образованность, педагогическая убежденность, педагогическая активность и педагогические умения);

- моделирование в учебно-воспитательном процессе педагогических ситуаций и условий деятельности, воспроизводящих будущую деятельность следователя;

- учет индивидуально-психологических особенностей личностного развития студента;

- использование педагогической системы «Студент — преподаватель — учебный коллектив»;

- стимулирование самостоятельности студентов;

- планирование, организация, регулирование и контроль в движении к заданному уровню развития профессионально-педагогической подготовленности личности студента в условиях учебных заведений Республики Казахстан

Список литературы

1. Горлинский, И. В. Педагогическая система гибкого обучения специалистов в высших учебных заведениях России. — М., 1997. — 175 с.

2. Основы педагогики высшей и средней специальной школы в системе МВД / под ред. И. В. Горлинского. — М., 1992. — 164 с.

3. Психология и педагогика в профессиональной подготовке сотрудника ОВД / под ред. А. Ф. Дунаева, А. С. Батышева. — М., 1993. — 231 с.

4. Психология. Педагогика. Этика / под ред. Ю. В. Наумкина. — М., 1999. — 344 с.

5. Юридическая педагогика в МВД / под ред. А. М. Столяренко. — М., 1997. — 273 с.

6. Зезюлин, Ф. М. Совершенствование подготовки слушателей (курсантов) вузов МВД к действиям против вооруженного правонарушителя: дис. ... канд. пед. наук. — М., 1995. — 178 с.

7. Кикоть, В. Я. Формирование культуры профессионального общения у курсантов училищ ВВ МВД России : дис. ... канд. пед. наук. — СПб., 1994. — 156 с.

8. Мухина, Г. А. Формирование профессионализма у курсантов юридических институтов МВД будущих следователей : дис. ... канд. пед. наук. — СПб., 1998. — 145 с.

9. Сердюк, С. Ф. Педагогические аспекты управления в коллективе среднего специального заведения МВД СССР : дис. ... канд. пед. наук. — М., 1990. — 164 с.

10. Тарасов, А. Ф. Воспитание педагогической культуры у слушателей — будущих организаторов воспитательно-правовой работы в ОВД : дис. ... канд. пед. наук. — СПб., 1996. — 154 с.

11. Числов, А. И. Профессиональная деятельность сотрудника милиции (теоретико-правовой аспект) : дис. ... канд. юрид. наук. — СПб., 1997. — 178 с.

12. Буданов, А. В. Реализация комплексного решения задач обучения и воспитания в ходе учебного процесса // Профессиональное воспитание в учебном процессе образовательных учреждений МВД России. — М., 1997. — С. 45 – 51.

13. Латкова, И. А., Колонтаевская, И. Ф. Профессиональная педагогика в деятельности руководителя органа, подразделения внутренних дел // Профессиональная педагогика в работе с персоналом органов внутренних дел. — М., 1995. С. 67 – 72.

14. Минжанов, Н. А. Личность как субъект управленческого аспекта педагогической

